	<p>қандай құралдар қажет? Аула тазалаушы күзде не жинайды? Ол кімдер үшін қызмет етеді? Зерттеу жұмысы: Тазалық жұмысы кезінде жерден шаң ұшады, ал су сеуіп сыпырса шаң ұшпайды Себебі ылғал шаңның көтерілуіне кедергі жасайды. Еңбек: Аула тазалаушыға көмектесу Мақсаты: Еңбексүйгіштікке, үлкендер еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу Қ/О: «Қармақ» Мақсаты: ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу: Жаттығу</p>	<p>жеуге жарамсыздар — арамқұлақ, мухомор.) Жеуге жарамды және жеуге жарамсыз саңырауқұлақтардың айырмашылығы неде? (Жеуге жарамдыларды тамаққа пайдаланады, жарамсыздар улы болады) ♦Саңырауқұлақтардан қандай тамақ дайындайды? (Саңырауқұлақ көжесі, тұздық, оларды кептіруге, тұздауға, маринадтауға болады) Еңбек:Алаңда тазалық жұмыстарын жүргізу Мақсаты: еңбексүйгіштікке, үлкендерге көмекке келуге тәрбиелеу Қ/О: «Допты басқарушыға бер». Мақсаты: допты екі қолмен қағып алу және лақтыруға жаттықтыру Жаттығу ойындары: Қозғалысты дамыту. Мақсаты: қозғалыс іскерліктері мен дағдыларын дамыту және қалыптастыру. Халық болжамы: Жазда саңырауқұлақ көп болса, қыс қатты болады</p>	<p>беруге тиіс пе? (иә) ♦Неге? (Олар адамдарға көмекке асығады.) ♦Оларды атаңдар. («Жедел жәрдем», өртсөндіру және милиция .) Еңбек. Тәрбиешімен бірге сынған, құлаған құрғақ бұтақтарды жинау Мақсаты:Жұмыс уақытында ұқыпты болуға баулу. Қ/О: «Аюлар мен аралар», «Допты бер». Мақсаты: — гимнастикалық қабырғамен аяқты алмастыра отырып өрмелеу; — допты лақтыруға және қағып алуға жаттықтыру Жаттығу ойындары: Секіргіш жіппен секіру жаттығулары. Мақсаты; алға, артқа айналдыра отырып секіруге жаттықтыру. Мақал: «Сақтықта қорлық жоқ»</p>	<p>дамыту. «Қояндар мен түлкі». Мақсаты: тез жүкіру дағдыларын дамыту Жаттығу ойындары: Бір-біріне доп лақтыру Мақсаты: жылдамдықтары мен ептіліктерін дамыту Мақал-мәтел: Қыз өссе елдің көркі, Гүл өссе жердің көркі.</p>	<p>жүргізіледі)Қысқа ең алғашқы дайындалатын қай ағаш? (қайың) Д/О. «Аталған ағашта тап». «Бір, екі, үш, қайыңға (терекке) қарай ұш!». Мақсаты: мәтінге сай қимыл жасауды үйрету, аталған ағашты табу Зерттеу қызметі Гербарий үшін қайың және терек жапырағын жинау (айырмашылықтарын атау) К/О: «Қасқыр қақпан» Мақсаты: Жылдамдыққа, ептілікке баулу Жаттығу ойындары: Қозғалысты дамыту Мақсаты: Бөрене үстімен жүруге жаттықтыру Тыйым сөздер: Ағашты кеспе Ағаш бұтағын сындырма Ағаш жапыраған жұлма</p>
--	---	---	---	---	--

	ойындары: Жүкіру техникасын жақсарту Мақсаты: қозғалыстары н дамыту Мақал: «Еңбек етпеген ішіп-жемей				
Серуенне оралу	Балалардың киімдерін жүйелі түрде шешу, өлеңдерді, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, жаңылтпаштар, санау және т. б. (көркем, тәуелсіз ойын әрекеті) «Суды үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру (Біртұтас тәрбие)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Ақсерек-көксерек. Бұл ойынды ойнау үшін балалар екі топқа бөлінеді, қолдарынан ұстап тұрады. Ара қашықтық 20-30 қадам. 1-ші топ. Ойынды бастайды: Ақсерек-ау ақсерек Бізден сізге кім керек. 2-ші топ Ақсерек –ау ақсерек Жаман-жаман бала аты (бала аты) керек Аты аталған бала келесі	Қуыр-қуыр қуырмаш. Оң қолдың бес саусағын бір жерге түйістіреді де, сол қолымен оны бүрмелеп қапсыра ұстайды. Содан соң екінші балаға: ортаңғы саусағымды тапшы, – дейді. Екінші балаға қарап байқап отырады да, міне, –деп бір саусақтың басынан шымшып ұстап тұрады. Егер екінші бала жасырушының ортаңғы саусағын дәл тапса, ұпайды бірінші бала тартады. Ұтқан бала ұпай алу үшін мына ережелермен сөздерді жақсы білуі керек. (Біртұтас тәрбие Ұлттық құндылық), (Дене шынықтыру**)	«Асықойыны». Бұл – балалардың ежелгі спорттық ойыны. Тақыр алаңға көлденеңінен түзу сызық сызады да, соны бойлай тігілген кенейді кезектесіп сақамен ату арқылы мергендік сынасады (Біртұтас тәрбие), (Дене шынықтыру**)	Ақсерек-көксерек. Бұл ойынды ойнау үшін балалар екі топқа бөлінеді, қолдарынан ұстап тұрады. Ара қашықтық 20-30 қадам. 1-ші топ. Ойынды бастайды: Ақсерек-ау ақсерек Бізден сізге кім керек. 2-ші топ Ақсерек –ау ақсерек Жаман-жаман бала аты (бала аты) керек Аты аталған бала келесі топқа дейін жүгіріп барып ортасынан ұстасқан қолдарды ажыратып кету керек. Егер өтіп кетсе сол топтан бір баланы тобына алып қайтады, өте	Қуыр-қуыр қуырмаш. Оң қолдың бес саусағын бір жерге түйістіреді де, сол қолымен оны бүрмелеп қапсыра ұстайды. Содан соң екінші балаға: ортаңғы саусағымды тапшы, – дейді. Екінші балаға қарап байқап отырады да, міне, –деп бір саусақтың басынан шымшып ұстап тұрады. Егер екінші бала жасырушының ортаңғы саусағын дәл тапса, ұпайды бірінші бала тартады. Ұтқан бала ұпай алу үшін мына ережелермен сөздерді жақсы білуі керек. (Біртұтас тәрбие Ұлттық құндылық), (Дене шынықтыру**)

	топқа дейін жүгіріп барып ортасын ан ұстасқа н қолдард ы ажырат ып кету керек. Егер өтіп кетсе сол топтан бір баланы тобына алып қайтады , өте алмаса сол топта қалады. Ойын осылай жалғаса береді. (Біртұтас тәрбие Ұлттық құндылық), (Дене шынықтыр у**)			алмаса сол топта қалады. Ойын осылай жалғаса береді. (Біртұтас тәрбие Ұлттық құндылық),(Дене шынықтыру**)	
Балалармен жеке жұмыс	Мансұр	Айлин	Азиз	Димаш	Адина

	Танымдық және зияткерлік дағдылар Математикадан 5 шегінде санау дағдысын қалыптастыру	Шығармашылық дағдылар, зерттеу қызметі Қайшыны дұрыс ұстау және оларды пайдалану қабілеттерін қалыптастыру	Әлеуметтік-эмоционалды дағдылар Гүлді өсімдіктер туралы білімді бекіту	Танымдық және зияткерлік дағдылар Құрылыс материалдарының бөлшектерін дұрыс атай білу қабілетін дамыту	Қарым-қатынас дағдылары БҚР бекіту бойынша жеке жұмыс: «С», «З» дыбыстары
ЕББҚЕБ	Медина,Ерасыл Жанды табиғат « Күзгі ағаш» суреттерін бояу Ауыр жеңіл заттарды тауып қоршау.Дос туралы әңгімелесу сөз қорындамыту.(арнайы түзету іс-әрекеттері *****)	Медина,Ерасыл Алмұрттың суретін бояу. Оларды көрсетуге дағдыландыру. Жемістердің суретін көрсету арқылы тауып алу. (арнайы түзету іс-әрекеттері *****)	Медина,Ерасыл Жекелеген сөздерді қайталау « тұр, отыр, жүр, секір» Жемістердің суретін бояу(арнайы түзету іс-әрекеттері *****)	Медина,Ерасыл 1 және 2 суретін штрихтау жүзім суретін бояу. Үйде жеген тамақтарын еске түсіру.(арнайы түзету іс-әрекеттері *****)	Медина,Ерасыл Тостаған суретін бояу Үйшік ертегісін сурет арқылы мазмұндау(арнайы түзету іс-әрекеттері *****)
Балалардың үйге қайтуы	Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінезқұлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.: - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру Ата –аналарға кеңес Үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт. Баламен жағымды эмоционалды жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Есіңізде болсын Сіз көбірек осындай жылылық білдірсеңіз Сіздің балаңыз мектепке тез бейімделеді. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. «Суды үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру Жаднама тарату (Біртұтас тәрбие.Экологиялық тәрбиеберу)				

Менмен зерттеушілеріңізді оқытуға қолыңызды қосыңыз. С.Т. Ш. Емеева

Тәрбиелеу - білім беру үдерісінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Кәкімбек Салықов атындағы орта мектеп»КММ

Мектепалды сыныбы 0«А»

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 16.09-20.09 2024-2025 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 16.09	Сейсенбі 17.09	Сәрсенбі 18.09	Бейсенбі 19.09	Жұма 20.09
Балаларды қабылдау.	«Эхо» сәлемдесуі Мақсаты: топта сенім атмосферасын құруды жалғастыру; топтық үйлесімділік пен эмоционалды экспрессивтілікті, зейінді, реакция жылдамдығын дамыту. Әр бала өз атын айтады. Барлық басқа балалар, жаңғырық сияқты, оны қайталайды. . (Қазақ тілі, қоршаған ортамен танысу) «Күй күмбірі» :«Адай» авторы : Құрманғазы (Біртұтас тәрбие),(Музыка****)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата – аналар мен баланың денсаулығы,тәрбиелеу,дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелер,кеңестер				
Таңертеңгі жаттығу	Кешенді жаттығу	Кешенді жаттығу	Кешкенді жаттығу	Кешенді жаттығу	Кешенді жаттығу
Балалардың дербес әрекеті (баяуқимылды ойындар, Үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Логикалық ойын: «Не артық» Мақсаты: Суретте көрсетілген артық суретті алып тастап, дәрігерге керекті заттардың суретін қоя алады. (Зерттеу іс әрекеті)	Қимылды ойын: «Кім жылдам» Мақсаты: Түрлі-түсті стакандардан биік ғимарат құрастыру. Құрастыру бойынша балалар іс-әрекеті (Біртұтас тәрбие)	Дидактикалық ойын «Бұл не? Кімге керек?» Мақсаты: Мектеп қызметкерлері мен қажет құралдарымен таныстыру. (Қарым-қатынас іс-әрекеті)	Фотосуреттер қарастыру «Менің отбасым». Мақсаты: Фотосуретте бейнеленген отбасы мүшелерін атау (Қарым-қатынас іс-әрекеті)	Дербес ойын «Мозайка» Мақсаты: Балалар мазайканың ұсақ бөліктерін орналастыру дағдыларын қалыптастыру Құрастыру бойынша балалар іс-әрекеті (Біртұтас тәрбие)
Таңертеңгі жаттығу	Бір қатармен жүру.Жүру түрлері: ұшымен, қол жоғары; өкшемен қол иықта; тізені жоғары көтеріп, қол белде Жүгіру түрлері: бір қатармен;. Шеңберге түру. Б.қ. – н.т., таспалар төмен				

	<p>1.Таспалар жоғары көтеру, сермелеу.2.Б.қ.3. Таспалар жоғары көтеру, сермелеу. 4.Б.қ. (5-6 рет) Б.қ. аяқты кең ашып тұрысы, таспалар белде 1.Оң жаққа бұрылыс, таспалар жан-жаққа.2.Б.қ.3.Сол жаққа бұрылыс, таспалар жан-жаққа.4.Б.қ. (5-6 рет) Б.қ. – н.т., таспалар иықта 1.Жартлай отыру, таспалар алдында.2.Б.қ.3.Жартлай отыру, таспалар алдында 4.Б.қ. (5-6 рет) Б.қ. н.т., таспалар төмен 1.Тізені жоғары көтеріп, қол жан-жаққа.2.Б.қ.3.Тізені жоғары көтеріп, қол жан-жаққа.4.Б.қ. Б.қ. – н.т., таспалар жанжақта Оң-сол жаққа бұрылып секіру Жүгіру. Бір қатармен жүру. Тыныс алу жаттығу«Үйректер ұшады» - жайлап зал ішімен жүру; демін ішке жұтып, қолдарын жанына қарай көтеру, «Г-а-а-а» деген дыбысты ұзақ созып демін сыртқа шығарып қолдарын түсіреді.(3-4 рет)(Музыка****)</p>				
Ұйымдастырылған іс-әрекеке дайындық	<p>Біртұтас тәрбие: Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы Апта дәйексөзі: Еңбек түбі — береке.Көптің түбі — мереке. (мақал-м»тел)</p>				
	<p><u>ҚР Әнұранын тыңдау</u> <u>(Музыка****)</u></p>	<p>(Қарым-қатынас іс-әрекеті) Қимылды ойын «Ұшады-ұшпайды» Мақсаты: Құстар мен заттардың айырмашылығын табу (Қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>«Абай бол» ойыны Мақсаты:жол ережелерін үйрету (Біртұтас тәрбие. Жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу)</p>	<p>Р, Ш, Д дыбыстарынан басталатын жұмбақтар жасыру, оны шешу (Қарым-қатынас іс-әрекеті),(қазақ тілі***)</p>	<p>Дидактикалық ойыны «Түстерді анықта?» Мақсаты: Балаларды түстерді анықтай білулеріне жаттықтыру (Зерттеу іс әрекеті)</p>
Білім беру ұйымының кестесі Бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет*	<p>1.Сөйлеуді дамытуы Күз бояуы Мақсаты: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеуді үйрету Міндеті: Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік</p>	<p>1.Сауат ашу негіздері Дауысты дыбыстар Мақсаты: дауысты дыбыстарды ажыратуды үйрету Міндеті: Сөздерді дыбыстық талдау Сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты дыбыстарды анықтау. «Сұрақ-жауап»әдісі арқылы қайталау.</p>	<p>1.Математика негіздері 2 саны және цифры Мақсаты: сандарды ретімен айтуға үйрету Міндеті:2 цифрмен таныстыру Дидактикалық ойын «Аңдарды қоректендір» дидактикалық ойын</p>	<p>1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Менің атам Мақсаты: : Суретке қарап, әңгіме құрауды, буынға бөлуді дамыту. Міндеті: Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу</p>	<p>1.Қоршаған орта Жабайы жануарлардың тіршілігіндегі күзгі және қысқы өзгерістер Мақсаты: Жабайы жануарлар туралы мәлімет беру Міндеті: Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атау және олардың өздеріне тән</p>

<p>құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу</p> <p>Дид.ойын «Күзгі орманға саяхат»</p> <p>Мақсаты: Күз мезгілі туралы жалпы білімдерін қалыптастыру.</p> <p>Дид.ойын: «Бізге күз не әкелді?»</p> <p>Мақсаты: Күз бізге не әкелгені туралы білімдерін бекіту. Көкөністер мен жемістердің адам ағзасына пайдасы туралы ұғымдарын бекіту. Ойын арқылы түстерді, жемістер мен көкөністерді ажырата және атай білуге үйрету.</p> <p>Қ.Баянбаевтің «Күз бояуы» өлеңімен танысып, жаттау. Өлеңді педагог бірінші мәнерлеп оқып береді.</p>	<p>1.Дыбысдеген не?</p> <p>2.Қандай дыбыстарды дауысты дыбыстар деп атаймыз?</p> <p>Дид.ойын: «Кім жылдам?»</p> <p>Мақсаты: дауысты дыбыстардың басталатын сөздерді анықтау</p> <p>Үзік сызықтарды бастыру <i>(графикалық жұмыс)</i></p> <p>2.Қоршаған ортамен танысу</p> <p>Тақырыбы: Жанды және жансыз табиғат</p> <p>Мақсаты: жанды және жансыз табиғатты ажыратуды үйрету</p> <p>Міндеті: Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сүңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр); өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу</p> <p>Дид .ойын «Жанды,жансыз»</p> <p>Ойынның мақсаты: Суреттердегі жанды, жансыз заттарды айыра білуге үйрету.</p> <p>Дид.ойын «Кім жылдам?»</p> <p>Мақсаты: адам қолымен жасалатын заттардан өлі</p>	<p>Мақсаты: 2 саны, және цифры туралы алғашқы білімдерін бекіту; қоршаған орта туралы білімдерін кеңейту.</p> <p>Ойын-жаттығу.«Бір немесе екіден тұрған заттарды тап».</p> <p>Мақсаты: адам ағзасынадағы бір немесе екіден кездесетін мүшелерді атату</p> <p>Жұмыс дәптермен тапсырмаларды орындату</p> <p>2.Сауат ашу</p> <p>Дауысты дыбыстар</p> <p>Мақсаты: Сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты дыбыстарды анықтайды жазу кезінде арқаны және қолдарды дұрыс ұстау ережелерімен таныстырады</p> <p>Міндеті: Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты дыбыстарды анықтау</p> <p>Артикуляциялық жаттығу жасау.</p> <p>«Күрекше», «Ине», «Төбешік», «Түтікше».</p> <p>«Кім көп сөз айтады?» дидактикал</p>	<p>Дид .ойын «Бес саусақ»</p> <p>Мақсаты: Санамақ арқылы отбасы, әулет ұғымдарымен таныстыру, сыйластыққа тәрбиелеу</p> <p>М.Жаманбалиновтың «Көрші атам» атты өлең жолдарын оқып береу</p> <p>Көрші атам</p> <p>Күнде үйдің қасынан, Көрші атамды көремін. Оған сәлем беремін.</p> <p>Қолымды ол, Күліп кеп, Иіліп тұрып алады. Міне, нағыз жігіт, – деп, Сүйсініп бір қалады. (өлеңді дауыс қарқынын түрлендіру арқылы қайталату)</p> <p>2.Математика негіздері</p> <p>Тақырыбы: 3 саны және цифры</p> <p>Мақсаты: сандарды ретімен айтуға үйрету</p> <p>Міндеті: 3 цифрымен таныстыру</p> <p>Дидактикалық ойын: «Заттарды сандармен сәйкестендіріміз»</p> <p>Мақсаты: реттік санауға үйрету. Суреттегі заттарды сандармен сәйкестендіруге үйрету.</p>	<p>белгілері бойынша ажырату</p> <p>Дидактикалық ойын: «Үй жануарлары мен жабай жануарларды ата»</p> <p>Мақсаты: Үй жануарлары мен жабайы жануарлар туралы білімдерін бекіту. Тез ойлау қабілетін, зейінін тәрбиелеу, белсенділігін артыру.</p> <p>Дид.ойын «Ізін сәйкестендір»</p> <p>Мақсаты: Жабайы жануарлардың ізін сәйкестендіру арқылы аттарын дұрыс айтқызу.</p> <p>2.Сауат ашу</p> <p>Дауысты дыбыстарды бекіту</p> <p>Мақсаты: Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуды бекіту</p> <p>Міндеті: Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау</p> <p>Дидактикалық ойын: «Сәйкестендір»</p> <p>Мақсаты: Құрамында а және е дыбысы бар сөздерді ажыратуға</p>
--	--	--	--	---

<p>Күз бояуы Самал қозғап қалғанда, Үзіледі сары алма, Шолып едім бақшаны, Қауын біткен сап-сары. Көрінеді шалғайдан, Бел-белестер сарғайған. Сары жапырақ төгілген Тоғайды да көрдім мен. Таза жездей жинаған, Сары бояу айналам. (өлеңді жаттау)</p> <p>2.Математика негіздері 1 саны және цифры Мақсаты: Сандарды ретімен айтуға үйрету</p> <p>Міндеті: 1 цифрымен таныстыру Дидактикалық ойын: «Біреу және көп»</p>	<p>табиғатты ажырату 3.Көркем әдебиет Тату доспыз бәріміз Мақсаты: Өлең мазмұнын түсіну арқылы достықтың маңызын түсіндіру Міндеті: Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: «Досыңа не сыйлайсың?» Мақсаты: досына сыйлық жасау арқылы қуаныш сыйлаудың маңызын түсіндіру (Сурет салу.) Дид ойын «Достық ережесін құрастырамыз» Мақсаты: достық ережесін құрастыра отырып, еркін сөйлеуге, өз ойын тиянақты жеткізуге баулу Тату доспыз бәріміз (Фарида Оңғарсынова) Кездесеміз әркез біз, Әнсаламыз күндебіз. Балдай тәтті достармыз, Әрқашан да біргеміз. Күннің нұрын сүйеміз, Балбұл жанып қараймыз. Бізді ойнатып тәтелер, Күлдіргенін сүйеміз. Балдырғанбыз арай жүз, Балбұл жанып қараймыз.</p>	<p>ық жаттығуы Мақсаты: дауысты <i>e, i, o, u, a, y</i> дыбыстарынан басталатын сөздерді айтқызу арқылы дауысты дыбыстарды ажыратуға баулу</p> <p>Жұмыс дәптерімен жұмыс 3.Көркем әдебиет Кішкентай бағбан Мақсаты: Кейіпкерге мінездеме беруге үйрету. Міндеті: тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау Дид.ойын «Сықырлы себет» Мақсаты: Себеттерге жеміс пен көкөністі бөлек жинау арқылы, бақ және бақша ұғымдарын ажыратуды үйрету Мәдіхат Төрежановтың «Кішкентай бағбан» әңгімесін оқып беру Сұрақ-жауап ойыны: -Әңгіме не туралы? Авторы кім? -Садық бақта не істеді? -Садықты кім ойнауға</p>	<p>«Нешінші?» Ойын-жаттығу «2 және 3 цифрларын тап» Мақсаты: Цифрларды тану арқылы, санау қабілеттерін дамыту, цифрды бояу арқылы түстерді ажыратуды үйрету Жұмыс дәптерімен жұмыс</p> <p>3.Қазақ тілі Аға – әпке, іні - қарындас Мақсаты: отбасы мүшелеріне сыйластық танытуды қалыптастыру Міндеті: Өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары, татулық, жақындық, отбасылық білдіретін сөздерді үйрету Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: «Көлеңкесін тап» ойыны. Мақсаты: Отбасы мүшелерінің көлеңкесін сұлбаға сәйкестердіру Дидактикалық ойын «Бұл кім?»</p> <p>Маған да, саған да, Жақын туыс – бес адам. Үш әріптен тұратын. Оңға оқы, солға оқы.</p>	<p>үйрету Дид.ойын «Кім зерек?» Мақсаты: Дауысты дыбыстан басталып, дауыссыз дыбыстан аяқталатын сөздерді анықтату</p> <p>Үзік сызықтарды бастыру (графикалық жұмыс) 3.Шығармашылық (сурет, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру). Жер асты көліктері Мақсаты: Міндеті: Сурет салу Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу), қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу, бейнелеу, түсті қанық беру үшін қағаздың фонын таңдау және бояуларды үйлестіру, өз жұмысының нәтижелерін бағалау. Құрастыру Ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу.</p>
--	--	---	---	---

	<p>Мақсаты: «Біреу және көп» ұғымын ажырата алуға үйрету.</p> <p>Ойын тапсырма:</p> <p>«Суретте қанша зат болса, сонша нүкте сал»</p> <p>Мақсаты: Жеке бір-бірден тұрған заттарды белгілету</p> <p>3.Қазақ тілі</p> <p>Аға – әпке,іні - қарындас</p> <p>Мақсаты: отбасы мүшелеріне сыйластық танытуды қалыптастыру</p> <p>Міндеті: Өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары, татулық, жақындық, отбасылық білдіретін сөздерді үйрету</p> <p>Артикуляциялық жаттығу:</p> <p>Ға-ға-ақылды аға. Ке-ке-үлкен әпке Ке-ке- келді әке... Ні-ні-бар менде іні Ас-ас сүйкімді</p>	<p>Ойыншықтар біздерде Көп болғанын қалаймыз. (Өлеңді жаттау)</p> <p>4.Музыка</p> <p>Тақырыбы:«Ана тілін сүйемін»әні:И.Нүсіпбаев, сөзіҚ.Толыбаев</p> <p>Мақсаты: Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастырады</p> <p>Міндеті: Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру.</p> <p>Музыка тыңдау:</p> <p>«Қамажай» халық әуені</p> <p>Ән айту:</p> <p>«Мен өнерлі баламын»</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</p> <p>«Биімді қайтала» (ұнтаспада,педагогтің таңдауымен)</p> <p>Билер: «Жұптасу биі»</p> <p>Ойындар</p>	<p>шақырды?</p> <p>-Қалел досына не көрсетті?Садық неге бармады?</p> <p>-Күз мезгілінде не өсті?</p> <p>-Садық Қалелге әкесінің қай сөзін айтты?(Балалармен бірге қайталап оқу).</p> <p>-«Кішкентай бағбан»деп кімді айтамыз?</p> <p>-Садықтың еңбегін қалай бағалайсың?</p> <p>-Сен Қалелдің орнында болсаң,не істер едің?</p> <p><i>Әңгіме қалай аяқталды?</i>(Көп ойнай бермей,еңбекету керек.Жер адамның еңбегін өтейді. Кім еңбектенсе, сол адам еңбектің жемісін жейді)</p> <p>4.Дене шынықтыру</p> <p>Тақырыбы: Дұрыс тамақтану</p> <p>Мақсаты: Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіреді.</p> <p>Адамның денсаулығын гигиенамен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейтеді</p> <p>Міндеті:Адамның</p>	<p>Өзгермейді еш одан.</p> <p>Бәрі де өз жұратың, Айтады, қане, кім атын?</p> <p>(Апа, ата, ана, іні, аға)</p> <p>“Сен бақытты ұлансың!</p> <p>М.Қуанышбеков</p> <p>Анаң-күнің жүрегін, Әкең - өмір тірегін Сен бақытты ұлансың, Бәрі саған қуансын. Әжең-асыл ардағың, Атаң – дана қорғаның, Сен бақытты ұлансың, Бәрі саған қуансын. Ағаң- қамқор асқарың, Інің –мөлдір аспаның, Сен бақытты ұлансың, Бәрі саған қуансын. (өлеңді жаттау)</p> <p>4.Музыка</p> <p>«Ана тілін сүйемін»әні:И.Нүсіпбаев ,сөзіҚ.Толыбаев</p> <p>Мақсаты: Ән айтуға қызығушылықтарын қалыптастыру</p> <p>Міндеті: Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру.</p> <p>Музыка тыңдау:</p> <p>«Қамажай» халық әуені</p> <p>Ән айту:</p>	<p>Құрастырылған құрылысы мен құрылыстың шынайы бейнесі арасында байланыс орнату</p> <p>Мүсіндеу</p> <p>Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массада мүсіндеудің ерекшеліктерін білу</p> <p>Жапсыру</p> <p>Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу</p> <p>Дидактикалық ойын:</p> <p>«Бағдаршам» ойыны</p> <p>Мақсаты:Көшедегі қимыл- қозғалысты реттеу үшін бағдаршамның маңызын түсіндіру</p> <p>Ұжымдық,топтық жұмыс. (шағын топтарда жер асты көлігінің суретін салады,мүсіндеуді,жапсырады,құрастырады)</p> <p>4.Дене шынықтыру.</p> <p>Жүру</p>
--	---	--	--	--	--

	<p>қарындас Дид.ойын «Отбасы мүшелерін ата» Мақсаты:Отбасы мүшелерін атау,өз отбасы туралы әңгімелеуге үйрету</p> <p>4.Дене шынықтыру Дұрыс тамақтану Мақсаты: Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыру .</p> <p>Міндеті: Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктер ді жетілдіру. Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту Қмиылды ойын « Ұшты-ұшты » Мақсаты: Ненің ұшатынын, ненің</p>		<p>денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерд і жетілдіру.Адамның денсаулығын агигиенамен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту Ойын: «Дауыстап, атыңды айтам» Шеңбер ортасына ойын жүргізуші шығады. Оның көзін таңып, кімнің қайда тұрғанын шатастыру үшін бірнеше рет шыркөбелек айналдырады. Ойын жүргізуші ойыншылардың бірін көрсетіп: «Дауыста, атыңды айтам», – дейді. Бала танып қоймау үшін дауысын өзгертіп дыбыстайды. Айлакер жүргізуші дауысынан танып қойса, екеуі орын алмасады. Егер таппаса, «жаза» қолданады. Мысалы: 10 рет секіреді немесе 10 рет отырып-тұрады.</p>	<p>«Ана тілін сүйемін»әні:И.Нүсіпбаев ,сөзіҚ.Толыбаев Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Биімді қайтала» (ұнтаспада,педагогтің таңдауымен) Билер: «Жұптасу биі» Ойындар</p>	<p>Мақсаты: Жүрудің түрлерін ажыратып,түрлі жүрулерді жүргізу Міндеті: Әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан- қолға ауыстыра отырып, кедір-бұдыр тақтай, гимнастикалық скамейка бойымен жүру; гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту; қолдарынан ұстап,жұптарымен айналу Қмиылды ойын «Паравоз» Мақсаты:Балалардың бірінің артына бірі тіркеліп паровоз сияқты жүруге үйрету Қимылды ойын: «Доп қуу » Мақсаты: Балаларды шапшаң дербес қимыл әрекетке үйрету, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</p>
--	---	--	---	--	---

	ұшпайтынын, аңғарымпаздыққа тәрбиелейді. « Ақ қоян » Мақсаты: Балал арды жылдамды ққа, мықтылыққа баулу.				
Серуенге дайындық	Серуенге деген қызығушылықты ынталандыру.Киіну:серуенге шығуға,ережелерді сақтауға,балалармен жеке әңгіме жүргізу Киіну: жүйелілік, серуендеуге шығу. Серуендеуге деген қызығушылықты ынталандыру. (Өзіне-өзі қызмет көрсету)				
Серуен	Серуен №11 Жыл мезгілдерінің өзгеруін бақылау Мақсаты: Жыл мезгілдерінің өзгеруі туралы түсініктерін қалыптастыру ; әр мезгілдің өз ерекшеліктері туралы түсініктерін тиянақтау. Бақылау барысы Жұмбақ жасыру Ақ киімді біреуі, Сары киімді біреуі, Көк киімді біреуі, Әлем, жәлем киімі, Тағы бірі жүреді. (жылдың төрт мезгілі) Өлеңде не жайлы айтылған? (жыл мезгілдері туралы әңгімелеу) Қазір жылдың қай мезгілі (күз жпйлы	Серуен №12 Күздің алғашқы белгілерін бақылау Мақсаты: Жыл мезгілдерінің өзгеруі туралы түсініктерін молайту; Күздің алғашқы белгілері туралы түсініктерін қалыптастыру. Бақылау барысы Көркем сөз «Қыркүйек» Ғ. Өкеев Бір-біріне жер , аспан, Мейірлене қарасқан. Төкпей-шашпай тасып дән Машиналар асыққан. Ұстаз, шәкірт жүздескен, «Қош келіпсіз күз» дескен. Берекелі алтын күз, Ұмытпаймыз салтын біз	Қыркүйек Серуен №13 Қайың ағашын бақылау Мақсаты: - Күзгі қайың ағашын бақылауды жалғастыру; Қайың ағашының басқа ағаштардан айырмашылығы мен ұқсастығын табуға үйрету Бақылау барысы: Көркем сөз Сырғалы қайың, ақ қайың. Сырыңды сенің жаттайын. Өсе берші жайқалып, Мен ерінбей баптайын. Балаларға сұрақтар: Күзде ағаштар қандай өзгерістерге ұшырайды? Олардың жапырақтары неге сарғаяды? Ең алғаш қай ағаштың жапырағы сарғаяды?	Серуен №14 Өрмекшіні бақылау Мақсаты: —өрмекшінің өмірі мен сыртқы бейнесінің ерекшеліктері туралы білімдерін молайтуды жалғастыру; айнала қоршаған ортаға қызығушылықтарын арттыру. Бақылау барысы: Көркем сөз Сенде айтышы өрмекші, Неше аяқ, неше қол? Жауап берші өрмекші Неше аяқ, неше қол? Табандарым жолға тисе, Зымырайды аяқтай. Табандарым өрмек тоқиды Қолдармен өрнек салғандай, Шіркейлерді ұстағанда, Аяқтарым пышақтай. Егер шыбын кездессе, Қағып алам ұзатпай! Тәрбиеші сұрақтары: Өрмекшілердің қандай	Серуен №5 Күн — жылу мен жарық көзі Мақсаты: күннің жарық және жылу көзі екені туралы түсініктерін қалыптастыру; ойлау, талқылау, дәлелдеу дағдыларын дамыту; —табиғатқа деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу. Бақылау барысы Психологиялық жаттығу: «Күниуақ» Мақсаты: Балаларға жақсы көңіл-күй сыйлау. Күн сәулесі адамға қуаныш, жылу беретінін сезіну -Бәріміз көзімізді жұмып, күнге қол созамыз. Күннен жылу алып бір-бірімізге сыйлаймыз, қуанып қол соғамыз. Сұрақтар:

	<p>әңгімелеу) Қыркүйек айының алғашқы күндері жылы болады. Ағаштарда ең алғашқы сары жапырақтар пайда болады. Жердегі шөптер сарғайып, гүлдер сола бастайды Үлкендер егіс даласындағы жиын-терін жұмыстарын аяқтауға, мал азығын мол етіп жинап алуға асығады.</p> <p>Тәрбиеші сұрақтары. Күздің қандай белгілерін білесіңдер? Адамдар күзде не істейді? Жануарлар күзгі тіршілікке қалай бейімделеді? Күзде өсімдіктер қандай өзгеріске ұшырайды? Зерттеу жұмысы: Д/О: «Күзге ең алғашқы дайындалған ағашты тап» (қайың, көк терек) Д/О: «Қайың мен теректің ең әдемі күзгі жапырағын</p>	<p>Қыркүйек айының алғашқы күндері жылы болады. Ағаштарда ең алғашқы сары жапырақтар пайда болады. Жердегі шөптер сарғайып, гүлдер сола бастайды Үлкендер егіс даласындағы жиын-терін жұмыстарын аяқтауға, мал азығын мол етіп жинап алуға асығады.</p> <p>Тәрбиеші сұрақтары. Күздің қандай белгілерін білесіңдер? Күзде ауа-райы қалай өзгереді? Күзде өсімдіктер қандай өзгеріске ұшырайды? Адамдар күзде не істейді? Жануарлар күзгі тіршілікке қалай бейімделеді? Зерттеу жұмысы: Д/О: «Күзге ең алғашқы дайындалған ағашты тап» (қайың, көк терек) Д/О: «Қайың мен теректің ең әдемі күзгі жапырағын тап» Еңбек Ойын алаңындағы жапырақтарды жинау. <i>Мақсаты:</i></p>	<p>Ағаштардың өндірісте қандай пайдасы бар? Зерттеу жұмысы: қайың ағашының жапырағы мен басқа ағаштардың жапырақтарын салыстыру, айырмашылықтарын табу. Еңбек: Гүлзарлардағы солған гүлдер дәнін жинау Мақсаты: үлкендерге көмектесу, келесі көктемге гүл дәндерін әзірлеу. <u>экологиялық тәрбие</u></p>	<p>пайдасы бар? (шыбын-шіркей, құрт-құмырсқаларды жейді) Өрмекші жәндіктерді қалай аулайды? <i>(оларға өрмек құрады.)</i> Өрмекші өрмектерін жиі құра ма? <i>(желмен, жаңбырмен тез бүлінеді, сондықтан күнде құрады.)</i> Өрмекшілер жыртқыштар ма? <i>(Иә, олар басқа жәндіктерді жейді)</i> Зерттеу жұмысы: <i>Өрмекші торын тауып, қарау.</i> Еңбек: «Бархат» гүлдерін аударып, ыдысқы орналастыру <i>Мақсаты: гүлдерге деген қамқорлыққа, әсемдікке тәрбиелеу</i> <u>экологиялық тәрбие</u></p>	<p>Жануарлар мен өсімдіктер бойы өсуі үшін не керек? Күн не береді? Жер бетіндегі тіршілік үшін КҮН – жарық және жылу көзі. Одан жан-жаққа жарық Егер күн суық болса, онда жер беті суық болар еді де, суық пен қараңғылықтан жануарлар мен өсімдіктер өліп қалар еді. Күннің қызуы өте күшті Күннің сәулесі жер бетіне 19 секундта жетеді, сондықтан күндіз әрі жарық, әрі жылы болады. Күннің сәулесі өте күшті, сондықтан оған тура қарай алмаймыз. Сұрақтар: ♦Күнге бетінді бұрғанда нені сезінесің? Күнге тура қарауға бола ма, көзің ауырмай ма? Зерттеу жұмысы: екі тасты алып, біреуінің бетін жауып, біреуін ашық қою. Біраз уақыттан соң оларды қарап айырмашылықтарын табу. Тұжырым: ашықтағы зат тез қызады, көлеңкеде жылу аз. Еңбек: Алаңды тазалауға көмектесу. Мақсаты: еңбексүйгіштікке, кішкентайларға көмекке</p>
--	--	--	--	---	--

	тап» Еңбек Ойын алаңындағы жапырақтарды жинау. <i>Мақсаты:</i> орындалған жұмыс нәтижесін көріп қуануға үйрету; <u>экологиялық тәрбие</u>	орындалған жұмыс нәтижесін көріп қуануға үйрету; <u>экологиялық тәрбие.</u>			келуге тәрбиелеу. <u>экологиялық тәрбие.</u>
Серуенне оралу	Балалардың киімдерін жүйелі түрде шешу, өлеңдерді, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, жаңылтпаштар, санау және т. б. (көркем, тәуелсіз ойын әрекеті) «Азық-түлікті үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру (Біртұтас тәрбие)				
	Сақина жасыру Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді. Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінің үстіне алақандарын жаяды. Бастаушы жұлулы қолын әрбір ойыншың алақанына салысымен, ол бала алақанын жаба қояды. Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен-«Сақина кімде»-деп сұрайды. Ол	Алақан соқпақ Ойынға қатысушы балалар үйге немесе оңаша жерге жиналады да дөңгелек отырады. Орталарын бастаушы белгілейді. Оған сүлгі (орамал) беріледі. Бастаушы шеңбер ішін айнала жүріп біреуге – Алақанды тос!- дейді. Ол тосқан кезде бастаушы оның алақанына сүлгіні тигізіп- Сүлгі қайда?- деп сұрайды. Сонда ойыншы «анада» - деп бір баланың атын атайды. АҚты аталған ойыншы орнынан тұрып алақанын тосады. Бастаушы-сүлгі қайда?- деп атын айтады. Ойын о	Арқан тарту. Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады. Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады. Қай топ арқанды өз жағына тартып, алып келсе сол топ жеңіске жетеді. Екі бала тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екінші баланы құлатса, құламаған бала жеңіске жетеді. (Біртұтас тәрбие Ұлттық құндылық), (дене	Соқыр теке. Балалар дөңгелек отырады. Бір баланың көзі байланып қойылады. Балалар: Соқыр теке бақ - бақ, Біз айтамыз тақпақ, Мықты болсаң көнекей Бірімізді тап - тап. Соқыр теке: Мен текемін бақ - бақ, Қимылдаңдар сақ - сақ, Ал ұстадым мінекей Шығып кетті - ау қап - қап. Содан кейін Соқыр теке (баланың көзі	Ақсерек-көксерек. Бұл ойынды ойнау үшін балалар екі топқа бөлінеді, қолдарынан ұстап тұрады. Ара қашықтық 20-30 қадам. 1-ші топ. Ойынды бастайды: Ақсерек-ау ақсерек Бізден сізге кім керек. 2-ші топ Ақсерек –ау ақсерек Жаман-жаман бала аты (бала аты) керек Аты аталған бала келесі топқа дейін жүгіріп барып порт асынан ұстасқан қолдарды ажыратып кету керек. Егер өтіп кетсе сол топтан бір баланы тобына алып қайтады, өте алмаса сол топ тақалады.

	сақинаның кімде екенін білсе сол баламен орнын ауыстырады .Ал білмесе ол өз өнерін көрсетеді.Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді. (Біртұтас тәрбие Ұлттық құндылық),(Дене шынықтыру**)	сы ретпен жалғаса береді.Жақсы өлең айтып ән с алғандар ұпай жинайды (Біртұтас тәрбие Ұлттық құндылық),(Дене шынықтыру**)	шынықтыру**)	байлаулы) балаларды қуалайды немесе балалар оның жанына келіп түртіп қашады. Соқыр теке ұстап алған баланың көзі байланады да ол «Соқыр теке» ролін атқарады. Ойын осылай жалғаса береді. (Біртұтас тәрбие Ұлттық құндылық),(дене шынықтыру**)	Ойыносылайжал ғасабереді. (Біртұтас тәрбие Ұлттық құндылық),(дене шынықтыру**)
Балалармен жеке жұмыс	Сұлтанмұрат Дыбыстарды анық айтуды қалыптастыру	Азиз Байланыстырып сөйлеуді үйрету	Мансұр Қазақ тіліндегі сөздерді анық айтуды қалыптастыру	Айсана Р,Ш,С дыбыстарын анық айтуды меңгерту	Димаш Сөздерге дыбыстық атлдау жасайды үйрету
ЕББҚЕБ	Медина, Ерасыл Сүйікті ойыншығын таңдап алып , оны бояу.Жалғыз және екі заттарды п-а көмегімен тауып қоршау. Нан туралы әңгімелесу , сөздік қорын молайту. (арнайы түзету іс-әрекеттері *****)	Медина, Ерасыл 3-4 санын ермексазбен жасап көрсету 5- ке дейінгі сандарды қатарға қойуға үйрету (арнайы түзету іс-әрекеттері *****)	Медина, Ерасыл Отбасының суретімен таныстыру және оларды атау Бала суретін бояу. Отбасында тұратын адамдардың аттарын еске түсіру дауысты дыбыстан басталатын сөздерді айту. (арнайы түзету іс-әрекеттері *****)		
Балалардың үйге қайтуы	Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінезқұлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.: - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру Ата –аналарға кеңес Үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану,				

	<p>тамақ ішкенде қасықты пайдалану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт.</p> <p>Баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Есіңізде болсын Сіз көбірек осындай жылылық білдірсеңіз Сіздің балаңыз мектепке тез бейімделеді. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p> <p>«Суды үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру Жаднама тарату (Біртұтас тәрбие.Экологиялық тәрбие беру</p>
--	--

Тәрбиелеу - білім беру үдерісінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Кәкімбек Салықов атындағы орта мектеп»КММ

Мектепалды сыныбы 0 «А»

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 23- 27 қыркүйек 2024-2025ж

Күн тәртібі	Дүйсенбі 23.09	Сейсенбі 24.09	Сәрсенб 25.09	Бейсенбі 26.09	Жұма 27.09
Балаларды қабылдау.	<p>«Күй күмбірі» Сарыарқа күйі (Біртұтас тәрбие),(Музыка*****) Таң басталады» ситуациялық ойыны. Доп арқылы сәлемдесу. Бала сәлемдескісі келетін адамға допты лақтырып, оны атымен атайды. Допты ұстаған адам да онымен амандасады Мақсаты: қарым-қатынастағы қиындықтарды жеңу. Психогимнастика: «Барлық бала шеңберге жиналды». Мақсаты: бір-біріне достық қарым-қатынасты дамыту</p>				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	<p>Ата-аналармен әңгіме «Осы ай ішінде біз не білдік». Баланы тәрбиелеу және дамыту бойынша ата-аналардың сұрақтарына жауаптар. Ата-аналармен балалардың дербестігін тәрбиелеу туралы әңгіме. Балалардың жетістіктері туралы әңгіме. Проблемалық жағдайларды шешу. «Мектепке дейінгі балаларға арналған күн тәртібі» консультациясы. Мақсаты: ата-аналарға мектепке дейінгі ұйымдағы ережелер туралы еске салу</p>				
Балалардың дербес әрекеті (баяуқимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<p>«Банкомат» ойыны - қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімдерді (заттарды тексеріп қарау, зерделеу, олардың көлемін көзбен өлшеу, көзбен көріп ойлауды, есте сақтауды, қиялды, ұсақ қол моторикасын дамыту (Біртұтас тәрбие)</p>	<p>«Төрт дос» қазақ халық ертегісін драматизациялау Мақсаты: диалогтік сөйлеуді, есте сақтауды дамыту, әрекеттерді мәтінмен үйлестіре білу. (сөйлеуді дамыту-ойын, коммуникативті іс-әрекет),(қазақ тілі ***)</p>	<p>«Ақшаны жұмсауды үйренеміз» қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімдерді (заттарды тексеріп қарау, зерделеу, олардың көлемін көзбен өлшеу, көзбен көріп ойлауды, есте сақтауды, қиялды, ұсақ қол моторикасын дамыту (Біртұтас тәрбие)</p>	<p>«Әмиян» қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімдерді (заттарды тексеріп қарау, зерделеу, олардың көлемін көзбен өлшеу, көзбен көріп ойлауды, есте сақтауды, қиялды, ұсақ қол моторикасын дамыту (Біртұтас тәрбие)</p>	<p>«Ақшаны жұмсауды үйренеміз» қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімдерді (заттарды тексеріп қарау, зерделеу, олардың көлемін көзбен өлшеу, көзбен көріп ойлауды, есте сақтауды, қиялды, ұсақ қол моторикасын дамыту (Біртұтас тәрбие)</p>
Таңертеңгі жаттығу	<p>Бір қатармен жүру. Жүру түрлері: ұшымен, қол жоғары; өкшемен қол иықта; тізені жоғары көтеріп, қол белде Жүгіру түрлері: бір қатармен;. Шеңберге түру. Б.қ. – н.т., таспалар төмен 1. Таспалар жоғары көтеру, сермелеу. 2. Б.қ. 3. Таспалар жоғары көтеру, сермелеу. 4. Б.қ. (5-6 рет)</p>				

	<p>Б.қ. аяқты кең ашып тұрысы, таспалар белде</p> <p>1.Оң жаққа бұрылыс, таспалар жан-жаққа.2.Б.қ.3.Сол жаққа бұрылыс, таспалар жан-жаққа.4.Б.қ. (5-6 рет)</p> <p>Б.қ. – н.т., таспалар иықта</p> <p>1.Жартлай отыру, таспалар алдында.2.Б.қ.3.Жартлай отыру, таспалар алдында 4.Б.қ. (5-6 рет)</p> <p>Б.қ. н.т., таспалар төмен</p> <p>1.Тізені жоғары көтеріп, қол жан-жаққа.2.Б.қ.3.Тізені жоғары көтеріп, қол жан-жаққа.4.Б.қ.</p> <p>Б.қ. – н.т., таспалар жанжақта</p> <p>Оң-сол жаққа бұрылып секіру</p> <p>Жүгіру. Бір қатармен жүру.Тыныс алу жаттығу«Үйректер ұшады» - жайлап зал ішімен жүру; демін ішке жұтып, қолдарын жанына қарай көтеру, «Г-а-а-а» деген дыбысты ұзақ созып демін сыртқа шығарып қолдарын түсіреді.(3-4 рет),(дене шынықтыру**)</p>				
Ұйымдастыр ылған іс- әрекеке дайындық	<p><u>Біртұтас тәрбие:</u></p> <p>Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы</p> <p><u>Апта дәйексөзі:</u> «ЕБЕК ТҮБІ БЕРЕКЕТ»</p>				
	<p><u>ҚР Әнұранын тыңдау,(музыка****)</u></p> <p>Жылулық сәті:</p> <p>Апам мені «Айым»-дейді, Мен мұнайсам,уайым жейді. Апам мені «Күнім»-дейді, Мен қуансам күлім - дейді.</p>	<p>«Абай болайық» Суреттер қарау</p> <p>Қауіпсіздік ережелері. Жол қауіпсіздігі ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. (қауіпсіздік ережелерін сақтау)</p>	<p>«Көңіл-күйіңізді айтыңыз» жаттығуы</p> <p>Мақсаты: сіздің көңіл-күйіңізді және басқа балалардың көңіл-күйін түсінуге үйрету (Әлеуметтік дағдыларды дамыту)</p>	<p>Артикуляциялық гимнастика</p> <p>«Күлімсіреу», «Тұмсық». Мақсаты: дыбысты дұрыс айтуды дамыту, ерінді күлімсіреп, алға қарай созу. (Қарым-қатынас д.д)</p>	<p>«Токта!Белгіні қара!» ойыны</p> <p>Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілердің қозғалыс ережелерін сақтау. «Автобус аялдамасы» жол белгілерімен таныстыру (қауіпсіздік ережелерін сақтау)</p>
Білім беру ұйымының кестесі Бойынша ұйымдастыры лған іс-әрекет*	<p><u>1.Сөйлеуді дамыту</u></p> <p>Қорыққанға қос көрінеді</p> <p>Мақсаты: ертегіні соңына дейін тыңдауға үйрету. «Г», «к» дыбыстарымен таныстыру; балалардың сөйлеу шеберлігін, сөздік қорларын дамыту;</p>	<p><u>1.Сауат ашу негіздері</u></p> <p>Дауыссыз дыбыстардың жасалуы</p> <p>Мақсаты: Суреттен дауыссыз дыбыстардан басталатын суреттерді таба білу қабілеттерін дамыту</p> <p>Міндеті:Әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету</p> <p>«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау</p> <p>Мақсаты:Сұрақ-жауап</p>	<p><u>1.Математика негіздері</u></p> <p>5 саны және цифры</p> <p>Мақсаты: заттарды санау дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Міндеті:5 цифрмен таныстыру</p> <p>Ойын тапсырма: «Санаймыз»</p> <p>Мақсаты: санау және атау.Торкөз ұяшықтарға сонша нүкте салу</p> <p>Д/О «Киім дүкен»</p> <p>Мақсаты:Сандар арқылы</p>	<p><u>1.Сөйлеуді дамыту</u></p> <p>Отбасының күзгі еңбегі</p> <p>Сөздік қор</p> <p>Мақсаты:</p> <p>Міндеті:Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен</p>	<p><u>1.Қоршаған орта танысу</u></p> <p>Отбасындағы мерекелер мен дәстүрлер</p> <p>Мақаты: Отбасылық мерекелер, отбасылық дәстүрлер туралы білімдерін кеңейту.</p> <p>Міндеті:</p> <p>Отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру, алғыс айту, сыпайы сөйлеу</p> <p>«Менің отбасым»</p>

<p>баланы өжеттілікке, батырлыққа тәрбиелеу.</p> <p>Міндеті:Сөздік қор Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту</p> <p>Сұрақ жауап ойыны: «Мұқият тыңда»</p> <p>Мақсаты: сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу; «Кейіпкерлерді сомда»ойыны</p> <p>Мақсаты:ертегіднгі кейіпкерлердің сөздерін қайталай отырып балалардың сөздік қорын көбейту</p> <p><u>2.Математика негіздері</u></p> <p>4 саны және цифры</p> <p>Мақсаты: 1-ден 4-ке дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету;</p> <p>Міндеті: 4 цифрымен</p>	<p>арқылы диалог жүргізу.</p> <p>Артикуляциялық жаттығу жасау.</p> <p>«Күрекше», «Ине»,«Төбешік», «Түтікше»</p> <p>«Дауысты дыбыстан басталатын сөз қос» дидактикалық ойыны</p> <p>Мақсаты:суреттегі заттың атын айтып айтқан сөзге жалғастыруды үйрету</p> <p><u>2.Қоршаған ортамен танысу</u></p> <p>Заттар әлеміне саяхат</p> <p>Мақсаты: Заттар әлемі туралы түсініктерін бекіту, заттардың адам өміріндегі маңызы туралы көзқарастарын кеңейту</p> <p>Міндеті: Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау.</p> <p>Ойын:«Менің...»</p> <p>Мақсаты. Менің деген тіркесті қосып атауды жалғастыру арқылы заттар туралы түсініктерін қалыптастыру</p> <p>Тапсырма ойын</p> <p>«Әр затқа ортақ қасиеттерді тап»</p> <p>Мақсаты: Неден</p>	<p>киімдерді сатып алу,киімдерді мезгілдерге байланысты ажырату</p> <p><u>2.Сауат ашу</u></p> <p>Біз нені үйрендік?</p> <p>Мақсаты: Жазу барысында денені дұрыс ұстап, әдемі жазуға дағдыландыру арқылы эстетикалық талғамдарын тәрбиелеу</p> <p>Міндеті: Геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің және т.б. дайын суреттерінің сыртын контурдан шығармай бастыру, бояу.</p> <p>Тапсырма</p> <p>«Бастырып жаз»</p> <p>Нүктелерді бастыр, жалғастыр</p> <p>Мақсаты: дайын суреттерінің сыртын контурдан шығармай бастыру, бояу.</p> <p>Ойын: «Жаңылтпашты жаңылмайық»</p> <p>Мақсаты: тіл байлығы дамыту күрделі сөздерді қиналмай айта білуге дағдыланадыру</p> <p><u>3.Көркем әдебиет</u></p> <p>Мақтақыз бен мысық</p> <p>Мақсаты: Таныс кейіпкердің бейнесін сомдауға ынталандыру. Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру</p>	<p>байыту</p> <p>Суреттер қарау,сұрақ жауап</p> <p>Мақсаты:Балалардың суреттер арқылы сөздік қорын байыту</p> <p>Д/Ойын</p> <p>«Тосаптар мен салаттар жасаймыз»</p> <p>Мақсаты:ойын арқылы күзде піскен өнімдерден түрі қысқа азық жасаудың түрлерін үйрету</p> <p><u>2.Математика негіздері</u></p> <p>5 саны және цифры</p> <p>Мақсаты: 1-ден 5-ке дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету</p> <p>Міндеті: 5 цифрымен таныстыру</p> <p>Ойын жаттығуы.</p> <p>«асықтарды санаймыз,ойнаймыз»</p> <p>Мақсаты:асықтарды санау ,ретімен қою</p> <p>«Математикалық домино» дидактикалық ойыны</p> <p>Мақсаты:заттар санын цифрлармен сәйкестендіру</p> <p><u>3.Қазақ тілі</u></p> <p>Дауысты, дауыссыз дыбыстар</p> <p>Мақсаты:</p> <p>Міндеті: Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән</p>	<p>ойыны</p> <p>Әр-бәр отбасылық дәстүрлер туралы білімдерін кеңейту</p> <p>«Үй иесі» сюжетті рөлді ойыны</p> <p>Мақсаты: Қонақжайлылық – үйге келген қонақтарды сыйлауға үйрету</p> <p><u>2.Сауат ашу негіздері</u></p> <p>Біз нені үйрендік, нені білдік?</p> <p>Мақсаты: 3. Білімге деген қызығушылықтарын арттыру арқылы білімпаздыққа тәрбиелеу.</p> <p>Міндеті:Түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту;</p> <p>Әңгіме ойын:</p> <p>«Халқымыздың мәдениеті»</p> <p>Мақсаты:әңгімелесу арқылы халқымыздың мәдениетімен таныстыру</p> <p>«Кім тапқыр?»</p> <p>дидактикалық ойыны</p> <p>Мақсаты:Суреттер арқылы қазақ салт дәстүрлерін табу</p> <p><u>3.Шығармашылық Жемістер</u></p> <p>Мақсаты:Жемістерді ажырыта білу,жасай білу</p> <p>ге үйрету</p> <p>Сурет салу:</p>
--	---	--	--	--

<p>таныстыру</p> <p>Тапсырма ойын:</p> <p>«Сандарды құрастыр»</p> <p>Мақсаты: пазлдан 4 цифрының бейнесін құрастыру</p> <p>Д/О</p> <p>«Математикалық домино»</p> <p>Мақсаты: заттар санын цифрмен сәйкестендіру</p> <p>3.Қазақ тілі</p> <p>Дыбыстар</p> <p>Мақсаты:</p> <p>Міндеті: Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ тіліне тән ә, қ, і, ғ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру</p> <p>Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді қолдануға ынталандыру.</p> <p>Жаңылтпаштар жаттаймыз</p> <p>Мақсаты: ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді қолдануға ынталандыру</p>	<p>жасалғанына қарай топтарға біріктіріп қоршау.</p> <p>3.Көркем әдебиет</p> <p>Жемістер жыры</p> <p>Мақсаты: Жемістер туралы түсінігін кеңейту</p> <p>Міндеті: Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну</p> <p>«Жемістер жыры» өлеңі</p> <p>Мақсаты: өлеңдер арқылы диалогтік сөйлеуді дамыту</p> <p>«Жұмбақ жасырамын» ойыны</p> <p>Мақсаты: Қиялдан, ойдан жемістерді сипаттай отырып, бір-біріне жұмбақтар жасыру</p> <p>4.Музыка</p> <p>«Алтынкүз» әні: Т.Кулинов а, сөзі Ә.Асылбек</p> <p>Мақсаты: әннің сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу</p> <p>Міндеті: Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, әннің (шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын</p>	<p>Міндеті:</p> <p>Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну</p> <p>Ертегіні қарау(интерактивті тақтадан)</p> <p>«Сұрақ жауап» ойыны:</p> <p>Мақсаты: Ертегіні сұрақ жауап арқылы талқылау</p> <p>«Суреттер сөйлейді» әдісі</p> <p>Мақсаты: Суреттерді бояп отырып ертегінің жүйесін сақтап айту</p> <p>4.Дене шынықтыру</p> <p>Жүгіру:</p> <p>Мақсаты: Берілген жаттығуларды дұрыс орындауға дағдыландыру</p> <p>Міндеті: Жүгіру: шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру; бір сызыққа қойылған заттардың</p>	<p>ә, ө, қ, ү дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру.</p> <p>4.Музыка</p> <p>«Алтынкүз»</p> <p>әні: Т.Кулинова, сөзі Ә.Асылбек</p> <p>Мақсаты: Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажыратуға дамыту</p> <p>Міндеті:</p> <p>Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, әннің (шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу.</p> <p>Билер: «Шабандоздар биі»</p> <p>(үнтаспада «Жұмыр қылыш» («Билеп үйренсейік» жинағынан)</p> <p>Ойындар, хороводтар: «Қандай ырғақ» (К. Қуатбаев)</p>	<p>Міндеті: Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу), қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу, бейнелеу, түсті қанық беру үшін қағаздың фонын таңдау және бояуларды үйлестіру, өз жұмысының нәтижелерін бағалау.</p> <p>Құрастыру:</p> <p>Міндеті: Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану.</p> <p>Мүсіндеу:</p> <p>Міндеті: Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: көкөністерді, жемістерді, ойыншықтарды, ыдыстарды мүсіндеу</p> <p>Жапсыру.</p> <p>Міндеті: Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию.</p> <p>Жемістер Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша</p>
---	--	--	---	--

	<p>Д/ойын:»Қай дыбыстан басталады» Мақсаты:Карточкалардағы берілген суреттерді атау</p> <p>4.Дене шынықтыру Жүгіру Мақсаты:Берілген жаттығуларды дұрыс орындауға дағдыландыру Міндеті: Жүгіру: шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру;бір сызыққа қойылған заттардың арасымен,кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру Қ/О:«Кім шапшан» Мақсаты: бір сызыққа қойылған заттардың арасымен,кедергілердің арасымен өту Бәйге ойыны Мақсатыұлттық ойынына қызығушылықтарын арттыру:</p>	<p>орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу. Билер: «Шабандоздар биі» (ұнтаспада «Жұмыр кылыш», «Жұптасу биі» (чех х. әуені) Музыкалық аспапта ойнау: «Еркем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай)</p>	<p>арасымен,кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру Қ/О: «Аңдардың жүрісін сал». Мақсаты: шектелген үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру;</p>		<p>жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану. 4.Дене шынықтыру. Сапқа тұру Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: сапқа бір, екі, үш қатармен тұру,бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға,солғабұрылу,сап түзеп,бір және екі,үш қатарменқайта тұру. «Оң мен сол» ойыны Мақсаты:Балаларды шапшаң дербес қимыл әрекетке үйрету, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Қ/О: «Қасқырлар» Мақсаты: Жылдамдыққа, мықтылыққа баулу.</p>
Серуенге дайындық	<p>Киім бөлмесінде мінез-құлық ережелерін сақтауға, сыпайы сөздерді қолдана отырып, көмек сұрауға үйретуді жалғастыру. Киіну: жүйелілік, серуендеуге шығу серуендеуге деген қызығушылықтың мотивациясы. «Шкафтарда тәртіп орнату» ойыны. (Өзіне-өзі қызмет көрсету)</p>				
Серуен	Серуен №1	Қыркүйек	Серуен №6	Серуен №10	Серуен №8

	<p>белсендіру. Бақылау барысы: Көркемсөз <i>Қалатындай</i> <i>қиқылдап,</i> <i>Әдетіңді білемін,</i> <i>«Шиық, шиық»</i> <i>еттің шиқылдап ,</i> <i>Дайын асқа</i> <i>ортақсың</i> <i>Шашып берген</i> <i>жемімді</i> <i>Торғай, торғай</i> <i>торғайым,</i> <i>Жейсің сонша</i> <i>қиқымдап,</i> <i>Сені әркез</i> <i>қорғаймын</i> <i>Қорқақсың-ау,</i> <i>қорқақсың,</i> <i>Қыстың қамын</i> <i>жаз ойлап,</i> <i>Еңбек десе</i> <i>шорқақсың.</i> <i>Бәріне де бол</i> <i>дайын!</i> Тәрбиеші балалармен әңгіме өткізеді. Торғай қандай болып көрінеді? <i>(Бұл кішкентай</i> <i>пысық құс.)</i> Ол жайлы үнемі «сұр торғай» деп айтады. Ал шындығында торғай</p>	<p>жабайы көгершіндер неге Қызыл кітапқа енгізілгендігін тиянақтау. Бақылау барысы Көркем сөз: Құстар менің достарым, Жемін, суын керекгін, Құспен қызық аспаным. Күнде апарып беремін Үйшік жасай білемін Олар мәз боп қалады, Ағаштарға ілемін Шаттық әнге салады. Қандай құстар алаңға келіп қонады? Олар қайда тіршілік етеді? Олар нені шоқып жегенді жақсы көреді? Оларды кім коректендіреді? Көгершіндер қайда мекендейді? Өте ерте кезден-ақ көгершіндер бейбітшілік пен достық құсы деп саналған. Ол өте әдемі және адамдарға тез бауыр басады. Көгершіндердің ерекше қасиеті олар өз үйлерін қанша қашықта болса да</p>	<p>Дейді әжейім Ішектің емі-қашаннан Қабығында еменнің Қайнатындысы Еменнің Қасиеті бар дәрілік. Қабығынан жасалған. Орманда жасыл еменнен құдыретті де әсем ағаш жоқ. Халық ертегілері мен батырлар жырларында алып емендер тегіннен-тегін айтылмаса керек. Ол алыптар бейнесінде бейнеленеді. Кәрі еменнің діңі мығым, бұтақтары тарам-тарам болады. Емендер мың жылға дейін өмір сүреде, олар көктемде ең кеш көктейді. Ол өте зор, мықты ағаш болғанмен, қатты аяздарда жарылып кетеді. Емендер көбіне қайда өседі? <i>(орманда.)</i> Ал бұл ағаш қайда өсіп тұр? <i>(қалада.)</i> Қалада тағы қандай ағаштар өседі? Ағаштар қалаға не үшіни керек? <i>(ағаш</i> <i>жапырақтары ауадағы</i> <i>көмір қышқыл газын</i> <i>бойына сіңіріп оттегін</i></p>	<p>Көркем сөз А. Сәрсекөв Күзгі ауланың талдары Кейде құйын өтеді Желмен басын шайқайды Тозандатып жан-жақты Дәурен өтіп жаздағы Кейде құйын кетеді Күздің желі соғады Доп қылып ап жапырақты Бейне тентек баладай Ойран-асыр салады Алма бағын жағалай Алмаларын қағады Күз мезгілінің аяқ жағын «күміс күз» деп те атайды. Суларда алғашқы жылтыр мұздар пайда болады. Жерге алғашқы күмістей жылтыраған алғашқы қар ұшқындары түседі. Жердегі жапырақтар үстіне қонған қыраумен күн сәулесінен күмістей жылтырайды. Күзде күн көзі сирек көрінеді, ауа-райы бұлыңғыр, бұлтты болады. Алғашқы қар түседі, ол бірақ еріп кетуі мүмкін Балаларға сұрақтар: Қыс алдындағы</p>	<p>жағдайлардың алдын алу. Міндеттері: • Балаларды лифті мен кіреберісте тәртіптің (қауіпсіздік) негізгі ережелерімен таныстыру. • Балаларды қауіпті жағдайларды тануға және сол уақытта дұрыс әрекет етуге үйрету. • Төтенше жағдайларда өз бетінше шешім қабылдау дағдыларын дамытуға ықпал ету. Материалдармен ресурстар: Лифті мен кіреберісте өзін-өзі ұстау ережелерін бейнелейтін иллюстрациялар немесе суреттер Әртүрліжағдайлар бейнеленген карточкалар Ұйымдастырылғаніс-әрекет: Балаларды қарсы алу. Лифті мен кіреберісте қауіпсіздік ережелерін сақтау маңыздылығын талқылау. Лифтідегімінез- құлықережелерін талқылау: Лифтіні күту: лифті келгенше есіктерінен алыс тұр. Кіру және шығу: лифт есіктері ашылғанда тез кіріп, тез шығу, табалдырықта тұрмау. Түймешіктермен (кнопка) ойнамау: тек қажетті түймешіктерді басу, барлық түймешікті басудың қажеті жоқ. Лифтіге жалғыз кірмеу: ең дұрысы, лифтіге ересектермен немесе үлкен балалармен бірге кіру. Егер лифті тоқтап қалса: қорықпау, саспау, диспетчерді шақыру</p>
--	--	--	---	--	---

<p>сұр емес Ал қандай? (оның арқасы қызыл қоңыр, жіңішке қара жолақтары бар) Ал қанаты мен кұйрығы қандай? (<i>кұйрығы-қара-қоңыр, қанаттары да қара-қоңыр, жирен түспен жиектелген</i>) Ал басының түсі қандай? (<i>Сұр</i>) Торғайлар қайда өмір сүреді? (<i>қалада және ауылда.</i>) Ия, олар әркез адамдарға жақын жерге мекендейді. Торғайлар неге адамдарға көрші болғанды жақсы көреді? (<i>адамдардың қасында олар жыртқыштардан аулақ болады, жемді де тез тауып жейді, оңаша мекен де табады.</i>) Торғайлар әсіресе өз «үйлерін» ағаш үйлердің терезе қондырғыларына салады. Ал қалада</p>	<p>іздеп табады. Зерттеу қызметі Кептер мен торғайды салыстыру Еңбек: Балабақша аумағына жем салғыш ілу <i>Мақсаты: еңбек әрекетін орындауға үйрету.</i> Қимылды ойын: «Ұшады, с екіреді, жүзеді». Мақсаты: — балаларды жүкіруге үйрету; . — зверей.құстардың, аңдардың, балықтардың аттарын есте сақтау Жаттығу ойындары: «Қаданы (кегли) құлат». Мақсаты: Допты нысанаға лақтыру; Назар аударуларын, дәлдіктерін дамыту. Халық болжамы: <i>құс жүнін ұрпитсе, жауын болады; жыл құстары кеш ұшса, қыс жылы болады; құстар асыға қоректенсе ауа-райы бұзылады.</i></p>	<p><i>бөліп шығарады..)</i> Ағаш жапырақтары қай уақытта түседі? (<i>күз айларында.</i>) Ағаш жапырақтары неге түседі? (<i>ағаштардың қыста көп ылғалды жозалтпасы үшін</i>) Емен ағашының адамға қандай пайдасы бар? (<i>құрлысқа, жиһаздар жасауға және емдік қасиеттері бар</i>) Зерттеу жұмысы Ауладағы бірнеше ағаш жапырақтарының түстерін салыстыру Мақсаты: ағаш жапырақтарының түстерінің әртүрлілігін аңғарту Еңбек Жерге түскен ағаш жапырақтарын тырмамен жинау және оны тазалау <i>Цель:</i> ұжыммен жұмыс істеуге деген қызығушылықтарын арттыру. Қ/О: «Аққу-қаздар». <i>Мақсаты:</i> берілген тапсырма бойынша жүкіруге жаттықтыру Жаттығу ойындары</p>	<p>күндерді қалай атайды? (<i>Күміс күз.</i>) Неліктен? Жұмбақ шешу: Қар да емес, мұз да емес, Ағаштар күміс жамылған (қырау) Еңбек: Ауладағы қоқыстарды жинау. <i>Мақсаты: жасаған жұмыстарынан қанағат алуға тәрбиелеу .</i> Қ/О: «Бәйге» <i>Мақсаты:</i> Бір-біріне соқтықпай жүкіруге жаттықтыру ; Төзімділікке, ептілікке тәрбиелеу. Жаттығу ойындары: Тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру. <i>Мақсаты: Төбешікке жүкіріп шығу, жүкіріп түсу</i> Халық болжамы: <i>Түнде қырау түссе, күндіз қар жаамайды Ағашты қырау басса аяз болады.</i></p>	<p>түймешігін басып, көмек күту. Кіреберістегімінез-құлық ережелерін талқылау: №1 бейнероликті қарау. «Кіреберісте» Бейнероликті талқылау: егер кіреберісте бөтен адам болса, не істеу керек? Кіреберісте: бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, бейтаныс адамдарға есік ашпау, баспалдақ мен қоршауларда ойнамау, ата-аналармен/ересектермен бірге болу. Негізгі сұрақтарарқылы бекіту: Бейтаныс адамдарға кіреберіс есігін ашуға бола ма? Неге? Егер лифті тоқтап қалса, не істеу керек? Кіреберісте баспалдақтар мен қоршауларда ойнауға бола ма? Лифтіге қалай дұрыс кіру және шығу керек? Пайдалы сілтеме:</p>
---	--	--	---	--

	<p>торғайлар қайда мекендейді? (подъездің немесе балконның күнқағарларына.)</p> <p>Қане, жақсылап қарайықшы біздің балабақша ауласында қай жерге мекендеді екен? Адамдар құстарға қандай қамқорлық жасауы керек? (Жемсалғыш жасап, күнде жем сеуіп тұру керек)</p> <p>Күзде торғайлар немен қоректенеді? (өсімдіктердің дәндері мен тұқымдарын шоқиды)</p> <p>Еңбек Ағаштарды емдеу мақсатында еңбек ұйымдастыру.</p> <p><i>Мақсаты:</i> Ағаштарға дұрыс көмек жасауды үйрету; Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.</p> <p>К/О: «Құстардың ұшуы».</p> <p><i>Мақсаты: белгі бойынша қимыл жасауға үйрету.</i></p> <p>Жаттығу</p>		<p>Бір аяқпен секіру.</p> <p><i>Мақсаты: барынша биік секіруге және жерге дұрыс түсуге жаттықтыру</i></p> <p>Мақал-мәтел</p> <p><i>Аяламасаң ағаш та аспандап өспес</i></p> <p><i>Орман ел дәулеті, жер сәулеті.</i></p>		
--	--	--	---	--	--

	<p>ойындары: «Жалауды құлатпа» <i>Мақсаты: заттар арасымен, оларды құлатпай ирелеңдеп жүру</i></p>				
Серуенне оралу	Балалардың киімдерін жүйелі түрде шешу, өлеңдерді, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, жаңылтпаштар, санау және т. б. (көркем, тәуелсіз ойын әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяуқимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)*	<p>(Біртұтас тәрбие) Ұлттық ойын Алтыатар ойыны – көнге әр адам <u>асық</u> тігеді. Сол қатарға тағы бір сақа тігіледі (үйіргенде баланың шік түскен сақасы). Асықтардың арасында саңылау болмай тіркестіріле қойылады. Көннің екі жағына 1м. Сызық, ал 4-5-6 м. жерден ататын қарақшы белгілейді. Кімде-кім түптегі сақаны атып ұшырса (1м асыра) бүкіл асықтарды сол алады. Ал сақаға тимей асықты ұшырса, оның сызықтан шыққаны ғана соныкі болады. Ату саны – брет. Алғаш</p>	<p>(Біртұтас тәрбие) Ұлттық ойын Ақсақ қарға - <u>қазақтың</u> ұлттық ойындарының бірі. “Қарға” деген бұл қарға атта құс, ал “ақсақ” ақсандайтын дегені. Неліктен “қарға ақсақ”? Өйткені “қарға” бейнесін жасайтын бір аяқпен секіреді. Ал екінші аяғы бүгілген және белбеумен немесе орамалмен байланған. “Қарға” қай аяққа ақсандайтыны маңызды емес. Қатысушылар құрамаларға бөлінеді және секірмелі эстафета жасалынады. Бірақ аяқты байлайтын белбеу немесе орамал бір</p>	<p>(Біртұтас тәрбие) Ұлттық ойын Алтыатар ойыны – көнге әр адам <u>асық</u> тігеді. Сол қатарға тағы бір сақа тігіледі (үйіргенде баланың шік түскен сақасы). Асықтардың арасында саңылау болмай тіркестіріле қойылады. Көннің екі жағына 1м. Сызық, ал 4-5-6 м. жерден ататын қарақшы белгілейді. Кімде-кім түптегі сақаны атып ұшырса (1м асыра) бүкіл асықтарды сол алады. Ал сақаға тимей асықты ұшырса, оның сызықтан шыққаны ғана соныкі болады. Ату саны – брет. Алғаш сақасы шыққан бала бірінші болады да, қалғандары одан кейінгі кезекте атады.</p>	<p>(Біртұтас тәрбие) Ұлттық ойын Ақсақ қарға - <u>қазақтың</u> ұлттық ойындарының бірі. “Қарға” деген бұл қарға атта құс, ал “ақсақ” ақсандайтын дегені. Неліктен “қарға ақсақ”? Өйткені “қарға” бейнесін жасайтын бір аяқпен секіреді. Ал екінші аяғы бүгілген және белбеумен немесе орамалмен байланған. “Қарға” қай аяққа ақсандайтыны маңызды емес. Қатысушылар құрамаларға бөлінеді және секірмелі эстафета жасалынады. Бірақ аяқты байлайтын белбеу немесе орамал бір “қарғадан” басқасына ауысып отырады. Дене шынықтыру**)</p>	<p>(Біртұтас тәрбие) Ұлттық ойын .«Орамал тастамақ». Балалар шеңбер жасап тұрады. Бастаушы(тәрбиеші) балаларды айнала жүріп бір баланың артына орамал тастап кетеді. Артына орамалды тастағанын сезген бала менің артымда деп жауап береді. Артына орамалдың тасталғанын сезбесе ол өлең, тақпақ айтып немесе билеп беруі керек. Балалар шеңбер бойында көздерін жұмып тұруы керек. Ойын осылай жалғаса береді. Дене шынықтыру**)</p>

	сақасы шыққан бала бірінші болады да, қалғандары одан кейінгі кезекте атады. Алты рет атыстан қалған асықтардың бәрі түпте қалған баланікі болып есептеледі (сақасы тігілген бала). ^[1] (Дене шынықтыру**)	“қарғадан” басқасына ауысып отырады. Дене шынықтыру**)	Алты рет атыстан қалған асықтардың бәрі түпте қалған баланікі болып есептеледі (сақасы тігілген бала) Дене шынықтыру**). ^[1]		
Балалармен жеке жұмыс	Мансүр Заттарды лақтыруға жаттықтыру; Жеке жұмыс: «Ағаш суретін сал» Мақсаты: қарбетіне әртүрлі ағаш суретін сала білулерін бекіту.	Айлин Түстерді ажырата білуге үйрету. Сөйлеуді дамыту	Сұлтанмұрат Құрастыруға деген қызығушылығын арттыру. Құрастыру	Азиз Жүгіру, жылдамдығын, ептілігін, қызығушылығын дамыту.	Айсана Суретті ұқыпты, толық бояу қажеттілігін айтып түсіндіру. Сурет салу
ЕББҚЕБ	Ерасыл, Мединамен жанды табиғат « Күзгі ағаш» аппликация жасау Аңдарды тауып қоршау тауып қоршау.Дос туралы әңгімелесу сөз қорындамыту.. (арнайы түзету іс-әрекеттері *****)	Ерасыл , Мединамен алмұрттың суретін бояу. Оларды көрсетуге дағдыландыру. Жемістердің суретін көрсету арқылы тауып алу. .(арнайы түзету іс-әрекеттері *****)	Ерасыл ,Мединамен жекелеген сөздерді қайталау « тұр, отыр, жүр, секір» Жидектердің суретін бояу. (арнайы түзету іс-әрекеттері *****)	Ерасыл Мединамен 4және 5суретін штрихтау жүзім суретін бояу. Анамның тәтті тамақтарын еске түсіру.. (арнайы түзету іс-әрекеттері *****)	Ерасыл , Мединамен торсық суретін бояу Мақта қыз бен мысық ертегісін сурет арқылы мазмұндау .(арнайы түзету іс-әрекеттері *****)

<p>Балалардың үйге қайтуы</p>	<p>Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінезқұлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.:</p> <p><i>Ата –аналарға кеңес</i></p> <p>Баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады.</p> <p>(Біртұтас тәрбие.Экологиялық тәрбие беру)</p>
--------------------------------------	---

Мектеп директорының оқу іс жоспары орындалды. Ш.Т.Н. Емеева

Тәрбиелеу - білім беру үдерісінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Кәкімбек Салықов атындағы орта мектеп»КММ

Мектепалды сыныбы 0 «А»

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 11-15.11. 2024ж

Күн тәртібі	Дүйсенбі 11.11	Сейсенбі 12.11	Сәрсенб 13.11	Бейсенбі 14.11	Жұма 15.11
Балаларды қабылдау.	«Күй күмбірі» «Адай»(Музыка****) «Қоғамдық мүлікті қорға» Әңгімелесу(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу) (Біртұтас тәрбие)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Бала денсаулығы туралы әңгімелесу. Өзіне – өзі қызмет ету туралы кеңес беру (Жеке басының мәдени гигиеналық дағдыларын қалыптастыру) Ауа райының өзгеруіне байланысты сыртта жылы киінуіне кеңес беру Мәдени гигиеналық дағдыларды қалыптастыру туралы әңгімелесу				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, Үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Дербес ойын «Мозайка» Мақсаты: Балалар мазайканың ұсақ бөліктерін орналастыру дағдыларын қалыптастыру Құрастыру бойынша балалар іс-әрекеті	«Көлік» Мақсаты: Балаларға көлік туралы түсінік беру. Олардың қызметінің маңыздылығы туралы ұғымдарын кеңейту. Көлікті жапсыруға үйрету. Жапсыру Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті	Саусақ жаттығу «Фигураларды құрастыр» жаттығуы. Мақсаты : қол қимылдарының икемділігін, дәлдігін, көз мөлшерін дамыту.	Дид ойын:«Дөңгелек және сопақша» Мақсаты: Геометриялық пішіндерді ажырата білуге, оларға ұқсас заттарды топтай білуге, түстерін айта білуге үйрету. Суреттегі заттарды санауға, оларды сызып қосуға үйрету. Логикалық ойларын, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Ойшылдыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. Математика негіздері Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет	Дид ойын:«Үй жануарлары мен жабай жануарларды ата» Мақсаты: Үй жануарлары мен жабайы жануарлар туралы білімдерін бекіту. Тез ойлау қабілетін, зейінің тәрбиелеу, белсенділігін артыру. Қоршаған ортамен танысу Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті. (Қазақ тілі***)
Танертеңгі жаттығу	Бір қатармен жүру.Жүрут үрлері: ұшымен, қол жоғары; өкшемен қол арқасында; жартылай отырып жүруЖүгіру түрлері: бір қатармен; шашылып. Шеңберге тұру. Б.қ. – н.т., доп төмен 1.Оң аяқты алдына шығару, доп жоғары.2.Б.қ.3.Сол аяқты алдына шығару, доп жоғары.4.Б.қ.				

	<p>(5-6 рет)Б.қ. аяқты кең ашып тұрысы, доп кеуденнің алдында 1.Оң жаққа бұрылыс.2.Б.қ.3.Оң жаққа бұрылыс.4.Б.қ. (5-6 рет)Б.қ. аяқты кең ашып отыру доп еденде 1.Алдына еңкейю, допты қолмен тигізу.2.Б.қ.3.Алдына еңкейю, допты қолмен тигізу.4.Б.қ 5-6 рет) Б.қ. н.т., доп алдында 1.Доп оң жақтан арқасына.2.Б.қ.3.Доп сол жақтан арқасына (5-6 рет) Б.қ.-н.т., доп еденде 1-4 допты екі аяқтың арасында салу, секіру (6 рет)</p> <p>Жүгіру. Бір қатармен жүру.Тыныс алу жаттығу«Паровоз» - қолдарымен кезектестіріп қимылдар жасап, бөлме ішінде жүру; мұрын арқылы демді ішке жұтып, ауыздан «Чух-чух-чух» сөздерімен бірге демді шығарады. (5-6 рет).(Дене шынықтыру**)</p>				
Ұйымдастырылған іс-әрекеке дайындық	<p><u>Біртұтас тәрбие:Қараша«Әділдік пен жауапкершілік айы»</u> <u>Апта дәйексөзі:</u>«Жауапкершілік - адамгершілік қасиеттің көрінісі»</p>				
	<p><u>ҚР Әнұранын тындау</u></p>	<p>Дид ойын «Сөйлемді аяқта» Мақсаты: балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту. Қарым- қатынас іс – әрекеті Сөйлеуді дамыту</p>	<p>Дид ойын:«Суреттерді құрастыр» Мақсаты: Талдау және біріктіру қабілетін, кеңістік арақатынастарының заңдылықтарын құру, үлгіні көшіру іскерлігін дамыту Математика негіздері Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет</p>	<p>Қимылды ойын « Аңшылар мен қоянда р » Мақсаты: Балаларды қоян болып секіруге, аңшыдан қорғануға үйрету. Дене шынықтыру Физикалық қасиеттерді қалыптастыру</p>	<p>Логикалық ойын: «Не артық» Мақсаты: Суретте көрсетілген артық суретті алып тастап, дәрігерге керекті заттардың суретін қоя алады. (Зерттеу іс әрекеті)</p>
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	<p><u>1.Сөйлеуді дамыту</u> Судың да сұрауы бар Мақсаты: Балаларға су туралы түсінік беру және судың қажеттілігін, оның адамның, құстың, жануарлар мен өсімдіктердің тіршілігіндегі маңызы туралы</p>	<p><u>1.Сауат ашу негіздері</u> Дыбыстық талдау және буынға бөлу Мақсаты: Дауысты,дауыссыз дыбыстарды ажыратуларын жетілдіру. Міндеті: Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша)үйрету «Артығын тап»ойыны</p>	<p><u>1.Математика негіздері</u> Дөңгелек пен сопақша Мақсаты: геометриялық фигура – сопақшаны тануға және атауға, сопақша мен шеңбердің, сопақша мен тіктөртбұрыштың ұқсастығы мен айырмашылықтарын табуға, заттардың пішіндерін анықтауға үйрету.</p>	<p><u>1.Сөйлеуді дамыту</u> Алматы-әсем қала Мақсаты: Балаларға Алматы қаласы туралы түсінік беру. Тілдерін дамытып, ой-өрісін кеңейту. Міндеті: Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту</p>	<p><u>1.Қоршаған орта танысу</u> Көлік Мақсаты: Балаларға көлік туралы түсінік беру. Көліктерді топтастыра білуге үйрету. Міндеті: Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін</p>

	<p>түсіндіру. Міндеті: Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру; Жұмбақ: Аспан түстес сұйық, Әркім ішер құйып. (су) Педагог түсіндірмесі: Жер бетінде су көп болса да, барлығы бірдей ішуге жарамды бола бермейді. Су тұщы және тұзды (ащы) болады. Біз ішу үшін тұщы суды пайдаланамыз. Су - тіршілік көзі. Оны тамаққа пайдаланамыз, шөлімізді басамыз. Сонымен қатар егін суарамыз, өрт сөндіреміз. Жан - жануарлар,</p>	<p>Мақсаты:артығын табу арқылы жылдамдықтарын арттыру 1.Ара,өрмекші,маса,көбел ек,аю.(аю) 2.Тауық,этеш,үйрек,қаз,сауысқан.(сауысқан) 3.Мысық,түлкі,аю,қасқыр.(мысық) 4.Колғап,көйлек,шалбар,етік.(көйлек) 5.Май,шай,нан,қант,қасық. (қасық) 6.Ара,өрмекші,маса,көбел ек,аю.(аю) 7.Тауық,этеш,үйрек,қаз,сауысқан.(сауысқан) 8.Мысық,түлкі,аю,қасқыр.(мысық) 9.Колғап,көйлек,шалбар,етік.(көйлек) 10.Май,шай,нан,қант,қасық. (қасық) Тіл ұстарту Ақ-ақ-ақ, Тастан тасқа секірді <u>лақ</u>. Аң-аң-аң, Аңның ізіне болдым <u>таң</u>. <u>Ма-ма-ма</u>, Лақты қораға <u>қама</u>. <u>Рақ-рақ-рақ</u>, Керек маған <u>тарақ</u> <u>Уық-уық-уық</u>, Қорада тұр <u>тауық</u>.</p>	<p>Міндеті: Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру «Сана және ата»дидактикалық ойыны. Мақсаты: фигураларды санау,атау,түстерін ажырату</p>  <p>-Барлығы қанша шаршы(сопақша,дөңгелек, үшбұрыш)? -Барлығы неше кішкентай шаршы(сопақша,дөңгелек)? -Барлығы қанша үлкен шаршы(сопақша,дөңгелек)? -Барлығы қанша кішкентай,үлкен фигуралар бар? -Қанша қызыл (көк,сары, жасыл</p>	<p>Педагог түсіндірмесі: Алматы қаласында керемет көрікті жерлер өте көп. Алматы – әсем қала! Ол Іле Алатауының баурайында орналасқан. Алматы апорт алмасымен әлемге танылған. Қып – қызыл апорт алмалары дәмді, әрі ірі. Қалада саябақтар, демалыс орындары бар. Биік-биік ғимараттар қалаға ерекше сән береді. Көше бойы ағаштар мен гүлдер отырғызылған. Алматыда оқу орындары, мәдени орындары өте көп. Медеу мұз айдыны бар. Көктөбе, трамплин спорттық ойындар алаңы, Шымбұлақ демалыс орындары, М.Әуезов театры, А.Құнанбаев атындағы театр. Алматыдағы ең биік үй – «Қазақстан» қонақ үйі. Алматы Қазақстанның ең үлкен қалаларының бірі. С.Оспанов Алматы өлеңін жаттау</p>	<p>олардың жабдықталуын түсіну Жұмбақтар Төрт аяқты, екі көзді Отпен, майдан жемі бар, Өзі жансыз жүреді. Құрыш болат жүрегі. Машина 1. Тізбектелген көп үйлер, Көшіп жүрген көк үйлер. Поезд 2. Құс сияқты құс емес, Жүрсе де тым биікте. Қақпайды бір қанатын Жүрсе де тым биікте Ұшақ 3. Қос күрекпен еседі, Су көлігі деседі. Қайық 4. Жүргізуші жүргізеді , Төрт аяқты батырды. Әңгіме: «Көліктер». Адамдар көліктерді алыс жерлерге қатынас жасау үшін пайдаланады.</p>
--	--	--	--	--	---

	<p>балықтар, құстар да сусыз өмір сүре алмайды. Суға қоқысты тастауға болмайды, жазда өзен-көлге түсуге барғанда, өзімізден кейін қалған нәрселердің барлығын жинап бірге алып кетуіміз керек. Суды бекерге төкпей үнемдей білуіміз керек. Дана халқымыз "Суды бекерге төкпе", "Судың да сұрауы бар" деп айтатыны сондықтан. Дидактикалық ойын: "Су кімдерге немесе нелерге қажет?"</p> <p>Дидактикалық ойын: "Су кімдерге немесе нелерге қажет?"</p> <p>Мақсаты: Судың қажеттілігін білу</p> <p>Су туралы нақыл сөздер:</p> <p>1. Судың да сұрауы бар.</p> <p>2. Су анасы - бұлақ</p> <p>Сөз анасы - құлақ</p>	<p>Жұмыс дәптерімен жұмыс</p> <p>1. Заттардың атында естілген н, л дыбыстарының дыбыстық белгілерін қой.</p> <p>2. Дыбыстық талдау жаса.</p> <p>3. Суреттердегі заттардың неше буыннан тұратынын анықта. Суреттерді тиісті сызбамен қос. (<i>графикалық жұмыс</i>)</p> <p>4. Штрихта</p> <p>5. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастыр.</p> <p><u>2. Қоршаған ортамен танысу</u></p> <p>Қазақстанда өсетін өсімдіктер</p> <p>Мақсаты: Өсімдіктердің әр алуан жерде (дала, шалғын, орман, тау, бау-бақшат.б.) өсетіні туралы түсінік қалыптастыру.</p> <p>Міндеті: Өсімдіктердің өсуі үшін</p>	<p>...) фигуралар бар?</p> <p>- Қандай фигуралардың түсі көбірек (мөлшері, пішіні)?</p> <p>- Белгілі бір бағанда немесе қатарда қанша үлкен (кіші) фигура бар?</p> <p>- Қай қатарда түсі (өлшемі, пішіні) бойынша пішіндері көп?</p> <p>Дәптермен жұмыс.</p> <p>1-тапсырма. Өз салатын заттың суретін дөңгелек және сопақшат үрінде бейнеле. Балалар суреттегі заттардың пішінін атайды. Олар сопақшаға ұқсайтын затты бейнелейді. Сопақша мен дөңгелектің айырмашылығын атайды.</p> <p>2-тапсырма. Түймелерді көрсетілген түспен боя. Белгілі бір пішіндегі түймелерді тауып, оларды тапсырмада көрсетілген түске бояуды ұсынады.</p> <p>3-тапсырма Фигураларды жалғастырып сал.</p>	<p>Жап – жасыл ағашы, Қып – қызыл алмасы. Ақ басты тауы бар Алматы қаласы.</p> <p>Дид. ойын: Кім жылдам?</p> <p>Ойын мақсаты: Педагог бастаған сөзден сөйлем құрау арқылы, сөздің қорларын көбейту</p> <p>1. Қаламыз..... гүлдене берсін</p> <p>2. Еліміз..... аман болсын</p> <p>3. Күніміз..... жақсы өтсін</p> <p>4. Деніміз..... сау болсын</p> <p>5. Күніміз..... ашық болсын</p> <p>6. Тыныштық..... заман болсын</p> <p>7. Ауамыз..... таза болсын</p> <p>8. Суымыз..... мөлдір босын</p> <p>9. Аман..... сау болайық</p> <p>10. Досымыз..... көп болсын</p> <p>11. Қаламыз көркейе берсін</p> <p><u>2. Математика негіздері</u></p>	<p>Көліктердің төрт түрлері бар. Олар:</p> <p>1. Әуеде ұшатын көліктер:</p> <p>2. Суда жүзетін көліктер:</p> <p>3. Жерде жүретін көліктер:</p> <p>4. Темір жол көліктер:</p> <p>Ал енді, балалар, осы көліктерді танысайық.</p> <p>Ерте, ерте, ертеде адамдар алыс жерлерге жануарлар арқылы және жануарларға жегілген екі дөңгелекті арбамен қатынаған. Кейінірек адамдар машина, автобус сияқты жерде жүретін көліктерді, содан кейін темір жол көліктері: пойыз, трамвайды ойлап апқан.</p> <p>- Балалар, сендер құс сияқты ұшқыларың келе ме? Міне, адамдар түрлі жолдарын ойластырған, ең</p>
--	---	---	---	--	--

	<p>3. Сумен ойнама - батарсың Отпен ойнама - жанарсың 4. Сулы жер - нулы жер 5. Су - табиғаттың ажары Су - тазалықтың досы 6. Суды шашып ойнама</p> <p><u>2.Математика негіздері</u> Дөңгелек пен сопақша Мақсаты: геометриялық фигура – сопақшаны тануға және атауға, сопақша мен шеңбердің, сопақша мен тік төртбұрыштың ұқсастығы мен айырмашылықтары н табуға, заттардың пішіндерін анықтауға үйрету. Міндеті: Шеңбермен және тік төртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру</p>	<p>ылғалдың,жарықтың, жылу мен тыңайтқыштың қажеттігі олардың жылуды,суықты,күнд і немесе бұлтты ауа- райын сезуі,олардың өсуі және көбеюі. Сұрақ-жауап – Балалар, орман деген не? Онда не өседі? Орман – өте көп ағаш, бұта , шөп, гүл, саңырауқұлақ, жеміс- жидектер өсетінәрі үлкен алқапты жер. Орман – аң мен құстардың қолайлы тіршілік ортасы. Қазақстан ормандары Шығыс Қазақстан, Қостанай, Батыс Қазақстан, Павлодар облыстарында орналасқан. Жұмбақ: Көктемде көгереді Жазда жайқалады Күзде сарғаяды Қыста томарланады. (өсімдік)</p>	<p><u>2.Сауат ашу</u> Дыбыстық талдау және буынға бөлу Мақсаты: Дыбыстар туралы сұрақтарға жауап алу арқылы жылдам ойлауға және ойларын дұрыс жеткізе алуға жаттықтыру. Міндеті: Буындардан сөздер құрастыруға(ауызша)үй рету «Сұрақ-жауап»әдісі арқылы қайталау. 1.Дыбыстар деген не? 2.Дыбыстар нешеге бөлінеді? 3.Қандай-қандай болып бөлінеді? 4.Олар қалай аталады? Дидактикалықойын:« Кім білгіш?» Мысалы:б, л,р, ө, т,и,м,с, о, з,н, е,щ, у, ш,д, ж, з,с, ч,і, з, в,ы, ф,й, ц, у,к, а, н. Педагог дыбыстарды айтады,балалар дөңгелектерді көтеру арқылы дауысты немесе дауыссыз дыбыс екенін ажыратады. -Дауысты дыбыстарға</p>	<p>Бүтін мен фигуралардың бөліктері Мақсаты: пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі; қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыруды үйрету Міндеті: қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау. «Пішінді жина» ойыны: қағаз парағына төртбұрыш немесе шеңбер сияқты тұтас пішінді салыңыз, содан кейін оны бірнеше бөлікке бөліп, араластырыңыз. Балалардан фигураны оның бөліктерін дұрыс біріктіру арқылы жинауды сұраңыз. Бұл ойын балаларға бүкіл фигураның бөліктерден</p>	<p>алдымен әуе шары пайда болды да, кейін моторы бар ұшақтар мен тік ұшақтарды ойлап тапты.</p> <p>- Балалар, сендер суда жүзіп көрдіңдер ме?</p> <p>- Ал қайықпен ше?</p> <p>- Адамдар ертеде үлкен өзендерден бөренелер арқылы жүзіп өткен. Қайықтарды, кемелерді уақыт өте ойластырып тапқан.</p> <p>Дидактикалық ойын:</p> <p>«Бағдаршам» ойыны</p> <p>Ойын мақсаты:<i>Жол ережесін сақтаудың маңыздылығын түсіндіру</i> Көшедегі қимыл- қозғалысты реттеу үшін не қажет деп ойлайсыңдар?</p> <p>- Жолда жүру тәртібі не үшін қажет ?</p>
--	---	--	--	--	---

	<p>Эксперименттік іс-әрекеті.Сопақшаның қасиеттері туралы білу үшін эксперименттер жүргізеді. Сопақшаның бұрыштары жоқ(сопақшаны саусақтармен ауада сызады). Сопақша шеңберге несімен ұқсайды? -Сопақша, дөңгелек сияқты, бұрыштары жоқ, ол да тегіс, тұрақсыз.Дөңгелек пен сопақша дөңгелек пішінді болып келеді.</p> <p>Дәптермен жұмыс.</p> <p>1-тапсырма. Фигуралардың үстінен саусағың мен жүргіз Ұқастығын және айырмашылығын ата.</p> <p>2-тапсырма. Кілемшелерді геометриялық фигуралармен безендір. Боя</p>	<p>Қиналмай тауларды орманды</p> <p>Теңізді дария топтарды</p> <p>Ауылды, қаланы халықты</p> <p>Ойлап тап көтерген алыпты. (жер)</p> <p>Дид ойын: «Не қайда өседі?»</p> <p>Мақсаты:бақ пен бақшаны ажырату ,жеміс пен көкөністердің себетке жинау</p> <p>3.Көркем әдебиет</p> <p>Ақымақ қасқыр</p> <p>Мақсаты: Сахналық қойылымға қатысуыға ынталандыру.</p> <p>Міндеті: Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну.</p> <p>Жұмбақ:</p> <p>Жол бойында жортқан, Сыбызғысын тартқан.</p> <p>(Қасқыр)</p> <p>-Қасқыр қандай аң?Қасқыр туралы қандай ертегі білесіңдер?</p> <p>-Балалар,бүгін біз«Ақымақ қасқыр»ертегісімен</p>	<p>қызыл текшені; -Дауыссыз дыбыстарға көк текшені көтеру арқылы ажыратады.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Суреттерді ата.Дауыссыз дыбыстардан басталған сөздердің суретін қорша. 2. О дыбысы бар сөздерді белгіле. 3. Заттардың атын буынға бөл. 4.Дыбыстық талдау жаса <p>(графикалық жұмыс)</p> <p>5.Үзік сызықтарды бастыр.</p> <p>3.Көркем әдебиет</p> <p>Жұлдызды сәт</p> <p>Мақсаты: Көркем сөзге қызығушылығын арттыру. Тапқырлыққа, жылдамдыққа баулу</p> <p>Міндеті: Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну.</p> <p>«Жұлдызды сәт» интеллектуалдық ойыны</p>	<p>тұратынын түсінуге және оларды дұрыс байланыстыруды үйренуге көмектеседі.</p> <p>Дәптермен жұмыс.</p> <p>1-тапсырма. Фигуралардың бір бөлігін боя.Оларды қалай атауға болады?</p> <p>2-тапсырма.Сурет қандай фигуралардан құралған?Көрсетілген түстермен боя.</p> <p>3-тапсырма. Фигураларды тауып,боя. Құрақ көрпені «жөндеу» керек. Балалар қажетті фигураны тауып, көрсетілген түспен бояйды</p> <p>4-тапсырма.Осы фигураларды бір-біріне беттестірсе,қандай сурет шығады?</p> <p>Егер фигураларды бір-біріне беттестірсе,қандай сурет шығатынын айтады.</p> <p>3.Қазақ тілі</p> <p>Аңшылық кәсіп</p> <p>Мақсаты: сөздік қорларын дамыту</p>	<p>- Ал, машина туралы тапмақты кім айтады?</p> <p>Ойын шарты: Бір бала - «Бағдаршам» болып тұрады. Ол қызыл түсті көтергенде, балалар бір адым артқа, сары түсі көтергенде орындарында тапжылмай тұрады. Жасыл түсі көтергенде, бір адым алға жылжиды.</p> <p>2.Сауат ашу негіздері</p> <p>Дыбыстық талдау</p> <p>Мақсаты: дыбыстардың түрлерін ажырата алу дағдыларын бекіту.</p> <p>Міндеті: Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау</p> <p>«Сұрақ-жауап»әдісі арқылы қайталау.</p> <p>1.Дыбыстар деген не?</p>
--	--	---	--	---	---

	<p>3-тапсырма. Фотосуреттерді сәйкес пішіндегі жақтаулармен сызып қос. Балалар отбасы мүшелерінің суреттері қандай пішінде орналасқанын анықтайды.</p> <p>4-тапсырма. Фигураларды қарандаштардың түсіне сәйкес боя.</p> <p>Дидактикалық ойын«Домалайды, домаламайды».</p> <p>Ойын мақсаты:: егер аталған зат домаласа, шапалақта, егер домаламаса, аяқпен топылдата отырып, заттардың пішінін ажырату</p> <p>3.Қазақ тілі Үй жануарлары</p>	<p>танысамыз.</p> <p>Ертегіні оқып беріп, мазмұнын ашу (соңындағы қосымшадан қараңыз).</p> <p>Сөздік жұмысы: <i>өріс</i>—мал жайылатын шөбі қалың жер <i>ши</i>—су жағасында тұтасып өсетін қамыс тектес өсімдік</p> <p>Ертегінің мазмұны бойынша сұрақ-жауап: -Ертегі қалай аталады? Қасқыр жайылып жүрген нені көрді? -Қой қасқырға не деп жауап берді? Қалай құтылды? -Қасқырға тағы не жолығады? Ешкі қасқырдан қалай құтылды? -Қой қандай жануар? Ал қасқыр қандай аң? Ертегі кейіпкерін сипаттайық. Ертегі қалай аяқталды? Тіл ұстарту жаттығуы: Ыр-ыр-ыр—ырылдайды қасқыр. Ұйқасын тап: Моп-момақан өзі, Сүп-сүйкімді (қозы)</p> <p>Дидактикалық ойын:«Жануардың</p>	<p>Интеллектуалдық ойын барысында берілген сұрақтарға, тапсырмаларға жауап беріп жарысу. Екі топқа бөліну. Оң қанаттағылар «Алғырлар» тобы, сол қанаттағылар «Тапқырлар» тобы болады. Әр дұрыс жауап бір жұлдызбен бағаланады.</p> <p>1.Кім білгір? -Қазақстанның бас қаласын ата. - Біздің Отанымыз қалай аталады? -Қазір жылдың қай мезгілі? -Неліктен күзді жомарт дейміз? -Астықты қай кезде жинайды? - Бір аптада неше күн бар?</p> <p>2. Ұшқыр ой. Мақалды аяқта. Дос болсаң (берік бол) Еңбектің наны... (тәтті) Отан көркі ... (жерімен) Жері байдың ... (елі бай)</p> <p>3. Кім жылдам?</p>	<p>Міндеті: Аңшылық кәсіпті (аң, аңшы, орманшы, қорықшы), мал өсіруге байланысты (қора, жайлау, қыстау, жем, астау, соғым, сыбаға), сөздермен таныстыру</p> <p>Педагог түсіндірмесі <i>Жайлау — жазғы қоныс. Жайлауда суы мол, шөбі шүйгін, маса-сона, шыбын-шіркейі аз жерлерден таңдайды. Қора — мал ұстайтын орын. Ол мал түліктерінің түріне қарай әр түрлі болады. Мысалы, ат қора, сиыр қора, қой қора, төл қора және жабық қора және т.б</i> <i>Жем-шөп — малды азықтандыру үшін пайдаланатын өнімдер. Олар өсімдік текті, жануар текті және минералдық болады. Жем-шөп құрамында сіңімді қоректік заттар көп.</i> <i>Сыбаға — құрметті қонаққа немесе жақын-жуыққа арнап сақталған кәделі ет мүшелері, тағама</i></p>	<p>2. Дыбыстар нешеге бөлінеді? 3. Қандай-қандай болып бөлінеді? 4. Олар қалай аталады</p> <p>Дидактикалық ойын«Дұрыс көрсет» <i>й, ы, к, е, н, г, ш, ң, з, х, ф, ы, в, а, п, р, о, л, д, ж, э, с, м, и, т, б</i> <i>дыбыстарын айтқанда тиісті текшені көрсету</i></p> <p>«Дауыссызды быстан басталатын сөз жалға» дидактикалық ойыны</p> <p>Педагог балаларға суреттер көрсетеді де, балалар суретті атайды, сол сөзге дауыссыз дыбыстан басталатын сөз жалғайды. Мысалы: доп... (қызыл), бал... (тәтті), ара... (сары), етік... (жылы)</p>
--	---	---	--	--	---

	<p>мен жабайы жануарлар Мақсаты: Үй жануарлары мен жабайы жануарлардың тіршілігіндегі айырмашылықты білу Міндеті: Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, н, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру Төлін тап дид ойыны Мақсаты: Үй жануарларының төліп табу Түйенің төлі - ботақан. Қойдың төлі – қошақан. Ешкінің төлі - лақ Жылқының төлі - құлын Сиырдың төлі - бұзау. «Сәйкестендір»</p>	<p>дыбысын сал» Қасқырдың дауысын сал– у-у-у-у. Ешкінің дауысын сал – бе-е-е. Қойдың дауысын сал– мә-ә-ә. Ертегіні сахналау</p> <p>4.Музыка «Домбыра-қобыз» Қ.Даулетиярова. Мақсаты: Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен таныстыру Міндеті: Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен таныстыру Музыка тыңдау: «Балбырауын»(Құрманғазы) «Домбыра-қобыз» Қ.Даулетиярова. Ән айту: «Балдырғандар әні»(Г. Жотаева) «Мен өнерлі баламын»(М.Омаров) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Марш» (В. Дешевов) Билер: «Шабандоздар</p>	<p>Жұмбақтың шешуін тап 1.Өзі ширақ, өзі қу, Жүрген жері айқай-шу. Түлкі</p> <p>2. Ұзын-ұзын ұсқауын, Ұзынына кім жетер? Шұбар ала күйкентай, Шұбарына кім жетер? Кітап Қалпағы ақ қарасаң, Дәрігер емес, бірақ ол. Дәм мәзірін қаласаң, Алға ұсынып тұрады ол. Аспаз Қызыл күлше тау асады, Ыстық нұрын шашады. Күн 4.Көңілді сәт.Әр топ өз өнерін көрсетеді. 5.Кім тапқыр? Ертегілерді сюжетті суреті арқылы табу 4.Дене шынықтыру Көңіл күйім Мақсаты: Баланың эмоционалдық көңіл - күйін еркін білдіруіне қолайлы жағдай туғызу</p> <p>Міндеті: Өзінің көңіл-күйін сипаттай білуге үйрету. Балаларды дені сау адамның мүмкіндіктері мен</p>	<p>Дидактикалық ойын «Бұл не?» (суреттермен жұмыс) Суреттің қайсысы ұқсайды? Олар қандай қимыл жасап тұр? <i>Жайылып жүрген жылқы</i> <i>Шауып келе жатқан жылқы</i> <i>Мультфильмдегі жылқы</i> 1. Балалар (жеке жұмыс): - жылқы туралы өз ойларын, төлі мен пайдасы жайлы түсінгенін айтады, «Қ», «Ө» дыбыстарының орнын табады, кітапшадағы жарты әріптерді толықтырады, дауысты дыбыстарды бояйды; <i>(танымдық д.д.)</i> 2. Суреттегі жылқы қандай қимылда көрсетілген. Сомдап көрсетеді, дауысын салады, жылқы болып шабады, жай жүреді. Ол жайында ойын айтады. <i>(Балалар оны қимылмен көрсете алады.</i> <i>Коммуникативтік, Шығармашылық д.д.).</i> 4.Музыка «Домбыра-қобыз»</p>	<p>,ет... (дәмді) т.б. Жұмыс дәптерімен жұмыс 1.Суреттерді ата.«С»дыбысы кездесетін заттың суретін қорша.Сөздерді буынға бөл. 2.Дыбыстық талдау жаса. <i>(графикалық жұмыс)</i> 3.Штрихта. 4.Үзік сызықтарды бастыр,жалғастыр</p> <p>3.Шығармашылық Үй құсы (балапандар) Сурет салу: Міндеті: Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді бекіту, түрлі өлшемді өрнектерді біріктіру, ақ және түрлі-түсті</p>
--	---	---	--	---	---

	<p>дид ойын Мақсаты:Жануарлар-дың төлін тауып,сәйкестендіру</p> <p>Тақпақ жаттау Шөре, шөре лағым Тентек болма шырағым. Секендемей демінді ал, Селтендеме құлағың,-</p> <p>Қара көзің мөлдіреп, Қызықтырмай қоймайды. Жібек жүнің үлбіреп, Қарасам көз тоймайды.</p> <p>4.Дене шынықтыру Өрмелеу</p> <p>Мақсаты Балалардың спорттық жаттығулар түріндегі түрлі қимылдар туралы түсінігін кеңейту</p> <p>Міндеті:Гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары</p>	<p>биі» (үнтаспада «Жұмырқылыш», «Жұптасу биі»)(чехх.әуені)</p> <p>Музыкалықаспаптаойнау: «Еркем-ай»қазақтың халық әні (өңдегенБ.Дәлденбай)</p>	<p>таныстыру,олардың салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыру.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Лақтыр-қағып ал». (10 рет) Допты лақтырып, қалаған тәсілмен қайта қағып алады. Допты кеудесіне қыспай, екі қолдап қағуға тырысады. Допты жерге құлатпаған жеңіске жетеді.</p> <p>Қимыл ойын: Тарғыл мысық және балапандар. Ойынның мақсаты: Кеңістікті барлай отырып алаңдағы өз орындарын табуға, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Бала бойында ептілік, табандылық секілді қасиеттерді қалыптастыру.</p>	<p>Қ.Даулетиярова. Мақсаты: Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен таныстыру Міндеті: Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен таныстыру Музыка тыңдау: «Балбырауын»(Құрманғазы) «Домбыра-қобыз» Қ.Даулетиярова. Ән айту: «Балдырғандар әні»(Г. Жотаева) «Мен өнерлі баламын»(М.Омаров) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Марш» (В. Дешевов) Билер: «Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмырқылыш», «Жұптасу биі»)(чехх.әуені) Музыкалықаспаптаойнау: «Еркем-ай»қазақтың халық әні (өңдегенБ.Дәлденбай)</p>	<p>фондарды қолдана отырып, түсті таңдау.</p> <p>Құрастыру Міндеті: Өзінің құрастырған құрылысын талдау арқылы тиімді конструктивті шешімдерді табу, оларды құрастыруда қолдану. Дербестікті, шығармашылықты, бастаманы қолдау.</p> <p>Мүсіндеу: Міндеті: Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану Жапсыру: Міндеті: Композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру. Қайшы мен желімді дұрыс қолдану,</p>
--	--	---	---	---	---

	<p>мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу; бірнеше заттардан еңбектеп өту, әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту, гимнастикалық қабырғамен өрмелеу және бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеу</p> <p>«Саусақтарды жаттықтыру» – допты кез келген бағытта бір қолмен домалату. Педагогтің нұсқауымен алдымен допты сол қолмен, сосын оң қолмен, кейін екі қолмен бірақ дөңгелетеді. Доптың бағытын өзгертпеуге, допты алысқа жібермеуге, доптың артынан үлгеруге тырысады.</p>				<p>еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау. Топтық жұмыс</p> <p><u>4.Дене шынықтыру.</u> <u>Секіру</u></p> <p>Мақсаты: скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту; қолдарынан ұстап, жұптарымен айналу</p> <p>Міндеті: Секіру: бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру, екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру; қос аяқпен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр),</p> <p>Секір-секір» (татар халқының ойыны) (4 рет) Әртүрлі бағытта бір аяқпен секіру.</p>
--	--	--	--	--	--

	<p>«Допты керілген жіптен асырып лақтыру. Шапшандыққа жаттықтыру» Волейбол добын керілген жіптен асырып лақтырып, астынан өтіп, шапшаң аттап, екінші жағынан қайта қағып алады.</p> <p>«Секіргіштікті жаттықтыру» 20 см биіктікке жүгіріп келіп, секіріп шығу. Секіріп бір аяғына қонады</p>				<p>Шеңберді айналдыра құрсауларды тастайды. Балалар осы құрсау ішінде тұрады. Жүргізуші шеңбердің ортасында тұрады. Жүргізуші: «Секір-секір!» дегенде, ойыншылар секіріп, орындарын ауыстырады. Осы кезде жүргізуші бір аяғымен секіріп, бос орынға тұрып алуға тырысады. Орынсыз қалған бала жүргізуші болады. Бірде-бір рет жүргізуші болмаған бала жеңімпаз саналады.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Орамалды шығар» (Дағыстан халқының ойыны) Ойыншылар екі топқа бөлініп, бір-бірлеріне қарама-қарсы тұрады. Араларына сызық сызылады. Әр баланың артында – белдіктерінде орамал тығулы</p>
--	--	--	--	--	---

					тұрады. Балалар алдыға жылжиды. Жүргізуші: «От!» дегенде, бірінші топтың балалары қашады, екінші топтың балалары оларды қуып, орамалдарын шығарып алуға тырысады. Келесі жолы екінші топ балалары оларды қуады.
Серуенге дайындық	<p>• «Үнемді тұтыну» – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу«Тамақты босқа шашпа,төкпе обал болады»тақырыбында әңгімелесу</p> <p>Жүйелі киіну (ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдау дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту)</p>				
Серуен	<p>Серуен №6 Торғайларды бақылау Мақсаты: Қыстап қалатын құс торғай туралы білімдерін тиянақтауды жалғастыру; Құстардың қысқы тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту; — Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. Бақылау барысы</p>	<p>Серуен №7 Жаяу адамдарды бақылау Мақсаты: <i>жолда жүру ережесі туралы, жолдың жаяулар жүретін бөлігі туралы білімдерін тиянақтау.</i> Бақылау барысы Көркем сөз Жаяу жүргінші білуі тиіс: Бағдаршамның өз белгісі бар-оған ешқандай</p>	<p>Серуен № 8 Итті бақылау Мақсаты: Жануарлар өміріне деген қызығушылықтарын арттыру, қиын жағдайда көмек беруге дайын болуға тәрбиелеу. Бақылау барысы Көркем сөз Ей, адамдар, адамдар! Айналаға қараңдар, Зардап шегіп жатпасын, Аш үйіңнің қақпасын,</p>	<p>Серуен № 9 Суды бақылау Мақсаты: Күз мезгіліндегі судың жай – күйі жайлы түсініктерін қалыптастыру. Бақылау барысы. Балаларға сұрақтар. *Судың қандай қасиеттерін білесіңдер? *Судың көлемі (қалпы) болама? *Өзеннің, көлдің, мұхиттың, шалшықтың сулары бәріде мөлдір</p>	<p>№ 5 САБАҚ. «ДАЛАДАҒЫ ҚАУІПТІ ОРЫНДАР» (Ашық құдықтар, қаңырап қалған ғимараттар, септиктер, құрылыс алаңдары, гараждар) Ұзақтығы:25-30 минут Топ/сынып:мектепалды тобы/сынып (5 жастағы балалар) Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты: балаларды көшедегі қауіпті орындарды</p>

	<p>Көркем сөз Ж. Смақов Шыр, шыр еткен торғайды Таспен атып торғайды Қорғамаса болмайды Ұя бұзған оңбайды. Кіп-кішкене торғайлар Құс өкпелеп кетеді Ағаштарды қорғайды Ауламызға қонбайды. Балалармен әңгімелесу:. Қараңдаршы, балалар, біздің аулада қандай құстар ұшып жүргенін. Бізде күзде ұшпай қалған құстарды қандай құстар деп атайды? (қыстап қалатын құстар) Қыстап қалатын құстар мен жыл құстарының қандай айырмашылығы бар? (қыстап қалатын құстардың жүні қалың, мамық, тұмсықтары мықты) Біз жақта қандай құстар қыстап</p>	<p>қарсылықсыз көнуің керек! Сары түс- ескерту: қозғалыс белгісін асықпай күте біл! Жасыл түс-жол ашық. Жолдан еркін өте бер! Қызыл түс бізге ТОҚТА дегенді білдіреді. Қауіпті! Жол жабық! Балалар жолдан өтерде өте сақ болыңдар! Жолда жүру ережесін үнемі есте сақта! Тәрбиеші балаларды жолдың жаяулар жүретін бөлігіне әкеліп, әңгіме өткізеді. ♦Жаяу жүргінші жолдың қай бөлігімен жүруі керек? (тротуармен) Жүргенде жолдың оң жағымен , өзгелерге соқтықпай, басқаларға кедергі келтірмей жүруге тырысу керек. Көшеде сабырлы болу керек. Жолдан өтерде бағдаршамның жасыл түсінің жануын күтіп, жаяулар жүретін жолақтан өту керек. ♦Жаяулардың тек осы</p>	<p>Жануарлар қорғансыз, Далада қалып қоймасын. Балаларға сұрақтар. Иттің тұратын орны қалай аталады? Иттің сүйікті тамағы не? Иттің сыртқы кейпі қандай? Иттің қандай түрлерін білесіндер? Кейбір иттерді неге «үйсіз иттер» (жабайы) деп атайды? Иттердің жақсы өмір сүруі, оның иесіне байланысты. Иттер әртүрлі тағамдармен тамақтанады. Олар ботқаларды, ірімшікті, сүтті жей береді. Иттер бәрінен де піскен етті жақсы көреді. Иттің тұқымы (түрлері) өте көп-неміс овчаркасы, тазы (аңшы ит), такса, пудель (бұйра жүнді ит), ротвейлер тағы басқа иттер. Олардың бәрінің бір-бірінен айырмашылығы бар. Иттер ақылды және зиянды. Есте сақтау қабілеттері өте күшті, есту қабілеті өте зор болады. Ол өзінің иесін еш уақытта еш уақытта</p>	<p>ме? *Суды аязға шығарса не болады? Су өте мөлдір. Оның түбіндегі жатқан зат көрінеді. Су - сұйық зат, оның өзіндік қалпы (көлемі) жоқ. Оны қандай ыдысқа құйсаң сол ыдыстың көлемін береді. Су түссіз, дәмсіз, иіссіз. Таза су мөлдір болады. Лай немесе лас су мөлдір болмайды. Лас судың жаман иісі болады. Ауа температурасы 0 градустан төмен болған жағдайда су мұз болып қатады. Зерттеу жұмысы. Тәрбиеші балалармен зерттеу жұмысын жүргізуге ұсынады. Шыны ыдысқа толтырып су құйып, аузын мықтап жауып, далаға аязға шығарып қою. Біраз уақыттан соң ыдыс жарылып сынады да, оның орнында бір кесек мұз қалады. Қатқан су, яғни мұз сұйық судың өзіне қарағанда көп орын алады. Яғни мұз болып</p>	<p>білуге және жазатайым оқиғаларды болдырмау үшін өзін қалай дұрыс ұстау керектігін үйрету. Міндеттері: •Балаларды көшедегі түрлі қауіпті орындармен таныстыру (ашық құдықтар, қаңырап қалған ғимараттар, септиктер, құрылыс алаңдары, гараждар). •Балаларға бұл орындардың неге қауіпті екенін түсіндіру. •Балаларға қауіпті орындардағы қауіпсіздік ережелеріне үйрету. Материалдармен ресурстар: Қауіпті орындардың суреттері немесе иллюстрациялары (ашық құдықтар, қаңырап қалған ғимараттар, септиктер, құрылыс алаңдары, гараждар). Әртүрліжағдайлар бейнеленген карточкалар. Ұйымдастырылғаніс-әрекет: Балаларды қарсы алу Көшедегі қауіпсіздік ережелерін сақтаудың маңыздылығын</p>
--	---	---	---	--	--

	<p>қалады? (қарға, торғай, кептер) Қыста торғайлар немен қоректенеді? (дәндермен, тамақтың ұсақ қалдықтарымен) Қыстап қалған құстарды неге тамақтандыру керек? (оларға тамақ жетіспейді, ал олар тоқ болса жылы жүреді) Қазір бақылап торғайлардың не істеп жүргеніне көңіл бөлейік және көргенімізді әңгімелеп берейік. Торғайлар неге адамға жақын жүреді? (адамдар оларға тамақ береді, яғни ұсақтарды тастайды) Еңбек Ағаш жапырақтары мен бұтақтарды жинау <i>Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге деген қызығушылықтарын арттыру</i> Қ/О: «Бір, екі, үш-жүкір!» <i>Мақсаты: тез</i></p>	<p>жерден өтуі керегін сендер қайдан білдіңдер? - Дұрыс айтасындар, «Жүргіншілер жолы» деген белгі бар және жолға жалпақ ақ жолақ сызылған. Еңбек Гербарий жасау үшін әдемі жапырақтарды жинау; Түскен жапырақтарды ағаш түбіне тырмамен жинау. <i>Мақсаты: табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімге тәрбиелеу.</i> Қ/О: «Бағдаршам». <i>Мақсаты: бағдаршам маңызы туралы білімдерін бекіту</i> - ептіліктерін дамыту. Жаттығу ойындары Қозғалыстарын дамыту. <i>Мақсаты: затты қашықтыққа лақтыру дағдыларын дамыту.</i></p>	<p>қиын жағдайда далада қалдырмайды, өз иесіне сатқандық жасамайды. Кейбір адамдар иттер мен мысықтарды далаға қуып жібереді. Ол кезде жануардың өмірі тозаққа айналады. Олардың ішер тамағы нашар, жылы орын жоқ, ешкім еркелетпейді, үй астындағы жертөледе, көшеде мекендеулеріне тура келеді. Олар суықпен аштықтан ауырады, өледі. Мұндай адамдарды жүрексіз адамдар дейді. Сондықтан да үй жануарларын далаға тастамаңдар, оларға қамқор болыңдар! Еңбек. Сынған ағаш бұтақтары мен жапырақтарды жинап қоқысқа апару. <i>Мақсаты.</i> Бірлесе жұмыс істеу, мақсатқа жету. Қ/О: «Біз көңілді балалармыз». <i>Мақсаты:</i> Ойын шартын сақтап ойнауға баулу. Жаттығу ойындары: Қозғалыстарын дамыту.</p>	<p>қатқанда судың көлемі ұлғаяды да, ыдысты сындырады. Ең алғаш аяз болған күні ақ өзендер, көлдер, шалшықтар мұз болып қатады. Аяз қатайған сайын мұз қалыңдай түседі. Ал, егер мұзды жылы жерге әкелсе не болар еді? (Мұз ериді де су болады). -Үлкен және кіші ыдыстардағы таза сумен бояу қосылған судың қатуын бақылау. -Ыдыстағы тығыз салынған және жәй салынған қардың еру жылдамдығы бақылау. Еңбек: Топ бөлмесіндегі өсімдіктерді күту. <i>Мақсаты: табиғат бұрышында еңбек етуге қызығушылықтарын арттыру.</i> Қ/О: «Қасқыр қақпан» <i>Мақсаты:</i> -Белгі бойынша әрекет етуге жаттықтыру; -Жылдамдықтарын, ептіліктерін, шыдамдылықтарын дамыту.</p>	<p>талқылау. Балаларменкөшедегі қауіпті орындар туралы әңгімелесу: Ашық құдықтар: Ашық құдыққа ешқашан жақындама, құлап кетіп, қатты жарақат алуың мүмкін. Егер ашық құдықты көрсең, ересек адамға айт немесе құтқару қызметіне қоңырау шал. Қаңырап қалғанғимараттар: Қаңырап қалған үйлерге немесе ғимараттарға кірме, олар өте қауіпті болуы мүмкін. Онда сынған еден, құлаған заттар немесе қауіпті жәндіктер, жануарлар болуы мүмкін. Септиктер: Септиктердің қақпақтарына жақындама, олар бекітілмеген болуы мүмкін. Егер ашық септикті байқасаң, ересек адамға айт. Құрылыс алаңдары: Ешқашан құрылыс алаңдарында ойнама, онда қауіпті заттар көп, жарақат алуың</p>
--	--	--	--	---	---

	<p><i>жүкіруге жаттықтыру, ептілікке, ұжым жетістігіне ұмтылуға баулу.</i></p> <p>Жаттығу ойындары «Шығыршыққа түсір».</p> <p>Мақсаты: Белгі бойынша әрекет ету дағдысын жаттықтыру; Затты көздеген нысанаға түсіруге жаттықтыру.</p>		<p>Мақсаты: *Затты көлденең бағытта лақтыру тәсілін меңгерту; *Көз өлшемін, қозғалыс координатын, ептіліктерін дамыту.</p> <p>Тыйым сөз: Ит – жеті қазынаның бірі. Сондықтан оны өлтіруге, азаптауға, қаңғыртып жіберуге болмайды. Олай етсе, иесінің басына жаманишылық үйіріледі.</p>	<p>Жаттығу ойындары: Еңбектеу. Мақсаты: -Қозғалыстарын үйлестіруін дамыту; -Шешім қабылдауға, батылдыққа тәрбиелеу.</p>	<p>мүмкін. Әрқашан құрылыс алаңдарынан алыс жүр. Гараждар: Гараждардың жанында, әсіресе олар жабық болса және ішінде ешкім болмаса, ойнама. Гараждарда қауіпті құралдар немесе химиялық заттар болуы мүмкін. Балалармен көшедегі қауіпті орындардағы тәртіп ережелерін қайталау.</p>
Серуенне оралу	Балалардың реттілікпен шешінуі, жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).«Суды үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру (Біртұтас тәрбие)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, Үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар Қарау және тағы басқа әрекеттер)*	<p>(Біртұтас тәрбие) Ұлттық ойын «Ақ сүйек» баланың көзін жұмғызып алаңдағы ағаш ішіне сүйекті лақтырып жіберіп, іздеу т.б. ойындар ойнату арқылы баланы тапқырлыққа, жылдамдыққа, шапшаңдыққа, икемділікке, батылдылыққа үйрету іске асырылады. Яғни, таңертеңгі қабылдау</p>	<p>(Біртұтас тәрбие) Ұлттық ойын Ақшамшық (сақина салу) – қазақ халқының ерте заманнан келе жатқан дәстүрлі ойыны. Оны сақина салу, сақина тастау деп те айтады. Ойынға он –он бес адам қатысып, ортаға бір жігітті немесе бір қызды шығарып, қолына сақина ұстатады. Ойын ережесі бойынша қыз-жігіттер үйде</p>	<p>(Біртұтас тәрбие) Ұлттық ойын Түйілген орамал. Тәрбиеші ойынды өзі бастайды. Ең алдымен балаларды айналасына жинап алады да «1, 2, 3» – деп дауыстайды. Осы кезде балалар жан – жаққа бытырай қашады. Ал тәрбиеші қолында түйілген орамалы бар баланы қуалайды. Ол орамалды басқа біреуге лақтырады қағып алған бала қаша жөнеледі.</p>	<p>(Біртұтас тәрбие) Ұлттық ойын Соқыр теке. Балалар дөңгелене тұрады. Бір баланың көзі байланып қойылады. Балалар: Бота, бұзау, қозы, лақ. Қайда кеткен құлыншақ. Соқыртеке бақ-бақ. Мені ізден таптап Деп таппайды. Содан кейін Соқыртеке (баланың көзі байлаулы) балаларды қуалайды немесе балалар оның жанына</p>	<p>(Біртұтас тәрбие) Ұлттық ойын “Шертпек “ойыны Мақсаты: Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында ұлттық ойындарды жаңғыртып бала бойына сіңдіріп, достыққа, ептілікке тәрбиелеу. Шерту әдісін үйрету, қол бұлшық еттерін дамыту.(Дене шынықтыру**)</p>

	<p>калыптастыру.</p> <p>Максаты: Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру.</p> <p>Ойын: "Қар түскенде не көрдің?" Бұл ойын балаларға алғашқы қар туралы әңгіме құрастыруға мүмкіндік береді.</p> <p>Құралдар: Жылдың төрт мезгілін бейнелейтін суреттер немесе карточкалар.</p> <p>Ойынның ережесі: Балаларға "Қар түскенде не көрдің?" деп сұрау қойылады. Олар осы сұраққа жауап ретінде өздерінің көру тәжірибесіне сүйене отырып, шағын әңгіме құрастырады.</p> <p>Д/о: "Қармен ойнау" Бұл ойын балалардың логикалық ойлауын дамытуға бағытталған.</p> <p>Құралдар: Қардың суреттері, қармен ойын жағдайын сипаттайтын карточкалар.</p>	<p>анықтау</p> <p>«Артығын тап» ойынын педагог балалармен ұйымдастырады.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Бас, қол, көз, қас, тас. (тас) 2. Алма, алмұрт, шие, бие. (бие) 3. Шахмат, хоккей, футбол, волейбол, бокс, фокус. (фокус) 4. Пияз, қияр, қызанақ, сәбіз, жүзім. (жүзім) 5. Балға, балта, ара, егеу, шеге, терезе. (терезе) <p>«Тізбекті жалғастыру» дидактикалық жаттығуы – Балалар, мен бір сөз айтып, допты біреуіңе беремін, мен айтқан сөз қандай дыбыспен аяқталса, ол сол дыбыстан басталатын сөз ойлап айтады да, келесі балаға допты береді. Мысалы: қала – алмұрт – тарақ – қымыз – зәкір – рауғаш</p> <p><u>Қоршаған ортамен</u></p>	<p>Жазық фигура мен көлемді фигура</p> <p>«Затты тап» ойыны Балалар санамақ санау арқылы топқа бөлінеді. Педагог жиынтықтағы геометриялық денелерді кезек-кезек көрсетіп, оларға қандай заттар ұқсас екенін сұрайды (пішіні бірдей). Топтарда тақырыптар талқыланады және аталады</p> <p>Дәптермен жұмыс. Ойын жаттығуы. «Фигураларды топқа бөл». Тапсырманы түсіндіреді: «Фигураларды екі белгіге қарап, топқа бөл: пішіні және түсіне қара». Педагог әр топқа пішін мен түс бар карточканы көрсетеді. р топ фигураларды өз белгісі бойынша таңдайды және оларды біріктіреді. Балалар фигураларды талдайды, салыстырады</p> <p><u>Сауат ашу негіздері</u> Дыбыстық талдау - Максаты: Сөздегі дыбыс санын анықтай алуға үйрету, дыбыстық талдау жасауды үйретуді жалғастыру.</p> <p>Міндеті:Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды</p>	<p>Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану.</p> <p>Ойын 1: "Отанымның табиғаты"</p> <p>Ойынның барысы: Суреттер мен заттарды қолдану: Балаларға Отанның табиғатынан (таулар, өзендер, ормандар, көк аспан, алаңқайлар) суреттер көрсетіледі. Әр сурет бойынша балалар табиғат құбылыстарын сипаттап, сын есімдер мен үстеулерді қолданады. Сұрақтар қою: "Бұл қандай жер?", "Мұнда қандай өсімдіктер өседі?", "Бұл жерде қандай ауа райы?"</p>	<p>Міндеті:Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының маңыздылығын түсіну Қазақстан туралы екенін айтады.</p> <p>Педагог өлең оқиды Үлкен орман, шөлдері Елді десем, табыңдар! Үлкен өзен, көлдері Бұл – менің Отаным... Пайдалы қазба – жер астынан қазылып алынатын кен туралы әгімелесу.</p> <p>«Эксперимент әдісі» Максаты: тұз, құм, темір пен көмірді зерттеп көру Ыдыстағы суға көмірді салып, судың қара түске боялғанын көреді, көмір қатты болғанымен үгітілгіш екенін байқайды, тұзды салса еріп, су бұлыңғыр түске айналғанын , бор да үгілгіш екенін, тақтаға жазып, із қалдыратынын, құм сусылдақ, суға салса ерімейтінін анықтайды. Темірге магнит жақындатса, жабысатыны туралы айтады</p> <p><u>Сауат ашу негіздері</u> Дыбыстық талдау Максаты: Дауыссыз, дауысты дыбыстарды ажыратуға жаттығулар жасату.</p> <p>Міндеті:Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды</p>
--	---	---	---	--	---

	<p>Ойынның ережесі: Балаларға қармен ойнау туралы карточкалар беріледі. Әр карточкада қармен байланысты іс-әрекеттер немесе көріністер жазылған болады (мысалы, "Қарды лақтырып ойнау", "Қармен тұратын адам", "Қарды мүсін жасау"). Балаларға осы карточкалар бойынша шағын әңгімелер құрастыру ұсынылады. Әр бала кезекпен карточканы таңдап, оның мазмұны бойынша әңгіме айтып береді.</p> <p><u>Математика негіздері</u> Шар.Текше.Цилиндр Мақсаты: геометриялық денелерді текше, шар, цилиндр тануға және атауға үйрету Міндеті:Денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру.</p> <p>Топтық жұмыс Балалар санамақтың көмегімен топтарға бөлінеді. р топқа фигура таратылады. Педагог оларды зерттеп, анықтап қарауды, көлемді фигураларды</p>	<p><u>танысу</u> Арнайы көліктер. Мақсаты: Көлік түрлерімен таныстыруды жалғастырып, олардың қарапайым құрылысы және қажеттілігі жайлы түсіндіру. Міндеті:Жүк және жолаушы көліктері.Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну</p> <p>1. "Көлік құралдарын тап!" Мақсаты: Балаларды әртүрлі көлік құралдарымен таныстыру, олардың жұмыс істеу принципін түсіндіру, көліктерді ажыратуға үйрету. Ойын барысы: Балалар шеңберге тұрып, әртүрлі көлік құралдарының суреттері немесе ойыншықтары қойылады. Мұғалім әртүрлі көліктердің</p>	<p>анықтау «Жалауша» дидактикалық ойын-жаттығуы Педагог дыбыстарды айтады, егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді. «Кім көп сөз ойлап айтады» дидактикалық ойыны – Н дыбысынан басталатын сөздер ойлаңдар. – Нан, нар, ну, нарын, немене, не, неге, нағыз, Нұрлан, Нұргүл, нақ, неліктен. Қолдарын шапалақтап, сөздерді буынға бөледі, сонан соң буындары ретімен айтады. – Р дыбысынан басталатын сөз ойлаңдар. – Радио, раушан, рас, рет, резеңке, рең.</p> <p>Жұмыс дәптерімен жұмыс</p> <p><u>Көркем әдебиет</u> Жантөре мен аққоян Әңгімені жалғастырып айтуға</p>	<p>Балалар сипаттама жасайды. Ойын 2: "Менің Отанымның мәдениеті мен тарихы" Мақсаты: Сюжеттік суреттер арқылы Отанымыздың мәдениеті мен тарихи нысандарын сипаттауға дағдыландыру. Ойынның барысы: Сюжеттік суреттерді қолдану: Балаларға Отанымыздың мәдени және тарихи орындары (елорда, ескерткіштер, ұлттық киімдер, мерекелер) туралы суреттер көрсетіледі. <u>Математика негіздері</u> Жазық фигура мен көлемді фигура Мақсаты: Міндеті: (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге</p>	<p>анықтау <i>«Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз жалға» дидактикалық жаттығуы</i> Педагог балаларға суреттер көрсетеді, балалар сол суреттің мағынасына келетін, дауыссыз дыбыстан басталатын сөздер жалғаулары керек. Мысалы: <i>қызанақ ... (қызыл), қияр ... (жасыл), балмұздақ ... (тәтті) т.б.</i> <i>«Сөзді аяқта» дидактикалық жаттығуы</i> – Балалар, мен сендерге соңғы буынын айтпай сөздер айтамын, сендер буынды қосып, сөзді айтасыңдар. Мысалы: <i>ку...шік, көбе...лек, ба...нан, алжап...қыш,</i> <u>Сурет салу/</u> Ормандағы қоян Мақсаты:Қоянның бейнесін,мүсінін жасауды ,жапсыруды үйрену. Әңгімелесу: "Қоянды орманда көргендерің бар ма? Ол қалай қашады? Ол не жейді? Қоянның ормандағы өмірі туралы не білесіңдер?" деп сұрау арқылы балалардың бұрыннан бар білімін тыңдап, шығармашылыққа бағыттау. Осы мотивациялық кезең арқылы балалардың назарын</p>
--	---	---	---	---	--

	<p>колмен ұстап көруді сұрайды. Фигуралардан сарай тұрғызуды ұсынады және оның қандай фигуралардан құрастырылғанын айтып беруді сұрайды.</p> <p>«Неге ұқсайды?» дидактикалық ойыны. Педагог текше, шар, цилиндр фигуралы пішіндес заттарды бейнелейтін суреттерді қарап шығуды ұсынады.</p> <p>– Шар неге ұқсайды? (Қарбыз, доп, глобус.)</p> <p>– Цилиндр неге ұқсайды? (Стақан, саптаяк.)</p> <p>– Текше неге ұқсайды? (Текше, сыйлық қорабы.)</p> <p>Дәптермен жұмыс.</p> <p><u>Қазақ тілі</u></p> <p>Қыс</p> <p>Мақсаты:</p> <p>Тілдік және артикуляциялық аппаратты дамыту.</p> <p>Таза дикция мен тыныс алуды жақсарту.</p> <p>Қыс мезгілі туралы сөздерді меңгерту.</p> <p>Міндеті: Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды</p>	<p>сипаттамасын айтады (мысалы, "Бұл көлік үлкен жүк тасиды", "Бұл автобус адамдарды тасымалдайды", "Бұл көлік жолды қазуға арналған").</p> <p>Балалар осы сипаттамаға сәйкес көліктерді табуы керек.</p> <p>Ойын барысында мұғалім әр көлік түрінің ерекшеліктері мен қолданылу аймағы туралы әңгімелейді.</p> <p>Ойынның соңында балаларға әр көліктің маңызы мен қажеттілігі жайлы сұрақтар қойылып, олар өз ойларын жеткізуге шақырылады.</p> <p>2. "Көлікпен саяхат"</p> <p>Мақсаты: Балаларға көліктердің түрлерін таныстыру, олардың қозғалысымен таныстыру, жол ережелерін үйрету.</p> <p>Ойын барысы: Балалар екі топқа бөлінеді: бір топ көлік құралдары болып,</p>	<p>жетелеу. Сөздік қорын байыту.</p> <p>Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау</p> <p>Бағдат Мәжитовтың «Жантөре мен ақ қоян» деген қызықты әңгімесін оқу</p> <p>Сұрақ-жауап ойыны(доппен)</p> <p>– Әңгіме қалай аталады? Жантөре қардан не жасағысы келді?</p> <p>– Жантөре досы екеуі нені көрді? Жантөре досына не айтты?</p> <p>– Қардың арасынан ақ қоянды көргенде Жантөре не деді?</p> <p>– Қоянды не үшін жібере салды?</p> <p><u>Дене тәрбиесі</u></p> <p>Ұлттық қимылды ойындарды</p> <p>Мақсаты: Балаларға ұлттық қимылды ойындар арқылы дене тәрбиесі дағдыларын қалыптастыру</p>	<p>жаттықтыру.</p> <p>«Пішіндес заттарды тап» ойын жаттығуы.</p> <p>Жұптық ойын.</p> <p>Үстелдің үстінде фигуралар жиынтығы бар конверттер қойылған: шеңбер, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш.</p> <p>конверттен кез-келген фигураны алады, оны атайды. Ал екінші бала қоршаған ортада кездесетін осындай пішінді заттарды тауып айтады. Содан кейін балалар рөлдерімен ауысады..</p> <p>Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Текше мен шаршыны қолыңа ал. Фигуралардың үстінен саусағыңмен жүргізу</p> <p><u>Қазақ тілі</u></p> <p>Қыстауда</p> <p>Мақсаты: •</p> <p>Қыстау, қора, жайлау, жем, астау, соғым, сыбаға сияқты сөздерді түсініп, дұрыс айту дағдыларын дамыту.</p> <p>• Мал өсіру мен ауыл шаруашылығы туралы түсінік қалыптастыру.</p> <p>Міндеті: мал өсіруге</p>	<p>тақырыпқа аударып, олардың ойлау қабілеттерін, қызығушылықтарын дамыту мақсатында орман мен қоянның өміріне қатысты сұрақтар мен тапсырмалар беріледі.</p> <p>Міндеті: Бояумен сурет салу кезінде қылқаламды бояуға батыру, қағазға жуан сызықтарды сызарда қылқаламды көлденең, ал жіңішке сызықтар мен нүктелерді сызу үшін тігінен ұстап, суреттерді бояғанда бір бағытта солдан оңға қарай, жоғарыдан төмен қарай, қиғашынан жүргізу.</p> <p><u>Жапсыру/</u> Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару.</p> <p><u>Мүсіндеу/</u> Адамның бейнесін, жануарлардың қимылдарын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеу. Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау</p> <p><u>Құрастыру</u></p> <p>Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу.</p>
--	---	--	---	---	---

	<p>және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, н, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру</p> <p>Ойын 1: «Қысқы дыбыстар»</p> <p>Мақсаты: Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету.</p> <p>Өткізілу барысы:</p> <p>Алдын ала дайындық: Мұғалім балаларға қыс мезгілі туралы айтып, қысқы заттарды көрсету. Мысалы, қар, шана, мұз, таулар, бүркіт және т.б. туралы сөздер айтылады. Дыбыстарды анықтау: Қыс мезгіліне қатысты сөздер арасында ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, н, һ дыбыстарын кездестіру. Мұғалім балаларға әр дыбысты нақты әрі анық айтуға көмектеседі. Мысалы, «құйрық», «қар», «шана», «мұз» сөздеріндегі қ, ү, ә, һ дыбыстарын айтуға назар аудару.</p> <p>Жұптық жаттығу: Балалар жұптаса отырып, қыс туралы сөздерді айтуға</p>	<p>екінші топ – жолаушылар. "Жол" белгіленген алаңда жүру ережелері түсіндіріледі: "қызыл түс – тоқтау", "жасыл түс – жүру" және т.б. Көліктер жолаушыларды белгілі бір бағытқа апару керек. Олар белгілі бір көлік түрін таңдауы керек. Жолаушылар көліктерге отырғызылады және жол ережелерін сақтай отырып, көлік құралдары қозғалады. Ойын кезінде көліктердің әр түрі арнайы тапсырмаларды орындап жүреді (мысалы, автобус балаларды апарды, жүк көлігі тасымалдауды орындайды). Ойын соңында жол ережелерін сақтаудың маңыздылығы мен көшеде қауіпсіз жүрудің қажеттілігі туралы әңгіме жүргізіледі.</p>	<p>Міндеті: Үлгі мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.</p> <p>Ойын: "Асық ату"</p> <p>Мақсаты: Балалардың ұлттық ойындарға қызығушылығын арттыру, ойлау және дәлдік дағдыларын дамыту.</p> <p>Құралдар: Асықтар, белгіленген аймақ немесе нысан.</p> <p>Ойынның ережесі: Балалар екі топқа бөлініп, асықтарды белгіленген нысанға ату керек. Әр бала кезекпен асық атып, оны белгіленген жерге түсіруге тырысады. Бұл ойын балалардың дәлдік, ұтқырлық, ойлау қабілеттерін және ынтымақтастыққа деген қызығушылығын арттырады.</p>	<p>байланысты (қора, жайлау, қыстау, жем, астау, соғым, сыбаға),</p> <p>Ойын 1: «Қыстау мен жайлау»</p> <p>Мақсаты: Қыстау мен жайлау, қора, жем, астау сөздерін таныстыру, дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Алдын ала түсіндіру: Мұғалім балаларға мал өсіру туралы әңгіме айтып, қыстау мен жайлау ұғымдарын түсіндіреді. Балаларға қыстау дегеніміз не, жайлау мен қораның айырмашылығы, соғым мен сыбағаның мағынасы туралы сұрақтар қойылады. Қыстау – қыста малды ұстайтын жер. Қора – малға арналған үй. Жайлау – жазда малды өрістететін жер. Жем – малға</p>	<p>Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту</p> <p>Дене тәрбиесі</p> <p>Гигиена</p> <p>Мақсаты: Балаларға қоғамдық орындардағы гигиена ережелерін түсіндіру;</p> <p>Міндеті: Қоғамдық орындардағы гигиена ережелерін сақтаудағы дұрыс қылықтарды қалыптастыру.</p> <p>Ойын 1: «Таза қала»</p> <p>Мақсаты: Қоғамдық орындарда тазалықты сақтау және тәртіпті болу туралы түсінік беру.</p> <p>Қажетті құралдар: Үлкен қағаз беті, түрлі-түсті маркерлер немесе бояулар, қағаздан қиылған әртүрлі заттар (қоқыс, қалдықтар, жол белгілері, қоқыс жәшіктері және т.б.).</p> <p>Өткізілу барысы:</p> <p>1. Балаларға таза қала мен ластанған қаланың суреттерін салыңыз. Таза қалада қандай көріністер болатыны туралы айтып, балаларды ойландыру керек (таза көше, қоқыс жәшіктері, гүлдер, таза ауа және т.б.).</p> <p>2. Балалардан қоғамдық</p>
--	--	--	--	---	--

	<p>жаттығады, содан кейін мұғалім олардың дыбыстарды дұрыс айтуын тексереді. Тапсырма: Мұғалім әр суретті балаларға көрсетіп, олардан осы суретке қатысты сөздерді айтуын сұрайды. Балалар сол сөздерді дұрыс айтуға тырысады, мұғалім олардың айтылуын тексереді. Мысалы: «Қар» сөзіне «қ» дыбысын анық айту. «Шана» сөзіне «ш» дыбысын, «а» дыбысын айқындау. «Кұйрық» сөзіндегі «қ» және «ұ» дыбыстарын айқындау.</p> <p><u>Дене тәрбиесі</u></p> <p>Секіру Мақсаты: Балалардың секіру дағдыларын дамыту, дене қозғалыстарының үйлесімділігін арттыру, баланс пен координацияны жетілдіру.</p> <p>Міндеті: Алға айналдыраотырып, ұзын және қысқа секіргіштен секіру, оң және сол аяқты алмастыраотырып, арқаннан, сызықтан секіру, тұрған орнында айналып секіру; биіктіктенсекіру,20</p>	<p><u>Көркем әдебиет</u></p> <p>Қыс Өлеңдерді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту.. Мнемокест арқылы «Қыс» өлеңін жаттау</p> <p>Тіл ұстарту жаттығуы: Ыс-ыс-ыс – келіп жетті қыс.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Кімге не керек?» (ойлау қабілетін дамыту) Шарты: қыста киетін қыздар мен ұлдардың киім түрлерін іріктейді. Педагог қорытынды жасайды. Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау. Яз-яз-яз – сақылдаған сары аяз.</p> <p><u>Музыка</u> «Бақытты балалық» әні: Ә.Бейсеов, сөзі: Ә.Дүйсеков Мақсаты: Би қимылдары мен музыканы үйлестіре отырып, балаларды шығармашылық орындауға ынталандыру. Міндеті: Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың</p>		<p>арналған азық (сена, түйіршік және т.б.). Астау – жем салатын ыдыс.</p> <p>Соғым – қысқы мезгілде сойылатын мал.</p> <p>Сыбаға – соғым кезінде еттің бөлінуі.</p> <p>Ойын: «Қыстау мен жайлау табу» Мұғалім балаларға карточкаларды көрсетіп, онда жазылған сөздерге сәйкес суреттерді таптыруға тырысады. Мысалы, «Қыстауда қандай нәрселер болады?» деген сұраққа «қора», «жем», «астау», «соғым» деп жауап беру керек.</p> <p>Музыка «Бақытты балалық» әні: Ә.Бейсеов, сөзі: Ә.Дүйсеков Мақсаты: Балалардың музыкалық есту қабілетін дамыту, ән мәтініне сәйкес би қимылдарын орындау, шығармашылық тапсырмалар арқылы балалардың өзін-өзі көрсетуін ынталандыру. Міндеті: Таныс би</p>	<p>орындарда тазалықты сақтау үшін қандай ережелер бар екенін сұраңыз. Олар ұсынған идеяларды қағаз бетіне жазыңыз.</p> <p>3.Балаларға ластанған қаланың суретін көрсете отырып, олардан қоқыстарды қалай жинау керек екенін, қоқыс жәшіктеріне қоқыстарды қалай салу керектігін түсіндіріңіз.</p> <p>4.Балалар әртүрлі заттарды (қоқыс, қоқыс жәшіктері, гүлдер, т.б.) қағаз бетіне орналастырып, «Таза қала» жасауы керек.</p> <p>Ойын 2: «Гигиеналық ережелерді орындау» Мақсаты: Қоғамдық орындарда гигиеналық ережелерді сақтау дағдыларын қалыптастыру.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Балаларға гигиеналық ережелерді көрсету үшін бірнеше бейнемазмұн немесе картиналар пайдаланыңыз. Мысалы, баланың қоғамдық жерде қол жуғаны, қоқысқа қоқыс тастағаны, гүлді суарғаны сияқты әрекеттерді көрсетіңіз. • Балаларға осындай жағдайларды талқылап, оларды орындауды сұраңыз: «Егер сен дүкенде болсаң, қолыңды қалай жуу керек?»,
--	---	---	--	---	--

	<p>сантиметрдейінгібиіктіктік ке секіру.</p> <p>1. "Арқанмен секіру" Бұл ойын балалардың секіру техникасын және үйлесімділігін дамытады.</p> <p>Құралдар: Қысқа және ұзын секіргіштер.</p> <p>Ойынның ережесі: Оқушылар екі түрлі секіргішті пайдалана отырып, секіруге қатысады.</p> <p>Бірінші кезекте балаларға секіргішті қолымен айналдырып, оның астынан секіруге тапсырма беріледі. Әр бала кезекпен секіріп, ойын кезінде дұрыс координация жасап, секіргіштің астынан қауіпсіз өтуді үйренеді. Бұл жаттығу балалардың қимыл үйлесімділігі мен секіру жылдамдығын арттырады.</p> <p>2. "Сызықтан секіру" Бұл ойын балалардың оң және сол аяқтарын алмастыра отырып, секіру дағдыларын дамытады.</p> <p>Құралдар: Жерге тартылған сызықтар немесе арқан.</p> <p>Ойынның ережесі: Балалар сызықтан немесе арқаннан оң және сол аяғымен секіріп өтулері керек. Тапсырма ретінде әр бала сызық арқылы немесе</p>	<p>сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау;</p> <p>шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.</p> <p>Мақсаты: Мәтінге сәйкес әнді сахналау арқылы балалардың сахналық қабілеттерін дамыту.</p> <p>Құралдар: «Бақытты балалық» әнінің әуені, сахна декорациясы (қажет болса).</p> <p>Ойынның ережесі: Балалар әннің мәтініне сәйкес сахналық қойылымды орындап көреді. Әннің сөздері мен әуенін балаларға таныстырып, оларды сахналау үшін өз рөлдерін тандап алуға шақырамыз.</p> <p>Әннің сөздеріне сай қол қимылдары, дене қозғалыстары және бет-әлпет арқылы эмоцияларды білдіруді үйретеміз.</p> <p>Балалар әнді орындап, сахнада өз эмоцияларын көрсетіп, музыкалық шығармашылықта белсенділік танытады. Бұл ойын балалардың сахналық шеберліктерін және шығармашылық</p>		<p>қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.</p> <p>Ойын 1: «Әнмен би билеу»</p> <p>Мақсаты: Балаларға әннің мәтініне сәйкес би қимылдарын орындау арқылы музыкалық сезімталдықты дамыту.</p> <p>Ойынның барысы: Әнді тыңдау: Балалар «Бақытты балалық» әнін тыңдайды. Әннің музыкасының сипатына назар аудару қажет: әуеннің көңілді, қуанышты екендігін аңғаруға тырысу.</p> <p>Қимылдарды көрсету: Мұғалім әннің әр бөлігіне сәйкес би қимылдарын көрсетеді. Әр қимыл әннің мәтініне және музыкасына сәйкес келеді.</p>	<p>«Қоқыс жәшігін қайда тастау керек?» деген сұрақтарды қойыңыз.</p> <ul style="list-style-type: none"> Балаларға осы гигиеналық дағдыларды орындауға мүмкіндік беріңіз. Олар «қол жуу», «қоқыс жинау», «қоғамдық орындарда тазалық сақтау» секілді тапсырмаларды орындап, сабақ соңында гигиеналық дағдыларды тексеру үшін қысқаша сұхбат өткізіңіз.
--	--	---	--	---	--

	арқанның үстінен әр аяғын кезек-кезек қойып секіруді орындайды. Бұл ойын балалардың тепе-теңдікті сақтап, әртүрлі секіру қимылдарын дұрыс жасауға дағдыландырады.	қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.			
Серуенге дайындық	«Үнемді тұтыну» Суды үнемдеу Неге суды үнемдеу маңызды? Су — тіршіліктің негізі. Біз оны үнемдеп пайдалану арқылы табиғатқа көмек көрсетеміз. Сонымен қатар, судың тапшылығы мәселесі бүкіл әлемде маңызды болып тұр. Үнемді су пайдаланудың қарапайым жолдарын апта бойы түсіндіру	«Үнемді тұтыну» Құбырларды, крандарды тексеріп отырыңыз. Құбырларда немесе крандарда ағып жатқан су табиғатқа зиян келтіреді. Бұған жол бермей, ағып кеткен суды тез арада жою керек.	«Үнемді тұтыну» Шыны немесе стаканмен су ішу. Шүмектен су ішпе	«Үнемді тұтыну» Жуыну кезінде суды үнемдеу. Душ қабылдағанда суды ағызып қоймай, қажет мөлшерде ғана пайдалану	«Үнемді тұтыну» Су толтырылған ыдыстарды қайта қолдану. Су өсімдіктерді суаруға өте қолайлы, оны да үнемдеп қолдануға болады.
Серуен	№ 1 картотекасы. Бақылау: Ауа райындағы өзгерістерді бақылау, қарды бақылау. Еңбек: Ауласыпырушының еңбегін бақылау, оларға көмектесу. Жеке жұмыс: Жұрттың бәрі оны сүйеді, Бірақ оған қарағысы келмейді. Қимылды ойын: «Алдар көсе» Мақсаты: Ойын арқылы ұлттық сана – сезімін қалыптастыру. Өзіндік іс – әрекет: Ауласыпырушыға қолдарынан келгенше көмектесу.	№ 2 серуен картотекасы. Бақылау: Ауа райындағы өзгерістерді бақылау, қарды бақылау. Еңбек: Ауласыпырушының еңбегін бақылау, оларға көмектесу. Жеке жұмыс: Жұрттың бәрі оны сүйеді, Бірақ оған қарағысы келмейді. Қимылды ойын: «Алдар көсе» Мақсаты: Ойын арқылы ұлттық сана – сезімін қалыптастыру. Өзіндік іс – әрекет: Ауласыпырушыға	№ 3 серуен картотекасы. Бақылау: Жауған қарды алақандарына салып бақылау (түсі, пішіні, қатты, жұмсақ) Еңбек: Ауласыпырушының еңбегіне араласу, сыпыруға көмектесу. Жеке жұмыс: Санамақтар айту. Жаттау жаттату: Аппақ көше, бар дала Аппақ ой мен қыраттар Ақ шатырлы қар қала Ақ жамылып тұр бақтар Қимылды ойын: «Күн мен түн», шана тебу Өзіндік іс – әрекет: Балаларды шапшандыққа баулу	№ 4 серуен картотекасы: Бақылау: Қыстап қалған құстарды бақылау (қара қарға, сауысқан, торғай, ұзақ қарға, көгершін) Еңбек: Құстарға жем пашу, қамқорлыққа алу. Жеке жұмыс: Тікен – тікен тік пісте Қысы – жазы бір түсте (Шырша) Қимылды ойын: «Аю мен құлпынай», «Өз үйіңді тап» Өзіндік іс – әрекет: Балаларды зейінді	«Қауіпсіздік сабағы» № 6 САБАҚ. «ҮЙДЕГІ ҚАУІПТІ ЗАТТАР» Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты: балаларды үйдегі қауіпті заттарды тануға және жазатайым оқиғалар мен улануды болдырмау үшін дұрыс әрекет етуге үйрету. Міндеттері: Балаларды үйдегі әртүрлі қауіпті заттармен (дәрілер, тұрмыстық химия, газ баллондары) таныстыру. Балаларға бұл заттардың неге қауіпті екенін және тәртіпсіздіктің салдары қандай болатынын түсіндіру.

		қолдарынан келгенше көмектесу.		болуға үйрету.	<p>Балаларды қауіпті заттардыңжанында қауіпсіздік ережелеріне үйрету.</p> <p>Материалдармен ресурстар: Қауіпті заттардың суреттері немесе иллюстрациялары (дәрілер, тұрмыстық химия, газ баллондары).</p> <p>Өртүрліжағдайлар бейнеленген карточкалар.</p> <p>Ұйымдастырылғаніс-әрекет: Балаларды қарсы алу.</p> <p>Педагог балаларды қарсы алып, бүгін олар үйде қандай заттар қауіпті болуы мүмкін екенін және олардыңжанында қалай дұрыс әрекет ету керектігін түсіндіру.</p> <p>Үйде қауіпсіздік ережелерін сақтаудың маңыздылығы туралы түсінік беру.</p> <p>Үйдегі қауіпті заттар туралы әңгіме:</p> <p>Дәрі-дәрмектер: Дәрі-дәрмектерді тек ересектердің нұсқауымен қабылдау керек екенін түсіндіру.</p> <p>Дәрілерді ешқашан өздігінен алмау және тіпті олар кәмпитке ұқсаса дәдәмін көрмеу.</p> <p>Тұрмыстық химия: Жуу құралдары, ағартқыштар, тазалау құралдары және басқа тұрмыстық химикаттар өте қауіпті болуы мүмкін екенін түсіндіру.</p> <p>Ешқашан тұрмыстық химияны ересек адамдарсыз ашып, қолданбау.</p>
--	--	--------------------------------	--	----------------	---

					<p>Газ баллондары: Газ баллондары (мысалы, аэрозольдер) дұрыс қолданылмаса, қауіпті болуы мүмкін екенін түсіндіру. Баллондармен ойнамау және оларды әсіресе жабық орындардашашпау.</p> <p>Сюжеттік-рольдік ойындар: Балаларды топтарға бөліп, қуыршақтар немесе ойыншықтар тарату.</p> <p>Жағдайларды сахналау: бала дәрілерді, тұрмыстық химияны немесе газ баллонын тауып алады. Әр жағдайдағы тәртіп, қауіпсіздік ережесін талқылау. Ережелерді қайталау:</p>
Серуеннен оралу	Серуеннен алған әсерімен бөлісу.	Ретімен шешіну. Отбасы туралы мақалдарды жаттау	Серуен туралы эмоционалды жауап (Не көбірек есте қалды?)	Киім заттары туралы жұмбақтарды шешу.	Серуеннен алған әсерімен бөлісу.
Балалармен жеке жұмыс	Мансұр Ғ,Қ дыбыстарымен жұмыс	Димаш Дыбыстармен жұмыс	Адина Апта күндері туралы түсінік беру	Азиз Жыл мезгілдері туралы түсінік беру	Сұлтанмұрат 1-10ға дейінгі сандармен жұмыс(Арнайы түзету іс-әрекеті*****)
ЕББҚЕБ	Ерасыл, Медина балалармен бірге ойнауға дағдыландыру, апта күндері поезын қарап, апта күндері туралы түсіндіру. (Арнайы түзету іс-әрекеті*****)	Ерасыл, Медина Астана қаласының суреттерін қарау, пазлдар құрастыру ҚР- ның рәміздері буклетін қарау. (Арнайы түзету іс-әрекеті*****)	Ерасыл, Медина ертегіден суреттер бояу. Ермексازдан аюды мүсіндеп үйрету. Түстерді қайталау. Суреттер бояу. (Арнайы түзету іс-әрекеті*****)	Ерасыл, Медина дауысты дыбыстарды әндетіп айтуға үйрету. Пластинография (суретке ермексаз жабыстыру арқылы саусақ моторикасын дамыту) (Арнайы түзету іс-әрекеті*****)	Ерасыл, Медина ертегі қарау. Кейіпкерлерді п-а көмегімен мүсіндеу. (Арнайы түзету іс-әрекеті*****) .
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық,	«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» «Түлкі мен қоян»	«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» «Қазақша күрес»	Түс өзгерту эксперименті (Түстердің әсері) Мақсаты: Түстердің әсерін	«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» «Арқан тартыс»	Құмдағы іздер эксперименті Мақсаты: Құмның қасиеттерін зерттеу, іздер қалдыруды

коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)*	Мақсаты: Балаларды жылдамдық пен ептілікке үйрету. Құралдар: Жердегі сызық немесе белгіленген орын. Ережелер: • Балалар екі топқа бөлінеді: біреуі түлкі, екіншісі қоян болады. • Түлкі мен қоян белгіленген сызық бойында жүреді. Түлкі қоянды қуып жетіп, ұстап алуы керек. • Қоян түлкіден қашып, өз сызығынан өтіп кетпеуі керек. Ойын сынып ішінде орындалады. (Дене тәрбиесі**)	Мақсаты: Балалардың денесін шынықтырып, күш-жігерін арттыру. Құралдар: Жұмсақ кілем немесе кішігірім төсеніш. Ережелер: • Балалар жұпқа бөлініп, бір-бірімен «қазақша күрес» ойнайды. Ойынның мақсаты — қарсыласты төселген кілемге немесе жерге құлату. • Балалар бір-біріне ешқандай жарақат келтірмей, тек жеңіл әрі қауіпсіз қозғалыстар жасайды. (Дене тәрбиесі**)	зерттеу. Құралдар: • Ақ қағаз • Түрлі түсті су (пластик бөтелкелермен немесе шыны ыдыстармен) • Сұйық бояу немесе түсті сұйықтықтар Жаттығу: 1. Балаларға бірнеше сұйық түсті (қызыл, көк, жасыл, сары) сұйықтықтарды көрсету. 2. Әр түрлі түстердің суы әртүрлі сипаттарға ие екенін айту (мысалы, қызыл су жылу сияқты, көк су салқын сияқты). 3. Балаларға әртүрлі түстерді араластырып көріп, қандай түстер шығады екендігін бақылауға мүмкіндік беру.	(Сынып ішінде) Мақсаты: Балалардың күшін тексеріп, командалық рухты дамыту. Құралдар: Ұзын арқан немесе жіп. Ережелер: • Балалар екі топқа бөлінеді. • Топтар өздері тартып тұрған арқанның белгілеген сызықтан өтуіне жол бермей, қарсыластарын сызықтың арғы жағына тартуы керек. • Балалар сыныптың ішінде қауіпсіз түрде орын ауыстыра алады. (Дене тәрбиесі**)	үйрету. Құралдар: • Таза құм • Жұмсақ қылқалам немесе таяқша Жаттығу: 1. Балалар құмға әртүрлі құралдармен іздер қалдырып көреді (қолмен, таяқшамен, қылқаламмен). 2. Қандай іздер басқалардан ерекше екендігін бақылау (жіңішке немесе кең, терең немесе жеңіл). 3. Балаларға құмның бетінде әртүрлі іздер қалдырудың нәтижелерін салыстыруға мүмкіндік беру.
Балалардың үйге қайтуы	«Өнегелі 15 минут» Отбасында қауіпсіз мінез-құлық нормаларын білу туралы кеңес	«Өнегелі 15 минут» Мектепте қауіпсіз мінез-құлық нормаларын білу туралы кеңес	«Өнегелі 15 минут» Отбасында қауіпсіз мінез-құлық нормаларын білу туралы кеңес	«Өнегелі 15 минут» Мектепте қауіпсіз мінез-құлық нормаларын білу туралы кеңес	«Өнегелі 15 минут» Келген балалардың ата-аналарымен үй режимін сақтау туралы әңгімелесу

Негізгі деформациялық әрекеттер орындалады. А.Т.Н. Емисова

Тәрбиелеу - білім беру үдерісінің циклограммасы

Мектепалды сынып: 0 «А»

Білім беру ұйымының атауы: «Кәкімбек Салықов атындағы орта мектеп»КММ

Балалардың жасы 5 жас

Қандай кезеңге жасалды : 09 -13 желтоқсан .2024-2025 оқу жылы

Желтоқсан – «Бірлік және ынтымақ» айы

Апта дәйексөздері:«Ынтымақ жүрген жерде ырыс жүреді»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 09.12	Сейсенбі 10.12	Сәрсенбі 11.12	Бейсенбі 12.12	Жұма 13.12
Балаларды қабылдау	Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу. Күй күмбірі «Сарыарқа» (Музыка *****)	Смайликпен қарсы алу Күй күмбірі «Сарыарқа» (Музыка *****)	Қоян ойыншығымен қарсы алу Күй күмбірі «Сарыарқа» (Музыка *****)	Балаларды көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу Күй күмбірі «Сарыарқа» (Музыка *****)	Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу. Күй күмбірі «Сарыарқа» (Музыка *****)
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл-күйі ,денсаулығы жайлы әңгімелесу	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау	Отбасында қауіпсіз мінез-құлық нормаларын білу туралы кеңес	Ауа-райының өзгеруіне байланысты қауіпсіздік ережелерін сақтау туралы кеңес беру	Балалардың ата-аналарымен үй режимін сақтау туралы әңгімелесу
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-	Үстел үсті ойыны: Тақырыбы: «Жоғалған зат» Мақсаты:Балаларды байқампаздыққа,тапқырлыққа баулу Шарты:Үстелдің үстіне бірнеше зат	Үстел үсті ойыны "Мозаика" "Пазл". Мақсаты: Балаларға берілген сүреттердің бөлігін тауып орналастыра білуге үйрету. Тапқырлыққа баулу.	Үстел үсті ойыны. Тақырыбы:Түсін тап. Мақсаты:Түстер туралы түсініктерін арттыру,ойлау	Үстел үсті ойыны «Таяқшалар» Мақсаты:Ойлау,құрастыру қабілеттерін дамыту Шарты:Санау таяқшалар арқылы түрлі заттардың бейнесін құрастыру	Үстел –үсті ойыны «Фасоль» Мақсаты:Зейіндерін тұрақтандыру,жылдамдықтарын арттыру Шарты:Түрлі сызықтардың бойына фасоль дәнін тізіп шығу

әрекеті, кітаптарды қарау және басқалары)	қойылады.Балалар мұқият қарап алады,сосын көздерін жұмады,бір затты алып тастайды,не зат екенін балалар айтады (танымдық және коммуникативті іс-әрекет) «Қазақ тілі***»	Шарты:Ұлттық оюлардан пазл құрау (сөйлеуді дамыту-ойын, коммуникативті іс-әрекет) Біртұтас тәрбие	қабілеттерін арттыру. Шарты: Суреттерді түстері мен пішініне сәйкестендіру (математика негіздері – ойын, қозғалыс, танымдық және коммуникативтік қызмет	математика негіздері – ойын, қозғалыс, танымдық және коммуникативтік қызмет)	(сөйлеуді дамыту-ойын, коммуникативті іс-әрекет)
Ертеңгілік жаттығу	Картотека №6 I. Бір саппен тұру және жүгіру. Тәрбиешінің дабылы бойынша тоқтау. Әр жануарлардың қимылдарын жасау. II. 1.Б.қ. Тік тұру, қол белде. Қол желкеде, оң аяқты артқа аяқ ұшымен қою. Орнына келу. Сол аяқпен қайталау. 6 – 7 рет. 2. Б.қ. Аяқ алшақ, қол белде. Оңға бұрылу, оң қолды жанға созу. Орнына келу, сол жаққа келу. 6 рет 3. Б.қ. Тізеге тұру, қол екі жанда. Оң аяқпен алға қою, пружинше қозғалу. Орнына келу, сол аяқпен қайталау. 5 – 6 рет. 4. Б.қ. Тізеге тұру, қол	Картотека №7 I. Сапты екі – екіден жүру. Денені тік ұстау. Тәрбиешінің белгісі бойынша бір аяқты жоғары көтеріп тұру. «Қоян» дегенде,қос аяқтап алға секіру. Жүгіру, үш топқа тұру. II.1. Б.қ. Аяқ алшақ, жіп оң қолда. 1 – қолды екі жаққа созу. 2 – қол алға, кубикті сол қолға ауыстыру. 3 – қолды екі жаққа созу. 4 – орнына келу. 4 – 5 рет. 2. Б.қ.Аяқ алшақ, жіп оң қолда.1–алға еңкею, жіп аяқ арасына қою. 2 – орнына келу,қол белде, 3-алға еңкейіп жіп сол қолмен алу, 4 – орнына келу. 5 – 6 рет	Картотека №8 I. Бір саппен тұру және жүгіру. Тәрбиешінің дабылы бойынша тоқтау. Әр жануарлардың қимылдарын жасау. II.1. Б.қ. н.т. 1 – қол алда, қол жоғары, 3– қол жанда 4–б.қ. 4-5рет 2.Б.қ. н.т. 1-4 екі қолды айналдыру алға, 5-8 артқа айналдыру. 3.Б.қ Аяқ иық деңгейінде 1-оң қолды сол аяққа тигізу. 2-б.қ. 3-сол қолды оң аяққа тигізу. 4 – б.қ. 4 – 5 рет 4.Б.қ. Аяқ иық деңгейінде, қол белде, 1 – оңға бұрылу, оң қол жанда. 2 – б.қ.	Картотека №9 I. Сапқа тұру, саппен жүру. Қолды жоғары көтеріп аяқтың ұшымен жүру, қолды белге қойып өкшемен жүру. Үш топқа бөліну. II. «Допты бастан жоғары көтеру» Б.қ. Аяқты алшақ қойып, қолды төмен түсіру. 1. Допты алға созу. 2. жоғары көтеру. 3.алға созу. 4.б.қ. 2. «Екі жаққа иілу» Б.қ. Доп қолда, төменде ұстау. Оң, сол жаққа қарай иілу. Б.қ. 4 – 5 рет. 3. «Алға иілу» Б.қ. Еденге отырып аяқтың арасын сәл ашу, доп қолда. Алға еңкейіп допты	Картотека №10 I. Сапқа тұру,саппен жүру.Қолды жоғары көтеріп аяқтың ұшымен жүру,қолды белге қойып өкшемен жүру. Үш топқа бөліну. II.1. Б.қ. Қолды желкемізге ұстап басты оңға, солға бұру. 2.Б.қ Н.т. қол алда, кеуде тұсында 1-2 қолды артқа қарай сермеу, 3-4 қолды созып сермеу. 4 – 5 рет 3.Б.қ Аяқ иық деңгейінде, қол белде 1 – қолды жоғары көтеру, 2 – еңкею, аяқ ұшын ұстау. 5 – 6 рет 4.Б.қ. Қол белде 1 – оң қолды бастан асырып сермеу, еңкею 2 – б.қ. 3-сол қолмен 5 –

	<p>белде. Бір, екі оң жақ жанбасқа отыру, қолды алға созу. Үш, төрт орнына келу.</p> <p>Сол жаққа қайталау. 6 рет</p> <p>Б.к. Тік тұру, қол екі жанда, қос аяқтап, қайшылап секіру. 4–5 рет</p> <p>III. Жәй жүріп аузын ашып демалып, мұрынмен шығару.</p>	<p>3. Б.к. Жіп екі қолға жоғары көтеріп, оң жаққа қисаю, сол жаққа ауысып қисаю.</p> <p>4. Б.к. еденге отырып екі қолға жоғары көтеріп алға еңкейіп, қайтадан б.қ келу. 4 – 5 рет.</p> <p>5. Б.к. Жіпті жерге қойып алға, артқа секіру. 5 – 6 рет</p> <p>III. Жәй жүріс демалу жаттығулары.</p>	<p>3 – 4 сол қолмен. 4 – 5 рет</p> <p>5. Б.к. Аяқ иық деңгейінде, қол белде. 1-оң жаққа бұрылу. 2-б.қ.</p> <p>3 – сол жаққа бұрылу. 4 – б.қ. 5 – 6 рет.</p> <p>6. Б.к. Қол белде 1 – секіріп аяқты екі жанға созу. 2 – б.қ.</p> <p>III. Саппен жүру тыныс алу жаттығулары. Гүл иіскеу</p>	<p>кезек оң және сол аяққа тигізу. Б.к. 4-5 рет.</p> <p>4. «Отырып тұру» 1. Б.к. Доп қолда, қолды алдыға созып отыру 2 Б.к. Тұру. 4-5 рет.</p> <p>5. «Аяғыңды шынықтыр» Б.к. Еденге арқамен жату, допты аяқтың ортасына қысып ұстау.</p> <p>1. Аяқты еденнен көтеру. 2 Б.к. 6 рет.</p> <p>III. Саппен жүру тыныс алу жаттығулары</p> <p>Қаз ысылдайды ыс-ыс-ыс</p>	<p>6 рет</p> <p>5. Б.к. Аяқ бірге, қол жанда. 1-оң тізені көтеру, екі қолмен құшақтау, кеудеге тақау, арқаны тіке ұстау. 4-5 рет</p> <p>6. Б.к. Қол белде, аяқ бірге 1 – секіріп аяқты жанға сермеу.</p> <p>2-б.қ. 6-рет.</p> <p>III. Саппен жүру, терең демалып жүру</p> <p>Үлкен болып өсеміз Уф-уф-уф</p>
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҮІӨ)	<p>Жылулық сәті:</p> <p>Қайырлы таң, көк аспан, Қайырлы таң, жер Ана! Қайырлы таң достарым! Сәлем, сәлем, сәлем! (қазақ тілі***)</p>	<p>Жылулық сәті:</p> <p>Жарқырап күнде ашылды, Айналаға нұр шашылды. Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз, Қайырлы күн! Сәлемдесіп аламыз. (қазақ тілі***)</p>	<p>Жылулық сәті:</p> <p>Сүйеміз барлық әлемді, Әлемдегі бар елді. Бақыттымыз осы біз, Қасымызда досымыз. (қазақ тілі***)</p>	<p>Жылулық сәті:</p> <p>Адамдарға кешіріммен қарайтын, Жан жылуы жылулықпен тарайтын. Кішіпейіл бала болғым келеді, Айналасын нұрлы күнге балайтын. (қазақ тілі***)</p>	<p>Жылулық сәті:</p> <p>Сүйеміз барлық әлемді, Әлемдегі бар елді. Бақыттымыз осы біз, Қасымызда досымыз. (қазақ тілі***)</p>
Кестеге сәйкес ҮІӨ*	<p><u>Сөйлеуді дамыту</u></p> <p>Тәуелсіз елдің ұланымыз</p> <p>Мақсаты: Тәуелсіздік туралы ұғымын</p>	<p><u>Сауат ашу негіздері</u></p> <p>Дыбыстық талдау</p> <p>Мақсаты: Дауыссыз, дауысты дыбыстарды ажыратуға</p>	<p><u>Математика негіздері</u></p> <p>Таңертең, күндіз, кеш, түн. Кеше, бүгін, ертең</p> <p>Мақсаты: тәуліктің бөліктерін (таңертең,</p>	<p><u>Сөйлеуді дамыту</u></p> <p>Қыс</p> <p>Мақсаты: Сипаттау сөздерін қолдануға</p>	<p><u>Қоршаған ортамен таныстыру</u></p> <p>Әдептілік-әдемілік</p> <p>Мақсаты: Балаларды әдептілік ережелерімен</p>

	<p>кеңейту.</p> <p>Міндеті: Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру.</p> <p>-Балалар бүгінгі іс-әрекетіміз ерекше болады. Алдымызда Тәуелсіздік күні мерекесі жақындап келеді.</p> <p>-Біздің еліміз қалай аталады?</p> <p>-Қазақстан Республикасының президенті кім?</p> <p>-Қазақстан Республикасының рәміздерін ата.</p> <p>Мемлекеттік Тудың авторы – Шәкен Ниязбеков</p> <p>Елтаңбаның авторлары:</p>	<p>жаттығулар жасатуға жаттықтыру.</p> <p>Міндеті: Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау</p> <p>«Дыбысты балға» дидактикалық жаттығуы</p> <p>– Мен сендерге дауыссыз, дауысты дыбыстардан басталатын сөздер айтамын, сендер дауыссыз дыбыстан басталатын сөз естісеңдер, партаны бір рет жұдырықтарыңмен ұрасыңдар, ал дауысты дыбыстан басталатын сөз естісеңдер, бір рет шапалақ ұрасыңдар.</p> <p>Мысалы: <i>парта, ферма, алқа, бидон, вагон, кітап, алия, Камшат, гүл, галым, асық, қайшы, доп, орындық, тарақ, сағат, ожау, жұлдыз, зәкір, хат, циркуль,</i></p>	<p>күндіз, кеш, түн) тану, атауды, атау кезінде дұрыс реттілікті сақтау</p> <p>Міндеті: Тәулік бөліктерінің ауысуын ("кеше", "бүгін", "ертең"), оқиғалардың ретін ("алдымен – содан кейін", "бұрын – кейінірек") анықтау.</p> <p>Тәулік бөліктері» карточка жиынтығын таратады және карточкаларды тапсырма бойынша таңдап алуды ұсынады. Педагог: «түн» дейді, балалар тиісті суретті көрсетеді. Соңында балалар карточкаларды реттеп, өз жүйесін сақтап орналастырады: таңертең – күндіз – кеш – түн.</p> <p>Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Бұл қай мезгілде болады? Тәулік</p>	<p>жетелеу</p> <p>Міндеті: Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті.</p> <p>Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану</p> <p>Ойын жағдаяты Балалар, мен бүгін аязды көрдім. «Қыс мезгілі келгеніне балалар қуанды ма?» – деп сұрады ол менен. Мен: «Әрине, қуанды», – дедім. Балалар, сендер шын</p>	<p>таныстыру.</p> <p>Міндеті: Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге баулу</p> <p>Сюжетті ойын: «Дүкенші»</p> <p>Мақсаты: Дүкенші ойынын ойнау арқылы әдептілік сақтауды үйрету</p> <p>Шарты: Дүкеншімен өзара байланыс кезінде әдепті сөздерді іс-әрекеттерді көрсету</p> <p>«Әдептілік ережесін құра» ойын-жаттығуы</p> <p>Мақсаты: Әдептілік ережесін құрау арқылы әдепті болуға тәрбиелеу</p> <p>Шарты: Балалар бойында болу керек әдеп пен тәптіп түрлерін атату</p>
--	--	--	---	--	---

	<p>Жандарбек Мәлібеков, Шота Уәлиханов.</p> <p>Еліміздің мемлекеттік гимні – «Менің Қазақстаным» әні. Авторлары: Нұрсұлтан Назарбаев, Жүмекен Нәжімеденов, Шәмші Қалдаяқов.</p> <p>Рәміздердерді қандай жерлерге іледі?</p> <p>-Балалар қай жерлерде Қазақстанның.</p> <p>-Елордамыз қай қала?</p> <p>Мақал-мәтелмен таныстыру, мағынасын түсіндіру.</p> <p>Отан үшін отқа түс – күймейсің. Тәуелсіз елдің ұлы – өжет,Қызы қайратты, халқы қаһарман болады.</p> <p>Тәуелсіздік Арқау болып өлеңге, Мереке күн атанған Тәуелсіздік деген не? – Деп сұрадым атамнан. Атам айтты: Ұмытпа,Тәуелсіздік – елдігің! Мағынасын шын ұқ та,</p>	<p><i>щетка, дәрі, т.б.</i></p> <p>Жұмыс дәптерімен жұмыс</p> <p>1.Суреттерді ата,буынға бөл.Өз буыны сәйкес келетін тиісті сызбамен сәйкестендір.</p> <p>2.Р дыбысы бар заттарды қорша.</p> <p>3.Жануарларды ата.Сөздерді буынға бөл,неше буыннан тұратынын айт.Дыбыстық талдау жаса.</p> <p>«Не артық?» дидактикалық ойыны</p> <p>Педагог бір топқа жататын сөздерді тез-тез бір бөгде сөзді қоса айтады. Балалар сол артық сөзді табуы керек. Мысалы:нан, шай,май, тай – ... (<i>тай</i>) Қызыл,жасыл,ақ,тақ,көк –...(<i>тақ</i>) Алма, шие, бөрік, өрік – ... (<i>бөрік</i>) Екі, үш, төрт, бес, кес – ... (<i>кес</i>)</p> <p>Жұмыс дәптерімен жұмыс(графикалық</p>	<p>бөліктерін көрсететін суретпен баланың осы уақыттағы іс-әрекетін сызып қос.Педагог тәулік бөліктерін атауды сұрайды. Бала тәуліктің осы мезгілінде не істейтінін, суреттерді таңдау арқылы айтып береді, сызып қосады.</p> <p>2-тапсырма.Суреттен күндізгі,кешкі және түнгі мезгілдерді тап.Жұбымен сызып қос.Күндіз бен түнгі мезгілді боя.</p> <p>3тапсырма.Көрсетілген түспен штрихта.</p> <p><u>Сауат ашу негіздері</u></p> <p>Сөйлем</p> <p>Мақсаты: Сөйлем ұғымымен таныстыру, екі-үш сөзден тұратын сөйлем құратып,</p>	<p>қуандыңдар ма?</p> <p>-Аяз: «Ендеше мына күміс қоңырауды балаларға бер, қоңырауды сылдырлатып, қыстың келгеніне қалай қуанғандарын білдірсін. Қысқы мерекелерді, ойын түрлерін айтып, қоңырауды сылдырлатсын. Мен терезеден қарап тұрамын, әйтпесе қатты боран соғып, аяз қысады», – деді.Кәне, балалар, аяздың айтқанын орындаймыз ба? Орындамасақ, аязды ашуландырып алармыз.</p> <p>-Өте жақсы, балалар. Қыстың келгеніне қатты қуанғандарыңды аяз да көріп, ризаболып қалған шығар.</p> <p>-Балалар, бүгін ақын</p>	<p><u>Сауат ашу негіздері</u></p> <p>Сөйлем сызбасы</p> <p>Мақсаты: . Сөйлем сызбасымен таныстырып, 2–3 сөзден тұратын сөйлем құрауды үйрету.</p> <p>Міндеті: Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну.</p> <p>«Бөлшектерінен тап» ойыны</p> <p>1.Көз,ауыз,желбезек–... (<i>балық</i>)</p> <p>2.Бас,қанат,аяқ –... (<i>құс</i>)</p> <p>3.Құлақ, көз, жал – ... (<i>жылқы</i>)</p> <p>4.Бас,мүйіз,сақал–...(<i>ешкі</i>)</p> <p>Сызбамен жұмыс Сөйлемдегі сөздерді тіктөртбұрыштармен</p>
--	--	---	---	--	--

	<p>Мақтаныш ет сен бүгін! Зор бақытты халқыма Тәуелсіздік әкелген. Даңқ қосып даңқына, Мәртебесін көтерген... Бұл мереке шынымен Толқытады көңілді. Тәуелсіздік күнімен Құттықтаймын елімді!(<i>Б. Мәжитов</i>)</p> <p>Үлестірмелі материалмен жұмыс Суретке қарап, еліміздің мемлекеттік рәміздері туралы әңгімеле. Біздің басты құндылығымыз – тәуелсіздігіміз, сол үшін бүгінгі жас ұрпақ, тәуелсіздігімізді ардақ тұтып, қадірлей білгені абзал.</p> <p><u>Математика негіздері</u> Таңертең,күндіз,кеш,түн .Кеше,бүгін ,ертең</p> <p>Мақсаты: таңертең, күндіз, кеш, түн бір тәулікті құрайтыны туралы түсінік беру</p> <p>Міндеті: Тәулік бөліктерінің ауысуын</p>	<p><i>жұмыс)</i></p> <p>1.Нүктелерді үзбей бастыр.</p> <p>2.Үзік сызықтарды бастыр.</p> <p><u>Қоршаған ортамен таныстыру</u></p> <p>Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері</p> <p>Мақсаты:) Еліміздің рәміздері туралы білімдерін толықтыру</p> <p>Міндеті: Қазақстан мемлекетінің рәміздеріне құрмет көрсету. Гүлдердің ертемен Қауызын ашқанын, Көктемнің мөп-мөлдір аспанын,</p> <p>Таулардың қол жетпес асқарын.</p> <p>-Отанымыз белгілеріне, яғни мемлекеттік рәміздерге не жатады?</p> <p>-Мемлекеттік Елтаңба, Мемлекеттік Ту,</p>	<p>сөйлемдегі сөздерді ретімен айтқызып үйрету.</p> <p>Міндеті: Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну.</p> <p>«Кері әрекетті айт»ойыны</p> <p>1.Асан кірді,анам... (шықты)</p> <p>2.Анам құйды,Марат... (төкті)</p> <p>3.Айгүл жинады, Айсұлу...(шапты)</p> <p>3.Әкем келді,ағам...(кетті)</p> <p>4Атам ашты,әжем...(жапты)</p> <p>«Кім шапшаң сөйлем құрайды?»дидактика лық ойыны Педагог суреттер көрсетеді(көбелек,көлі к,тарақ,кітап,қоянт.б.).</p>	<p>Абай Құнанбайұлының шығармаларымен танысамыз. Абай Құнанбайұлы – ұлы ақын. Жылдың төрт мезгіліне арнап "Жазғытұрым", "Жаз", "Күз", "Қыс" өлеңдерін жазған. Біз бүгін қыс мезгіліне арналған "Қыс" өлеңімен танысамыз.</p> <p>Педагог өлеңді мәнерлеп оқиды.</p> <p>Қыс</p> <p>Ақ киімді, денелі, ақ сақалды, Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.Үсті-басы ақ қырау, түсі суық, Басқан жері сықырлап келіп қалды.</p> <p>Сөздік жұмысы: мылқау – сөйлемейді, естімейдіБалаларға сұрақ қояды. -Өлеңді оқығанда көз алдарыңа кімді елестеттіңдер?</p>	<p>белгілейміз. Әр сөздің арасына арақашықтық қалдырамыз. Сөйлемнің сызбасының басындағы тіктөртбұрыштың бірінші сызығы биігірек болады. Педагог тақтаға сызып көрсетеді. Сөйлемде қанша сөз болса, сонша тіктөртбұрыштың арасына бірдей арақашықтық қалдырылады. Соңынан нүкте қойылады.</p> <p>«Сөйлемді толықтыр»дидактикал ық ойыны</p> <p>Ойын шарты:балалар педагогтің бастаған сөйлемін өз ойларымен жалғастыру керек. Бәрін жасап қоятын (ол кім?) – (пысық).</p> <p>Тышқанның жауы– (мысық).</p> <p>Әжем иірді – (ұршық).</p> <p>Шәуілдеп үрді–(күшік).</p> <p>Ең қу аң – (түлкі).</p> <p>Үсті ине– (кірпі).</p> <p>Қол жуғышта ілулі– (сүлгі).</p>
--	--	---	---	---	---

<p>("кеше", "бүгін", "ертең"), оқиғалардың ретін ("алдымен – содан кейін", "бұрын – кейінірек") анықтау.</p> <p>Жұмбақ</p> <p><i>Күн шығады аспанға, Қораз белгі береді.</i></p> <p><i>Бөбектер тұрып ұйқыдан, Бала-бақшаға олар келеді.</i> (Таң)</p> <p><i>Күн шуағын төгеді, Жап-жарық боп айнала. Серуенде жүреді,</i></p> <p><i>Ойнап-күліп бар бала.</i> (Күндіз)</p> <p><i>Шуақ шашқан Күніміз, Көкжикке батады, Үйге кіріп балалар</i></p> <p><i>Кешкі ас жеп жатады.</i> (Кеш)</p> <p><i>Көкте жұлдыз жанады, Өзен суы сылдырар.</i></p> <p><i>Аспанға алтын Ай шығып Терезеден қарады.</i> (Түн)</p>	<p>Мемлекеттік Гимн.</p> <p>-Рәміздер – сол елді айқындайтын белгілер.</p> <p>Жалау</p> <p>Желбірейді шалықта</p> <p>Қазақстан жалауы.</p> <p>Көкке қыран қалықтап</p> <p>Қанат қағып барады.</p> <p>Көк аспанда нұрлы</p> <p>Күн күлімдейді далама.</p> <p>Бақыт тілеп тұр бүгін</p> <p>Ол барлық пәк балаға.</p> <p>Ұлттық өрнек мұрамыз</p> <p>Адастырмас мұраттай.</p> <p>Нық көтеріп тұрамыз</p> <p>Жалауды біз құлатпай!</p> <p>ЕЛТАҢБА</p> <p>Бейнелеп сан ғасырды</p> <p>Елтаңбасы елімнің,</p> <p>Таратады хас үлгі</p> <p>Киесіндей жерімнің.</p> <p>Бабам тұлпар жаратты,</p> <p>Құлынында танып-ақ.</p> <p>Тұлпар барда қанатты,</p> <p>Шайқалмайды шаңырақ.</p> <p>Тәуелсіздік көркі ол да</p>	<p>Балалар суретке байланысты 2–3 сөзден тұратын сөйлем құрайды.</p> <p>Жұмыс дәптерімен жұмыс</p> <p>1. Суреттерде кімдер бейнеленген? Балалар не істеді? Сөйлем құра.</p> <p>2. Суреттерге қара. Сұрақтарға бір сөйлеммен жауап бер.</p> <p>3. Суретті жалғастырып сал.</p> <p>4. Бастыр.</p> <p>5. Үзік сызықтарды бастыр.</p> <p><u>Көркем әдебиет</u></p> <p>Тәуелсіздігіміз мәңгілік</p> <p>Мақсаты: Сюжет желісінің реттілігін сақтап айтуға үйрету</p> <p>Міндеті: Әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін</p>	<p><i>(Ақын қысты ашулы, қаһарлы қария адамға теңеп отыр)</i></p> <p>-Қалай ойлайсың, қарияны Абай атамыз не үшін ашулы, соқыр, мылқау түрінде бейнелеген?</p> <p>-Қыс мезгіліне қай кезде дайындалуымыз керек?</p> <p>-Қыстың қаһарына ұшырамас үшін адамдар не істейді?</p> <p>-Ауыл адамдары малдарын қысқа қалай дайындайды?</p> <p>Бүгін м, н дыбыстарымен танысамыз. Бұл екеуі де дауыссыз дыбыстар. М дыбысының дұрыс артикуляциясы: ерін бір-біріне қатты тиеді, кішкене тіл төмен түсіп, демнің мұрын арқылы шығуынан жасалады.</p> <p>М дыбысының дұрыс айтылуын қадағалау. ма-ма-ма –</p>	<p>Жұмыс дәптерімен жұмыс</p> <p>1. Сызбаны сурет бойынша түсіндір. Сөйлеммен сөздің сызбасын анықта. Сызбаға байланысты сөйлем құра.</p> <p>2. Әр топтағы заттарды бір сөзбен ата. Заттардың жалпы атын қатыстырып, сөйлем құра. Сызбасын сыз.</p> <p>3. Дыбыстық талдау жаса.</p> <p>4. Нүктелерді бастыр.</p> <p>5. Үзік сызықтарды бастыр</p> <p><u>Шығармашылық іс-әрекет</u></p> <p>Жайлаудағы құлыншақ</p> <p>Мақсаты: Үй жануарларына қамқор болуға тәрбиелеу</p> <p><u>Сурет салу/</u></p> <p>Міндеті: Қазақ ою-өрнектерінің сипатын,</p>
---	--	---	--	---

<p>1-тапсырма.Тәулік бөліктерін ата.Балалар таңертең,күндіз,кешке,түнде не істейді?</p> <p>Тәулік бөліктерін және осы уақытта балалардың орындайтын іс-әрекетін сызып қос.</p> <p>2-тапсырма.Әр қатардан артық суретті тап.Өз қалауыңды түсіндір.Белгіле.</p> <p>3-тапсырма.Торкөздерді сана.Фигураларды қарындаштардың түсіне сәйкес боя.</p> <p><u>Қазақ тілі</u></p> <p>Тәуелсіздік –Төрімде!</p> <p>Мақсаты:Тәуелсіздік мерекесінің маңызын түсіндіру</p> <p>Міндеті: Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем</p>	<p>Өркениет өрінде.</p> <p>Нұр төгеді елтаңба</p> <p>Ақ орданың төрінде.</p> <p>Үлестірмелі</p> <p>материалдармен жұмыс.</p> <p>1.Еліміздің мемлекеттік рәміздер туралы не білесің?</p> <p>2.Мемлекеттік рәміздердегі суреттерді тауып белгіле. Бұл суреттерді қай мемлекеттікрәмізден көрдің?</p> <p>3.Басқа елдердің елтаңбаларымен таныс. Қазақстан Республикасының МемлекеттікЕлтаңбасын тап. Белгіле.</p> <p>4.Мемлекеттік Гимнді айтып тұрғанда қандай ережені сақтау керек?</p> <p><u>Көркем әдебиет</u></p> <p>Тәуелсіздік</p> <p>Мақсаты: Әдеби</p>	<p>айтуға үйрету;</p> <p>-Қазақстан қандай мемлекет?</p> <p>-Қазақстанның бас қаласы қалай аталады?</p> <p>-Астананың көрікті жерлерін ата.</p> <p>-Қазақстанның жері кең-байтақ, табиғаты бай, егемен мемлекет. Қазақстанның басқаласы–Астана Сарыарқа даласында,Есілдің жағасында орналасқан(картада н көрсету). Біз – Қазақстан азаматы екендігімізді мақтан етеміз.</p> <p>16желтоқсан–Тәуелсіздік күні.Өткенді еске алып,батырларымызға тағзым етеміз. Тәуелсіздік монументіне гүл шоғын қоямыз. Бүгін Әлия</p>	<p>қыс деген бұл шал ма? Ма-ма-ма – апорт тәтті алма.</p> <p><i>Н дыбысының дұрыс артикуляциясы:</i></p> <p>ерін сәл ашылып, жіңішкерген тіл үстіңгі тістердің түбіне тиеді. Н дыбысының дұрыс айтылуын қадағалау. Н дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтіреді, сол сөздерді бірнеше рет қайталап айтады.</p> <p><u>Математика негіздері</u></p> <p>Апта күндері</p> <p>Мақсаты: апта күндерін рет-ретімен атауға үйрету</p> <p>Міндеті:</p> <p>Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту.</p> <p>Педагог өлеңді тыңдауды ұсынады.</p> <p>Апта күндері</p> <p><i>Дүйсенбіде доп ойнадық</i></p>	<p>колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояу, парактың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажырату, тік сызықтардың әртүрлі үйлесуімен құрылған қазақ ою-өрнегінің элементтерін салу</p> <p><u>Жапсыру/</u></p> <p>Міндеті: Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару.</p> <p><u>Мүсіндеу/</u></p> <p>Міндеті: Адамның бейнесін, жануарлардың қимылдарын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеу. Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы</p>
--	---	--	---	---

	<p>сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.</p> <p>Менің Отаным Әйнегі – күн, Шатыры – аспан, Кең далам асқақ. Төсі толған егін, Көлдері күміс шашқан, Қазақстан Республикам менің!</p> <p>"Туған өлкем " тақырыбында әңгіме құрату Мақал-мәтел жаттау Алтын ұяң — Отан қымбат, Құт-берекең — атаң қымбат, Аймалайтын — анаң қымбат, Асқар тауың — әкең қымбат</p> <p>Бұлбұл гүлзарын сүйеді, Адал адам Отанын сүйеді.</p> <p><u>Дене тәрбиесі</u> Лақтыру</p>	<p>шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінігін дамыту.</p> <p>Міндеті: Әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;</p> <p>-Қазақстан Республикасының бас қаласын ата.</p> <p>-Еліміздің қандай рәміздерін білесіңдер?</p> <p>Қазақстанның жері үлкен, табиғаты бай. Еліміздің мақтана алатын мемлекеттік рәміздері– Туы,Елтаңбасы,Гимні бар</p> <p>«Тәуелсіздік»өлеңі Өзіңдікі елің де, Өзіңдікі жерің де. Өзіңді өзің еткен бақ, Тәуелсіздік төріңде. Өзіңдікі туың да, От пен ауа,суыңда. Жаса,Қазақстаным, Белді і бекем буын да. <i>.(Иран-Ғайып)</i> Өлеңді эмоциямен 2-3 рет қайталайды.</p>	<p>Дәулеткелдінің «Тәуелсіздігіміз мәңгілік»атты әңгімесімен танысамыз. Әңгіме – болған оқиғаның желісі бойынша жазылады.</p> <p>Тәуелсіздігіміз мәңгілік(әңгіме)</p> <p>Менің Отаным– Қазақстан.Бұл– тәуелсіз,егемен мемлекет.16желтоқсан күні еліміздің тәуелсіздігі тойланады. Бұл халқымыз үшін ең басты әрі құнды мереке.</p> <p>Тәуелсіздік–халықтың мерекесі,ұлттың тілі мен діні.Әрине,бұған дейін ата-бабаларымыз елі үшін,жері үшін,ұрпағы үшін алай қиындықтарды бастан өткізгені тарихтан белгілі.Қазақ халқы бұл үнді,бұл мерекені жүрегімен сезінуі керек.Сондықтан біз тәуелсіздігімізді</p>	<p><i>алаңда, Сейсенбіде серуен құрдық далада, Сәрсенбіде сурет салдық сәндепін, Бейсенбіде би биледік әндепін, Жұма күні жидек тердік ағаштан, Сенбі күні кино көрдік театрдан, Жексенбіде үйде болдық демалдық. Осылайша өте шықты бір апта.</i></p> <p>-Өлең не туралы? <i>Дәптермен жұмыс.</i> 1-тапсырма.Суреттерге қара. Аптаның әр күні қыздың немен айналысқанын айтып бер.Балалар аптаның әр күні бойынша қыздың әрекеттері туралы айтады.</p> <p>2+тапсырма.Апта күндерін ата.Оларды үйлерге орналастыр.Үйлердің нөмірін бастырып сыз.</p> <p>3-тапсырма.Аптаның әр күнін кемпір қосақтың түсімен боя.</p>	<p>көлемдерін сақтау</p> <p><u>Кұрастыру</u></p> <p>Міндеті:</p> <p>Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу. Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту</p> <p>Топтық жұмыс</p> <p><u>Дене тәрбиесі</u></p> <p>Салауатты өмір салты</p> <p>Мақсаты: Салауатты өмір салты маңызын түсіндіру</p> <p>Міндеті: Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін</p>
--	---	--	--	--	--

	<p>Мақсаты: Лақтыру,қағыпалу,дома лату қабілеттерін дамыту</p> <p>Міндеті: Лақтыру,қағыпалу,дома лату:допты жоғары,жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу; допты бірқатарға қойылған заттардың арасымен домалату,допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу;</p> <p>«Допты еденге соқ». Топтарға бөлініп, негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды. Төрт тізбекке тұрады: екі тізбек залдың бір шетіне, екі тізбек оларға карама-қарсы тұрады. Алғашқы екі тізбектегі балалар допты еденге соғып жүріп, карама-қарсы тұрған екі тізбекке дейін келеді. Допты</p>	<p>Балаларға өлеңді жатқа айтқызып қайталату</p> <p>Дидактикалық ойын:«Жалғасын тап»(баланың ойлау қабілетін дамыту) Шарты: педагог сөздің басын айтады, балалар жалғастырады.</p> <p>Менің елім... . Менің туған жерім... Менің Отаным т.б</p> <p>Музыка «Қазақстан»әні:С.Мұхамеджанов,сөзі Ғ.Жұмабаев.</p> <p>Мақсаты: дауыс пен вокалдық-есту қабілеттерін дамыту</p> <p>Міндеті: Ән айтуда дауыс пен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру.</p> <p>Музыка тыңдау: «Туған ел» (Л. Хамиди) Ән айту: «Қазақстан»әні:С.Мұхамеджанов,сөзі Ғ.Жұмабаев «Жомарт елім» (И. Нүсіпбаев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</p>	<p>жоғалтпай, қадірлеп, қастерлеп, мемлекетіміздің гүлденуіне үлес қосуымыз керек.</p> <p>(Әлия Дәулеткелді)</p> <p>Сөздік жұмысы: еркіндік–ешкімге тәуелдіе мес,еркін ел теңге – біздің ұлттық төл ақшамыз Сұрақ-жауап: -Әңгіме қалай аталады?Авторы кім?Әңгімене туралы?</p> <p>-Тәуелсіздік күні қандай мереке?</p> <p>-Қазақстан халқы бұл мерекені қалай тойлайды?</p> <p>-Тәуелсіздік мерекесін сен қалай сезінесің?</p> <p>Дидактикалық ойын:«Кім жылдам?»(баланың ойлау қабілетін дамыту) Шарты: мақалдың басын</p>	<p>Кемпіркосақта неше түс бар?</p> <p>«Аптаның келесі күнін ата»дидактикалық ойыны (доппен ойналады).</p> <p>Бала допты лақтырады, аптаның күнін атайды. Екінші бала допты ұстап, аптаның келесі күнін атауы қажет.</p> <p>Қазақ тілі</p> <p>Тәуелсіздік –Төрімде!</p> <p>Мақсаты: Тәуелсіздік мерекесінің маңызын түсіндіру</p> <p>Міндеті: Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.</p> <p>-Балалар қазір жылдың қай мезгілі</p>	<p>факторлар туралы түсініктерді кеңейту.</p> <p>«Секір-секір» (татар халқының ойыны) (4 рет) Әртүрлі бағытта бір аяқпен секіру. Шеңберді айналдыра құрсауларды тастайды. Балалар осы құрсау ішінде тұрады. Жүргізуші шеңбердің ортасында тұрады. Жүргізуші: «Секір-секір!» дегенде, ойыншылар секіріп, орындарын ауыстырады. Осы кезде жүргізуші бір аяғымен секіріп, бос орынға тұрып алуға тырысады. Орынсыз қалған бала жүргізуші болады. Бірде-бір рет жүргізуші болмаған бала жеңімпаз саналады. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Орамалды шығар» (Дағыстан халқының ойыны) Ойыншылар екі топқа бөлініп, бір-бірлеріне карама-қарсы тұрады. Араларына сызық сызылады. Әр баланың артында – белдіктерінде орамал тығулы тұрады.</p>
--	---	--	--	---	---

	<p>оларға беріп, өздері олардың арттарына барып тұрады. Допты алған балалар залдың екінші шетіне допты еденге соғып алып жүреді. Допты қатты соқпайды, саусақтарын ашып ұстайды.</p> <p>Нұсқау – допты тура алдыға бағыттамай, сәл шет жақпен алып жүру (өйткені аяққа соғылып, домалап кетуі мүмкін). Егер допты оң қолмен соғып алып жүретін болса, онда оң аяқтың ұшының оң жағынан алып жүру қажет</p>	<p>«Жаса, Қазақстан» (үнтаспада) «Көңілді балалар» литва халық әуені (өңдеген Т. Ломова) Билер: «Қара бала» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) «Асатаяқ биі» (қыздар) («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Ноталарды орналастыр» («Дидактикалық ойындар» жинағынан) Музыкалық аспапта ойнау: «Илигай» қ.х.ә. (өңд. Б. Дәлденбай)</p>	<p>педагог айтады, балалар жалғастырады</p> <p>Туған жерге туынды....т(<i>тік</i>)</p> <p>Батыр туса ел ырысы,жаңбыр жауса....(<i>жер ырысы</i>)</p> <p><u>Дене тәрбиесі</u></p> <p>Лақтыру</p> <p>Мақсаты: Лақтыру,қағыпалу,дом алату қабілеттерін дамыту</p> <p>Міндеті: Лақтыру,қағып алу,домалату:допты жоғары,жіптің үстінен лақтыру жән еекі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу; допты бірқатарға қойылған заттардың арасымен домалату,допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен</p>	<p>-Қазақстан Республикасының президенті кім?</p> <p>-Дұрыс айтасындар. Енді мына суреттер не көріп тұрысындар?</p> <p>-Тудың түсі қандай?</p> <p>-Тудың ортасында күн бейнеленген астында қалықтаған қыран құстың суреті бейнеленген , ал сол жақ шетінде ұлттық ою өрнектелген.</p> <p>-Мынау Қазақстанымыздың Мемелкеттік ел таңбасы.</p> <p>-Елтаңбаның негізі шаңырақ. Ол елтаңбаның жүрегі.</p> <p>Отан тарих. Отан тіл</p> <p>Отан өлең, отан жыр</p> <p>Көтерген көкке ел даңқын</p>	<p>Балалар алдыға жылжиды. Жүргізуші: «От!» дегенде, бірінші топтың балалары қашады, екінші топтың балалары оларды қуып, орамалдарын шығарып алуға тырысады. Келесі жолы екінші топ балалары оларды қуады.</p>
--	--	---	--	--	--

			<p>қағып алу;</p> <p>«Допты еденге соқ».</p> <p>Топтарға бөлініп, негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды.</p> <p>Төрт тізбекке тұрады: екі тізбек залдың бір шетіне, екі тізбек оларға қарама-қарсы тұрады. Алғашқы екі тізбектегі балалар допты еденге соғып жүріп, қарама-қарсы тұрған екі тізбекке дейін келеді. Допты оларға беріп, өздері олардың арттарына барып тұрады. Допты алған балалар залдың екінші шетіне допты еденге соғып алып жүреді. Допты қатты соқпайды, саусақтарын ашып ұстайды.</p> <p>Нұсқау – допты тура алдыға бағыттамай, сәл шет жақпен алып жүру (өйткені аяққа соғылып, домалап кетуі мүмкін). Егер допты оң қолмен соғып алып жүретін</p>	<p>-Ал мына суретте не көріп тұрсыңдар?</p> <p>Тәуелсіздік жолыңда,</p> <p>Талай-талай тер тамған</p> <p>Билігім өз қолымда</p> <p>Еркіндігім ел таңба</p> <p>«Отан отбасынан басталады», - неге айтамыз?</p> <p>- Сенің отбасыңда неше адам бар, кіммен сен тұрасың?</p> <p>Сенің отбасыңда кім бар?</p> <p>Балалар мына суретте не көріп тұрсыңдар? - Отан туралы қандай мақал-мәтел білесіңдер ме?</p> <p>1.«Отан отбасынан басталады».</p> <p>2.«Жері байдың-елі бай»</p> <p>3.«Отансыз адам-ормансыз бұл-бұл»</p> <p>4.«Отан үшінотқа түс</p>	
--	--	--	--	---	--

			<p>болса, онда оң аяқтың ұшының оң жағынан алып жүру қажет</p>	<p>күймейсің»</p> <p><u>Музыка</u> «Қазақстан»әні:С.Мұхамеджанов,сөзі Ғ.Жұмабаев.</p> <p>Мақсаты: дауыс пен вокалдық-есту қабілеттерін дамыту</p> <p>Міндеті: Ән айтуда дауыс пен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру.</p> <p>Музыка тыңдау: «Туған ел» (Л. Хамиди)</p> <p>Ән айту: «Қазақстан»әні:С.Мұхамеджанов,сөзі Ғ.Жұмабаев «Жомарт елім» (И. Нүсіпбаев)</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Жаса, Қазақстан» (үнтаспада) «Көңілді балалар» литва халық әуені (өңдеген Т. Ломова)</p> <p>Билер: «Қара бала» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) «Асатаяқ биі» (қыздар)</p>	
--	--	--	--	--	--

				(«Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Ноталарды орналастыр» («Дидактикалық ойындар» жинағынан) Музыкалық аспапта ойнау: «Илигай» қ.х.э. (өнд. Б. Дәлденбай)	
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету (Өз-өзіне қызмет ету)	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету (Өз-өзіне қызмет ету)	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету (Өз-өзіне қызмет ету)	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету (Өз-өзіне қызмет ету)	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету (Өз-өзіне қызмет ету)
Серуен	Ауладағы ағаштарды бақылау Мақсаты : — ағаштар туралы білімдерін молайту; — ағаштардың қысқы бейнесін бақылауды жалғастыру Бақылау барысы Көркем сөз «Қыс» Р.Сәбитұлы Қар жамылды бақтарым Қыратым да, сайым да. Тағыпты қыс ақ қарын, Үкі етіп қайыңға. Бүркеніп ақ желекті,	Қара қарғаны бақылау Қарғалардың қысқы тіршілігін бақылау; Басқа құстардан айырмашылығын табу. (сыртқы түрі, дауысы, жүрісі). Бақылау барысы Көркем сөз Құстар қыста тоңады Ө. Ақыпбеков Мақсаты: Құстар қыста тоңады, Жоқ киетін ішігі. Желде қатты соғады, Қарды көзге ұшырып. Қалатындай қайта ұшпай,	Желді бақылау Мақсаты: өлі табиғат туралы білімдерін байыту; табиғат құбылыстарына деген қызығушылықтарын қалыптастыру. Бақылау барысы Көркем сөз Ұйытқыма жел Ө. Ақыпбекұлы Ұбырып-шұбырып, Ұйтқиды құбылып. Ұлпадай ақ қарды, Ұршықтай үйіріп. Ұлиды қасқырдай,	Қардың түсуін бақылау Мақсаты: <i>- Қардың қасиеттері туралы түсініктерін қалыптастыру;</i> <i>Қардың түсуі туралы білімдерін молайту;</i> <i>әдемілікке деген сезімдерін тәрбиелеу.</i> Бақылау барысы Көркем сөз «Қыс» Т. Молдағалиев Жауа-жауа, қар жауып көп, Шұқырларға толады. Иығыңа қонады кеп,	Бақшаны бақылау Мақсаты: —қыс мезгіліндегі бақшада болатын өзгерістермен таныстыру; —зерттеу қызметіне деген қызығушылықтарын арттыру. Бақылау барысы Көркем сөз . Далада қар болрайды, Ақ мамыққа орайды. Мұз болады қатады, Жып-жылтыр болып жатады. Аралайды бақшаны, Үзілмейді жақсы әні.

	<p>Жарқырайды маңайым. Ойға шомып теректің, Ақ шалыпты самайын. Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды:.</p> <p>Ағаштардың жазғы бейнесі қандай еді?? Күзде қандай болды? Қазіргі бейнесі қандай? Кімнің есінде, ағаштар жапырағын неге түсіреді?</p> <p>Зерттеу жұмысы</p> <p>Алма ағашы мен қайың ағашының қысқы тұрқын салыстыру</p> <p>Еңбек</p> <p>Жолды қардан тазалау.</p> <p><i>Мақсаты:</i> аула қараушыға көмектесу.</p> <p>Қимылды ойын: «Кім аққалаға бұрын жетеді?»</p> <p><i>Мақсаты:</i> доға астынан еңбектеп өту дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Жаттығу ойындары</p> <p>Секіру</p> <p><i>Мақсаты:</i> орнында тұрып секіру техникасын меңгерулерін жетілдіру</p> <p>Халық болжамы.</p> <p>Ағашты қырау басса аяз болады, тұман түссе күн жылынады</p>	<p>Ұя тапса шаттанып. Жем іздейді байғұстар, Қардың астын ақтарып. Балаларға сұрақтар:</p> <p>* Балалар, сендер қарғаның қалай дыбыстайтынын білесіңдер ме? (қар...қар).</p> <p>* Қарғаның түсі қандай?</p> <p>* Оның басқа құстардан қандай айырмашылығы бар?</p> <p>* Иә, қарға қыстап қалатын құс. Ол көбіне ағаштың басына шығып, айналаны бақылап отырады. Қарғаның мамығы қалың, тұмсығы мықты болады. Қарғалар ешқандай тамақ талғамайды, көзіне түскендердің бәрін: дәндерді, тұқымдарды, жәндіктер мен құрттарды, тіпті ұсақ жәндіктер мен құстарды да жейді.</p> <p>Еңбек Аланды қардан тазалау.</p> <p><i>Мақсаты:</i> ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге деген ықыласын тәрбиелеу</p> <p>Қимылды ойын: «Бәйге».</p> <p><i>Мақсаты:</i> жүкіру жылдамдығын, ептілігін, қызығушылығын дамыту.</p>	<p>Ұйтқып көз аштырмай. Екпіндей соғады, Алдыға бастырмай.</p> <p>Баларға сұрақтар</p> <p>Бүгін ауа райы қандай? (<i>суық, желді, аязды</i>)</p> <p>Қыс мезгілінде желді қалай атайды? (<i>боран, үскірік</i>)</p> <p>Бүгін жел қай жақтан соғып тұр? Оны қалай анықтауға болады? (ком пәспен, зырылдауықпен)</p> <p>Жел қалай пайда болады?</p> <p><i>Тәрбиеші түсіндіреді:</i></p> <p>Күн ауаны бірдей жылытпайды, бір жерде-жылы, бір жерде-суық. Жылы ауа жоғары көтеріледі, суық ауа төмен түседі.</p> <p>Ауаның осындай қозғалысынан жел пайда болады.</p> <p>Еңбек</p> <p>Сырғанақ төбешік соғу</p> <p><i>Мақсаты:</i> бір-біріне деген жағымды көзқараста болуға тәрбиелеу.</p> <p>Қимылды ойын «ең мерген кім?».</p> <p><i>Мақсаты:</i> Заттарды лақтыруға</p>	<p>Мойныға да қонады. Жауып бітер қарды тосып, Үйіңе де сыймайсың, Табиғаттың ақ көрпесін Басуға да қимайсың</p> <p>Тәрбиеші балаларға сұрақ қояды.</p> <p>Ауа-райы қандай болғанда қар жабысқақ болады?</p> <p>Аяқ астында қар неге сықырлайды? Қар неге ұлпа болады? Айналаға қараңдаршы, қандай әсем көрністерді көріп тұрсыңдар? (айнала аппақ, қар беті тап-таза т.б.)</p> <p>Зерттеу жұмысы</p> <p>Ұшып келе жатқан қарды парақ бетіне қондыру, қардың қасиеттерін анықтау (ұлпа, мамық).</p> <p>Еңбек: өз алаңындағы ағаш түптерін қармен көму.</p> <p><i>Мақсаты:</i> бір мақсатта, бірлесе жұмыс істеу дағдыларын дамыту</p> <p>Қимылды ойын</p> <p>«Ыстық-суық».</p> <p><i>Мақсаты:</i> тәрбиешінің белгісі бойынша әрекет етуге үйрету</p>	<p>Гүлденеді бақшалар, Жауса-жаусын ақша қар. Қыстың келуімен бақшалықта қандай өзгерістер пайда болды? ? (<i>барлық жерді қар басты.</i>)</p> <p>өсімдіктер үшін қардың қандай пайдасы бар? (<i>аяз бен желден сақтайтын «көрпе»</i>)</p> <p>♦бақшалықта қар көп болса, ол-жақсыма, жаман ба? (<i>жақсы, себебі жерде ылғал мол болады</i>)</p> <p>Қар бақшалықтың барлық бөлігінде тегіс жата ма? (<i>жоқ, тегіс жерлерде бірыңғай болады, ал биік жерлер мен ылди жерлерде әртүрлі жиналады</i>)</p> <p>Қар ғимарат жанында көп жинала ма, әлде орталықта ма? (<i>ғимарат жанында</i>)</p> <p>◆неліктен? (<i>соққан жел орталықтағы қарды ғимарат жанына ысырады.</i>).</p> <p>Зерттеу жұмысы</p> <p>Бақшаның әртүрлі бөлігіндегі қар қалыңдығын қар өлшеуіш құралмен өлшеу..</p> <p>Еңбек: қардан құрлыс тұрғызу</p>
--	---	--	--	---	--

		<p>Жаттығу ойындары Шаңғымен жүруге жаттықтыру <i>Мақсаты: күйшіліктері мен мықтылықтарын дамыту.</i></p>	<p>жаттықтыру; Көзбен мөлшерлей білулерін дамыту. «Ағаш суретін сал». <i>Мақсаты: қар бетіне әртүрлі ағаш суретін сала білулерін бекіту.</i> Жеке жұмыс: «Затты тап». <i>Мақсаты:</i> Балабақша ауласын бағдарлай білулерін бекіту; Затты сипаттау бойынша табу.</p>	<p>Жаттығу ойындары Қимылдарын дамыту. <i>Мақсаты:</i> Қарды алысқа лақтыруға үйрету Халық болжамы: Қыс қарлы болса, жаз жаңбырлы болады.</p>	<p><i>Мақсаты: қардан әртүрлі денелер жасауға үйрету;</i> Достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. Қимылды ойындар: «Қу түлкі». <i>Мақсаты: балаларды байқампаздыққа, алғырлыққа баулу, тапсырманы дұрыс орындауларын бақылау.</i> Жаттығу ойындары: «Нысанаға тигіз».</p>
Серуеннен оралу	Ретімен шешіну. Серуеннен алған әсерімен бөлісу.	Ретімен шешіну. Серуеннен алған әсерімен бөлісу.	Ретімен шешіну. Серуеннен алған әсерімен бөлісу.	Ретімен шешіну. Серуеннен алған әсерімен бөлісу.	Ретімен шешіну. Серуеннен алған әсерімен бөлісу.
Балалармен жеке жұмыс	Димаш Жазу парағында бағдарлай білуді, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажыратуды үйрету	Мансұр Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, н, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді анық айтуды қалыптастыру	Айлин Әртүрлі белгілері бойынша заттарды салыстыруды қалыптастыру (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы)	Адина Тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен, жүйелі түрде жеткізуді қалыптастыру	Самира Суреттер бойынша әңгіме құрастыруды қалыптастыру
ЕББҚЕБ	Ерасыл, Медина аңдар мен қысқы азықтары суреттерін бояу. Ауыр, жеңіл заттарды п-а көмегімен тауып,	Ерасыл, Мединамен жабайы жануарлардың суреттерін бояу. ҚР-ның рәміздері буклетін қарау. (Арнайы түзету іс-	Ерасыл, Мединамен жекелеген сөздерді қайталау. Түстерді қайталау. Суреттер бояу. (Арнайы түзету	Ерасыл, Мединамен дауысты дыбыстарды әндетіп айтуға үйрету. Суреттер бояу. (Арнайы түзету іс-	Ерасыл, Мединамен ертегі қарау. Кейіпкерлерді п-а көмегімен мүсіндеу. (Арнайы түзету іс-

	қоршау.. (Арнайы түзету іс-әрекеті*****)	әрекеті*****)	іс-әрекеті*****)	әрекеті*****)	әрекеті*****)
Балалардың іс- әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталды қ, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)*	<p>«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»</p> <p>Арқан тарту</p> <p>Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады. Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады. Қай топ арқанды өз жағына тартып, алып, кесе сол топ жеңіске жетеді. Екі бала тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екіші баланы құлатса, құламаған бала жеңіске жетеді.(Дене тәрбиесі **)</p>	<p>«Хан талапай»</p> <p>Бұл ойынға 5 немесе 10 бала қатыса алады. Көп асықтың ең ірісін қызыл түске бояп қояды. Бұл асық «хан» асығы.</p> <p>Талапай-ау, талапай, Табылды ойын, алақай!</p> <p>Бүк асықпен - бүкті, Шік асықпен - шікті, Тәйкеменен - тәйкені, Алшыменен - алшыны.</p> <p>Бір-біріне атамыз! Қызығына батамыз!</p> <p>Талапай-ау, талапай, Ойын қызық, балақай!</p> <p>Асықты алға шашамыз, Егер, «Хан» алшы түссе Талапайға басамыз.</p> <p>Біреу- бесеу, он алды, Біреу-одан мол алды.</p> <p>«Хан» түссе кім қолына, Бар асықты сол алды-</p>	<p>Шертпек ойыны</p> <p>Мақсаты:ұлттық ойындарды ойнау арқылы шапшаңдыққа тәрбиелеу</p> <p>Ойын шарты : балалар асықты түсіне қарай шерту қажет. Бала асықты шерткенде дәл түссе, асықтың түсі жолаққа сай түссе өзіне сол асықты жинайды немесе сонша ұпай алады. (Дене тәрбиесі **)</p>	<p>Ойын: «Түйілген орамал»</p> <p>Мақсаты: Балаларды ептілікке,шапшаңдыққа тәрбиелеу.Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тыңдай білуге үйрету.</p> <p>Ойынның шарты: Балалар айналасына жиып алады да «1,2,3»- деп дауыстайды. Осы кезде бабалар жан жаққа бытырап қаша бастайды. Ал ойын жүргізушісі қолында түйілген орамалы бар баланы қуалайды. Ол орамалды басқа балаға лақтырады. Қағып алған бала қаша жөнеледі.</p> <p>Осылайша ойын жүргізіледі. Түюлі тұрған орамалды алғанша қуалай береді. Ұсталған ойыншы көпшілік ұйғарымымен</p>	<p>Тақырыбы: «Қояндар мен қасқырлар» ойыны.</p> <p>Мақсаты: Балаларды тапқырлыққа, қырағылыққа, татулыққа тәрбиелеу. Ептілік қасиеттерін арттыру. Денсаулықтарын нығайту.</p> <p>Шарты: Бір бала қасқыр болады. Қалған балалар қоян болады. Қояндар өз үйлерінтығылып жатады. Қасқыр өз апанында жатады. Тәрбиеші</p> <p>-секеңдердер, секеңдеңдер қояндар десе қояндар шығып секеңдеп ойнайды. Қасқыр өз апанынан шығып қояндарды қуа жөнеледі. Ұстап алған қоянды өз апанына апарады. Осылай 3-4 қоян ұстаған соң, ойында басқа бала жалғастырады. (Дене</p>

		деп(Дене тәрбиесі **)		ортаға тұрып өнер көрсетеді. Одан кейін ойын жүргізушісі ауыстырылады. (Дене тәрбиесі **)	тәрбиесі **)
Балалардың үйге қайтуы	<p>«Өнегелі 15минут»</p> <p>Ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы әңгімелесу</p>	<p>«Өнегелі 15минут»</p> <p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p>«Өнегелі 15минут»</p> <p>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p>«Өнегелі 15минут»</p> <p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p>«Өнегелі 15минут»</p> <p>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>

Мектеп директорының оқу іс жосырына қолдасары: *А.Т.Н. Емеева*

Тәрбиелеу - білім беру үдерісінің циклограммасы

Мектепалды сынып: 0 «А»

Білім беру ұйымының атауы: «К.Салықов атындағы орта мектеп»КММ

Балалардың жасы : 5 жас

Қандай кезеңге жасалды : Желтоқсан 16-20 2024-2025жыл

Желтоқсан – «Бірлік және ынтымақ» айы

Апта дәйексөздері:«Бірлік болмай тірлік болмас»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 16	Сейсенбі 17	Сәрсенбі 18	Бейсенбі 19	Жұма 20
Балаларды қабылдау		Күй күмбірі: Ерке сылқым Балалар үшін жайлы жағдай жасау. (Музыка****)	Күй күмбірі: Ерке сылқым Балаларға тәрбиешінің толық аты-жөнін атап сәлемдесуді үйрету. .(Музыка****)	Күй күмбірі: Ерке сылқым Баланың бүгінгі көңіл күйі туралы сұрау. (Музыка****)	Күй күмбірі: Ерке сылқым Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу. .(Музыка****)
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру		Ата-аналармен әңгіме: Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Балаларға суды үнемді тұтыну жайлы ақпарат беруін сұрау	Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа		<u>ҚР Әнұранын тындау</u> Жылулық сәті: Қуан, шаттан, алақай! Қуанатын күн келді. Күліп шықты күн бүгін Қайырлы таң! Қайырлы күн! .(Музыка****)	«Дөңгелек және сопақша» Мақсаты:Геометриялық пішіндерді ажырата білуге, оларға ұқсас заттарды топтай білуге, түстерін айта білуге үйрету. Суреттегі заттарды санауға, оларды сызып қосуға үйрету. Логикалық ойларын,есте	«Андар қысқа қалай дайындалады?» Мақсаты: Жануарлардың қысқа қалай дайындалатынын әңгімелеу. Қоршаған ортамен танысу Қарым- қатынас іс –әрекеті,танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-	«Көлік» Мақсаты: Балаларға көлік туралы түсінік беру. Олардың қызметінің маңыздылығы туралы ұғымдарын кеңейту. Көлікті жапсыруға үйрету.

ойындар), бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалары)			сақтау қабілеттерін дамыту. Ойшылдыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. Математика негіздері Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет	әрекеті.(Қазақ тілі***)	Жапсыру Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс- әрекеті
Ертеңгілік жаттығу		Жүрутүрлері: екі- екіденжүру; ұшымен, қолжоғары; өкшемен қол; тізеніжоғары көтеріп жүру. Жүгірутүрлері: екі- екіден жүгіру. Жүру. Екіқатарғаекі- екідентүру. Б.қ. н.т.бір-бірінеқарау, қолұстасыптұру 1.Ұшыгетұру, қолдыжан- жақтанкөтеріп.2.Б.қ. 3.Ұшыгетұру, қолдыжан- жақтанкөтеріп.4.Б.қ. (6-7рет) Б.қ. н.т.бір-біріне арқамен, қол ұстасып тұру 1.Бұрылу, бір-біріне қарау.2.Б.қ.3. Бұрылу, бір-біріне қарау.4.Б.қ. (6-7рет) Б.қ. бір-біріне қарама- қарсы тұру, қол кеуденнің алдында 1.Бір-бірінді қолмен итеру.Б.қ.3. Бір-бірінді қолмен итеру.4.Б.қ (5-6 рет) Б.қ. н.т., бір-бірінің	Жүрутүрлері: екі- екіденжүру; ұшымен, қолжоғары; өкшеменқол; тізеніжоғарыкөтеріпжүру. Жүгірутүрлері: екі- екіденжүгіру. Жүру. Екіқатарғаекі-екідентүру. Б.қ. н.т.бір-бірінеқарау, қолұстасыптұру 1.Ұшыгетұру, қолдыжан- жақтанкөтеріп.2.Б.қ. 3.Ұшыгетұру, қолдыжан- жақтанкөтеріп.4.Б.қ. (6-7рет) Б.қ. н.т.бір-біріне арқамен, қол ұстасып тұру 1.Бұрылу, бір-біріне қарау.2.Б.қ.3. Бұрылу, бір- біріне қарау.4.Б.қ. (6- 7рет) Б.қ. бір-біріне қарама-қарсы тұру, қол кеуденнің алдында 1.Бір-бірінді қолмен итеру.Б.қ.3. Бір-бірінді қолмен итеру.4.Б.қ (5-6 рет) Б.қ. н.т., бір-бірінің иығына бір қолдарын қойып, екінші қолдарын белге қойып тұру. 1.Жартлай отыру.2.Б.қ.3. Жартлай отыру.4.Б.қ	Жүрутүрлері: екі-екіденжүру; ұшымен, қолжоғары; өкшеменқол; тізеніжоғарыкөтеріпжүру. Жүгірутүрлері: екі- екіденжүгіру. Жүру. Екіқатарғаекі-екідентүру. Б.қ. н.т.бір-бірінеқарау, қолұстасыптұру 1.Ұшыгетұру, қолдыжан- жақтанкөтеріп.2.Б.қ. 3.Ұшыгетұру, қолдыжан- жақтанкөтеріп.4.Б.қ. (6-7рет) Б.қ. н.т.бір-біріне арқамен, қол ұстасып тұру 1.Бұрылу, бір-біріне қарау.2.Б.қ.3. Бұрылу, бір- біріне қарау.4.Б.қ. (6- 7рет) Б.қ. бір-біріне қарама-қарсы тұру, қол кеуденнің алдында 1.Бір-бірінді қолмен итеру.Б.қ.3. Бір-бірінді қолмен итеру.4.Б.қ (5-6 рет) Б.қ. н.т., бір-бірінің иығына бір қолдарын қойып, екінші қолдарын белге қойып тұру. 1.Жартлай отыру.2.Б.қ.3. Жартлай отыру.4.Б.қ (5-6 рет)	Жүрутүрлері: екі- екіденжүру; ұшымен, қолжоғары; өкшеменқол; тізеніжоғарыкөтеріпжү- ру. Жүгірутүрлері: екі- екіденжүгіру. Жүру. Екіқатарғаекі- екідентүру. Б.қ. н.т.бір-бірінеқарау, қолұстасыптұру 1.Ұшыгетұру, қолдыжан- жақтанкөтеріп.2.Б.қ. 3.Ұшыгетұру, қолдыжан- жақтанкөтеріп.4.Б.қ. (6-7рет) Б.қ. н.т.бір-біріне арқамен, қол ұстасып тұру 1.Бұрылу, бір-біріне қарау.2.Б.қ.3. Бұрылу, бір-біріне қарау.4.Б.қ. (6-7рет) Б.қ. бір-біріне қарама- қарсы тұру, қол кеуденнің алдында 1.Бір-бірінді қолмен итеру.Б.қ.3. Бір-бірінді қолмен итеру.4.Б.қ

		иығына бір қолдарын қойып, екінші қолдарын белге қойып тұру. 1.Жартлай отыру.2.Б.қ.3. Жартлай отыру.4.Б.қ (5-6 рет) Б.қ. негізгі тұрысы, доптар төмен. Допты айналып секіру (5-6 рет) Жүгіру. Бір қатармен жүру.Тыныс алу жаттығу«Маятник» - түзу тұрып, аяқтарын иық деңгейінде қойып, таяқты арқасына жауырыннан төмен ұстау; денесімен жанына қарай еңкейу; уақытта «Т-у-у-х-х» - деген дыбыспен демін сыртқа шығарады(5-6 рет) (Дене тәрбиесі)	(5-6 рет) Б.қ. негізгі тұрысы, доптар төмен. Допты айналып секіру (5-6 рет) Жүгіру. Бір қатармен жүру.Тыныс алу жаттығу«Маятник» - түзу тұрып, аяқтарын иық деңгейінде қойып, таяқты арқасына жауырыннан төмен ұстау; денесімен жанына қарай еңкейу; уақытта «Т-у-у-х-х» - деген дыбыспен демін сыртқа шығарады(5-6 рет) (Дене тәрбиесі)	Б.қ. негізгі тұрысы, доптар төмен. Допты айналып секіру (5-6 рет) Жүгіру. Бір қатармен жүру.Тыныс алу жаттығу«Маятник» - түзу тұрып, аяқтарын иық деңгейінде қойып, таяқты арқасына жауырыннан төмен ұстау; денесімен жанына қарай еңкейу; уақытта «Т-у-у-х-х» - деген дыбыспен демін сыртқа шығарады(5-6 рет) (Дене тәрбиесі)	(5-6 рет) Б.қ. н.т., бір-бірінің иығына бір қолдарын қойып, екінші қолдарын белге қойып тұру. 1.Жартлай отыру.2.Б.қ.3. Жартлай отыру.4.Б.қ (5-6 рет) Б.қ. негізгі тұрысы, доптар төмен. Допты айналып секіру (5-6 рет) Жүгіру. Бір қатармен жүру.Тыныс алу жаттығу«Маятник» - түзу тұрып, аяқтарын иық деңгейінде қойып, таяқты арқасына жауырыннан төмен ұстау; денесімен жанына қарай еңкейу; уақытта «Т-у-у-х-х» - деген дыбыспен демін сыртқа шығарады(5-6 рет) (Дене тәрбиесі)
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ)		«Құмырадағы гүл» Мақсаты: Балаларға құмырадағы гүлді жапсыруға үйрету. Достық пен жанашырлыққа тәрбиелеу, түрлі-түсті қағазбен, желіммен жұмыс жасай білуге үйрету.	«Теңін тап» Мақсаты:Балалар екі бірдей заттарды таба алады. Мүсіндеу Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті	«Қ дыбысы» Мақсаты:«Қ» дыбысының дұрыс дыбысталуын, әріп таңбасын қайталату, ойын арқылы ойлау қабілетін дамыту; ұқыптылыққа тәрбиелеу. Суреттегі заттардың дыбыстарын айту.Үзік сызықтарды қосуға үйрету.	«Қағаз бетінде бағдарлау» Мақсаты:Заттармен шаманы салыстыруға және айырмашылығын ажырата білуге, кеңістікті дұрыс бағыттай білуге, заттың көлем, пішін, түсін ажырата білуге үйрету.

		Жапсыру Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті		Сауат ашу негіздері Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет	Математика негіздері Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет
Кестеге сәйкес ҮІӨ		<p>Сауат ашу негіздері Сөйлем құрау</p> <p>Мақсаты: Сөздерді қатыстырып, белгілі ретімен сөйлем құрай алу және сөйлемдегі бірінші, екінші, үшінші сөздерді ретімен айта алу дағдыларын бекіту</p> <p>Міндеті: Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну. <i>«Сөйлемді жалғастыр» дидактикалық ойыны</i> -Балалар, мен сөйлемнің басын бастап айтамын, сендер мағынасына қарай аяқтайсыңдар. Ойын шарты: педагог сөйлемнің басын айтады, сөйлемді балалар аяқтау керек. Педагог: Балалар:</p>	<p>Математика негіздері Жыл мезгілдері Мақсаты: Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру Міндеті: Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау, циферблат бойынша уақытты анықтау./ Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту (кірікт 16.12) «Бұл қашан болады?» Ойындық жағдаят Мақсаты: Әр жыл мезгіліндегі табиғи құбылыстар туралы ұғымдармен таныстыру -Сыртта суық, жиі жаңбыр жауады. Жапырақтар сарғайып, жерге түседі. Құстар жылы жаққа ұшады. Адамдар көгөністер мен жемістерді жинайды. -Бұлықашан болады? (Күзде.) -Қар жауады, күн аязды. Қар борпылдақ болған кезде, одан қарлы</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Қаңтар Мақсаты: Қыс мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру. Міндеті: Дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын дамыту және жетілдіру, дауыссыз г – ғ, л – р, ж – з, с – з, ж – ш, н –ң, х – һ дыбыстарды есту бойынша ажыратуға жаттықтыру (кірікт 16.12) Сұрақ-жауап -Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? -Қыс мезгілі қай мезгілдің соңынан келеді? -Дұрыс, күз мезгілінің соңғы айы суық болып, жаңбырлатып, арты қарға ұласады. Сөйтіп қыс мезгілінің алғашқы айы басталады. -Қыс мезгілінде неше ай бар? -Қыс мезгілінің үш айы да қарлы, аязды, ызғарлы суықпен өтеді. -Балалар, қар қайтіп жауатынын білесіңдер ме? Дұрыс, қар жапалақтап, түйіршіктеніп те жауады. Кәне, бәріміз бірге</p>	<p>Қоршаған ортамен таныстыру Өнеркәсіптегі адам еңбегі Мақсаты: Өнеркәсіптегі адам еңбегімен таныстыру.</p> <p>Міндеті: Әртүрлі мамандықтар, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау. -Балалар жан-жақтарыңа қараңдаршы, бізді нелер қоршап тұр? Балалар атайды (заттар, ойыншықтар, жиһаздар). Заттардың бәрі адамның еңбегімен жасалған. -Балалар, «еңбектену» деген сөздің мағынасын қалай түсінесіңдер? -Еңбектену – жұмыс істеу, қажеттілік үшін әрекеттену, нәтижеге жету дегенді білдіреді. Адамдар табыс тауып, отбасын асырау үшін,</p>

		<p><i>Балалар бақта жүгірді.</i></p> <p><i>Атамшалғымен шөпишпты.</i></p> <p><i>Анам сиыр сауды.</i></p> <p><i>Ағаштың түбі- қалың қар.</i></p> <p><i>Аю қыста ұйықтайды.</i></p> <p><i>Мал жайл ауда жайылды.</i></p> <p><i>Балалар доп ойнады.</i></p> <p><i>Үсен мәшинені жуды.</i></p> <p>Жұмыс дәптерімен жұмыс</p> <p>1.Суреттерді қара.Әр сурет бойынша сөйлем құра.Сызбасын сыз.</p> <p>2.Суреттерді ата.С дыбысының орнын анықта.Сөздің басында болса—бірінші бөлікті, ортасында болса – екінші бөлікті, соңында болса – үшінші бөлікті көк қарындашпен боя.</p> <p>3.Өрнектерді штрихта.</p> <p>4.Үзік сызықтарды бастыр</p>	<p>кесектерді мүсіндеуге болады. Су қоймаларына мұз қатады.</p> <p>-Бұл қашан болады? (Қыста.)</p> <p>-Жылынып, қар еріп, ағын сулар ағып жатыр. Гүлдер, шөптер өседі, ағаштар мен бұталарда жапырақтар гүлдейді. Құстар жылы жақтан оралады. Олар ән айтады, ұя салады.</p> <p>-Бұлқай мезгілде болады? (Көктемде.)</p> <p>-Күн жарқырайды, күн ыстық болады. Адамдар су айдындарында шомылады. Ұяларда балапандар пайда болады.</p> <p>-Бұл қашан болады? (Жазда.)</p> <p>Дәптерменжұмыс.</p> <p>1-тапсырма.Суреттерге қара.Жыл мезгілдерін ата.Ағаштарды боя.</p> <p>2-тапсырма.Жыл айларының атауын есінде сақта.Жылдың әр мезгілінде неше ай бар?</p> <p>«Жыл бойы»дидактикалық ойыны(доппен ойналады).Педагог допты лақтырып сұрақтар қояды:</p> <p>-Жылдың ақпан айы нешінші ай?</p> <p>-Жыл қай айда аяқталады?</p> <p>-Қазан айынан кейін қандай</p>	<p><i>жапалақтап, түйіршіктеніп</i> дегенсөздерді қайталайық.</p> <p>-Қардың түсі аппақ, жер бетінде күмістей болып жалтырап жатады. Қар – жұмсақ, ұлпа.</p> <p>Сөздік жұмысы:</p> <p><i>жапалақтап</i> – қардың жалпақ, ірі болып жаууы</p> <p><i>түйіршіктеніп</i> – қардың түйір-түйір болып жаууы</p> <p>-Балалар, көптеген ақын, жазушылар қыс мезгілін суреттеп, өлең, әңгіме жазған. Бүгін ақын Әнуарбек Дүйсенбиевтің «Қаңтар» өлеңімен танысамыз.</p> <p>Сөздік жұмысы:</p> <p><i>жапалақтап</i> – қардың жалпақ, ірі болып жаууы</p> <p><i>түйіршіктеніп</i> – қардың түйір-түйір болып жаууы</p> <p>-Балалар, көптеген ақын, жазушылар қыс мезгілін суреттеп, өлең, әңгіме жазған.Бүгін ақын Әнуарбек Дүйсенбиевтің «Қаңтар» өлеңімен танысамыз.</p> <p>Қаңтар</p> <p>Лебі мұздай, ызғарлы, Алып келді қыс қарды. Қысқы түндер ұзарды, Ұзақ күндер қысқарды.</p>	<p>біреудің және өзінің пайдасы үшін еңбектенеді Әртүрлі салада еңбек ететін адамдарды қалай атаймыз?</p> <p>-Жұмысшылар, мамандық иелері, мамандар. Қандай мамандықтарды білесіңдер? Балалар білетін мамандықтары және ата-аналарының мамандықтары туралы айтады.</p> <p>- Балалар, біз бүгін өнеркәсіптегі адам еңбегімен танысамыз. Өнеркәсіп – өндіріс орындары, зауыт, фабрикалар. Бұл жерлерде адамға қажет заттар жасалады. Мен сендерге ентәтті өндіріс туралы айтқым келіп тұр. «Тәтті» өндірісте не өндіріледі?</p> <p>-Тәтті өнімдер.</p> <p>-«Рахат» фабрикасында әртүрлі кәмпит, шоколад, мармелад, вафли, печенье, тоқаш пісіріледі.</p> <p>-Фабрикада еңбек ететін адамдарды қалай</p>
--	--	---	---	--	---

	<p>Қоршаған ортамен таныстыру Адам өмірі үшін судың, құмның, күн, ай сәулесінің, саздың, тастардың маңызынтүсіну</p> <p>Мақсаты: Судың адамзат тіршілігіндегі маңызы туралы білімдерінестеріне түсіру және судың қасиеттерімен таныстыру.</p> <p>Міндеті: Адам өмірі үшін судың, құмның, күн, ай сәулесінің, саздың, тастардың маңызын түсіну</p> <p>«Ненің дыбысы?» дид.ойыны</p> <p>Мақсаты: Судың дыбысын ажырату</p> <p>Судың сылдырлап аққаны, жаңбырдың тысырлап жауғаны, толқынның жағаға ұрған дыбыстары алдын ала жазылған ұнтаспадан шығады. Балалар дыбыс шығу аймақтары – өзен, жаңбыр, теңіз екенін тауып, олардың ортақ атауы «су» екенін айтады.</p> <p>-Жер бетінде су көп болса да, барлығы</p>	<p>ай келеді?</p> <p>-Жаз айларын ата және т.б</p> <p>3-тапсырманы.Бірдей телпекті тауып,боя.Қанша телпек боялмаған?Оларды қоршап сыз.</p> <p>Сауат ашу негіздері</p> <p>Ойнай отырып оқимыз</p> <p>Мақсаты: Сөйлем құрап,сөйлемдегі сөздерді ретімен айта алу және құрылған сөйлемнің сызбасын құрай алу дағдыларын жетілдіру</p> <p>Міндеті: Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру</p> <p>«Бөлшектерінен тап» дид.ойыны</p> <p>Педагог бір заттың бөлшектерін тізіп айтады. Балалар ненің бөлшегі екенін тез табу керек.</p> <p>1.Терезе,шатыр,қабырға— ...<i>(үй)</i></p> <p>2.Жапырақ,діңгек,бұтақ— ...<i>(ағаш)</i></p> <p>3.Дөңгелек,кузов,кабина,руль— ...<i>(көлік)</i></p> <p>4.Бас, аяқ,ауыз,өркеш — ...<i>(түйе)</i></p> <p>Дидактикалық</p>	<p>Аяз сүйіп қарсы алған Жердің аппақ тұлғасы.</p> <p>Басталады қаңтардан</p> <p>Қыс айының ортасы.</p> <p>Қыс мезгіліне арналған мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіріп, қайталатады.</p> <p>Қысына қарай – көктемі, Диканына қарай – егіні.</p> <p>Қар жауды деп қуанба, Артынан келер аязы.</p> <p>Қыстың қамын жазда ойла.</p> <p>Дидактикалық ойын:</p> <p>«Дауыссыз дыбыстарды анықта»</p> <p>Шарты: «Қаңтар» өлеңіндегі «мұздай», «ызғарлы», «қарлы», «түндер», «ұзарды»,«қысқарды» сөздерінің ішінен дауыссыз дыбыстарды педагогтің көмегімен табады. Мысалы: «мұздай» сөзіндегі д – дауыссыз дыбыс. «Ызғарлы» сөзіндегі з дыбысы да дауыссыз дыбыс. Тапсырма ауызша орындалады.</p> <p>Математика негіздері</p> <p>Жыл мезгілдері</p> <p>Мақсаты: Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру</p> <p>Міндеті: Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру,</p>	<p>атайды?</p> <p>– Кондитерлер.</p> <p>(Педагог «Қазақстан» шоколады алып шығады).</p> <p>– Балалар, шоколадты неден жасайды?</p> <p>- Какао.</p> <p>- Какао – алыстағы Африка жерінде өсетін өсімдік, бұта. Бұтақтарындағы жемістердітеріп, кептіріп, ұнтақтап шоколад жасайтын шикізат алынады.</p> <p>Зауыт, фабрикаларға өнім жасау үшін әкелінетін заттар шикізат деп аталады.</p> <p>Мынау – тігін фабрикасы. Тігін фабрикасында тігіншілер, киім пішушілер, үтіктеушілер т.б. жұмыс істейді.</p> <p>Суретке қарап, киім тігу үшін тігіншіге қажет құралдарды атаңдар.</p> <p>-Тігін мәшинесі, қайшы, жіп, маталар т.б.</p> <p>-Киім тігу үшін тігін фабрикасына қандай шикізат жеткізіледі?-</p>
--	---	---	--	--

	<p>бірдей ішуге жарамды бола бермейді.</p> <p>Су тұщы және тұзды (ащы) болады. Біз ішу үшін қандай суды пайдаланамыз?</p> <p>-Біз ішу үшін тұщы суды пайдаланамыз.</p> <p>-Судың қасиеттерін еске түсірейік: Су мөлдір. Судың дәмі жоқ. Судың иісі жоқ. Судың пішіні жоқ. Су еріткіш.</p> <p>-Суреттерді пайдалана отырып, балаларды мәселені зерттеу үдерісіне бағыттады: суреттерді қарап шығып, сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Талқылауға Көлтауысар да қатысады. Балалар судың неліктен «тіршілік көзі» деп аталатынын түсіндіреді. Сусыз адам, жануар және өсімдіктер тіршілік ете алмайтынын еске түсіреді.</p> <p>№1 тәжірибе. «Бу – бұл су». Педагог ыстық су құйылған шәйнекті ашып,</p>	<p>ойын: «Сөздің бірінші дыбысын айт»</p> <p>Мақсаты: айталған сөздің бірінші дыбысын айту</p> <p>Жұмыс дәптерімен жұмыс</p> <p>1 Суреттегі көліктерді ата. Дауыссыз дыбыстардан басталатын көліктер туралы сөйлем құра. Сызбасын сыз.</p> <p>2. Дыбыстық талдау жаса</p> <p>3. Нүктелерді үзбей бастыр, тұс киізді толықтыр.</p> <p>4. Үзік сызықтарды бастыр.</p> <p>Көркем әдебиет</p> <p>Торғайлар қуанышы</p> <p>Мақсаты: Тілдік ойлау қабілетін дамыту.</p> <p>Міндеті: Әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;</p> <p>-Қыс мезгілі сендерге ұнай ма?</p> <p>-Қыста ауа райы қандай болады? Бүгін ауа райы қандай?</p> <p>Жұмбақ</p> <p>Қанаты бар талмаған</p> <p>Аспанда ұшып самғаған.</p> <p>(Құс)</p> <p>-Қандай құстарды білесіңдер?</p> <p>-Қыста ұшып жүретін</p>	<p>олардың ретін білу және атау, циферблат бойынша уақытты анықтау.</p> <p>«Бұл қай мезгіл?» ойындық жаттығуы. Педагог суреттерден (жыл мезгілдерін) көрсетеді, балалар оларды атайды)</p> <p>Дәптермен жұмыс. 1. Жұмбақтардың шешуіне байланысты суреттерді қоршап сыз: қыс – көк қарындаш, көктем – қызыл, жаз – жасыл, күз – сары түспен.</p> <p>Балалар жұмбақтарды тыңдайды, болжамдайды, жауапқа қатысты сурет таңдайды.</p> <p>Қоршайды</p> <p>2-тапсырма. Жыл мезгілдерінің айларын ата. «Жылдың әр мезгілінде неше ай бар?» – сұрағына жауап береді</p> <p>3-тапсырма</p> <p>Заттарды жыл мезгіліне қарай таңда, сызып қос</p> <p>«Мен бастаймын, жалғастыр!» ойындық жаттығуы.</p> <p>Алдымен көктем, содан кейін... жаз. Алдымен бүгін, содан кейін... ертең. Алдымен қаңтар, содан кейін ... ақпан</p> <p>Қазақ тілі</p> <p>Менің елімнің рәміздері</p>	<p>Дайын мата.</p> <p>– Киім әдемі тігілуі үшін көп адамдар еңбек етеді. Дайын матаны жүргізуші мәшинеме жеткізеді, жүкшілер матаны түсіреді.</p> <p>Матаны өлшеп, киімді киім пішушілер пішеді, тігіншітігіп шығарған киімді үтіктеушілер үтіктейді, дайын өнім дүкенге жеткізіледі.</p> <p>Барлық адам бір-бірінің игілігі үшін қызмет жасайды: тігінші тіккен киімді барлығы киеді.</p> <p>Шахтер өндірген көмірді тігінші де, құрылысшы да, кондитер де пайдаланады.</p> <p>Құрылысшы салған үйде тігінші де, шахтер де, басқа мамандық иелері де тұрады.</p> <p>Балалар суретті қарап шығып, өнеркәсіп жұмыстарын талқылайды.</p> <p>Оларды адам қалай пайдаланатынын талқылайды.</p> <p>Қонаққа қуыршақ келді деп, суретін тақтаға іледі</p> <p>«Балалар, менің атым –</p>
--	--	--	---	--

		<p>балалардың назарын буға аударады. Оның үстіне әйнек ұстайды, әйнекте тамшылар пайда болады. Будың су екендігіне көздерін жеткізеді.</p> <p>№ 2 тәжірибе. «Су сұйық». Суды бір ыдыстан екінші ыдысқа құяды. Су қандай? Су сұйық, сондықтан ағады.</p> <p>№ 3 тәжірибе. Суды иіскеп көріңдер. Иісі бар ма? Суда иіс жоқ.</p> <p>№ 4 тәжірибе. Мөлдір ыдыстағы суға 2–3 түйір тасты салады. Тас көріне ме? Сумөлдір.</p> <p>№ 5 тәжірибе. Суды ішіп көріңдер. Дәмі бар ма? Судың дәмі жоқ.</p> <p>№ 6 тәжірибе. Суға қант салып көрейік. Қант қайда? Су еріткіш.</p> <p>№ 7 тәжірибе. Қатты суықта су неге айналады? Су мұз болып қатады.</p> <p>-Балалар, суды не үшін қорғауымыз керек? Жер бетінен су жоғалып кетсе не болар еді? Бізсуды қорғау үшін қандай көмек көрсете</p>	<p>құстарды көрдіңдерме? -Торғай қандай құс?<i>(Момын, кішкентай)</i> -Торғай пайдалы құс, ол зиянкес құрттар мен дәндерді, нан қиқымын жейді. Торғайдың қанатының астындағы мамық жүндері қыста қалыңдайды, сондықтан олар суыққа тоңбайды, төзімді болады. Бүгін біз торғай турал ақын Мұбарак Жаманбалиновтың «Торғайлар қуанышы» өлеңімен танысамыз</p> <p>Торғайлар қуанышы <i>Бір уыс дән шашып қап, Шолып едім қашықтан, Ұшып келіп әр жақтан, Жапырласты торғайлар. Қалғандай-ақ ашығып, Шоқып-шоқып асығып. Сілкініп те алады, Қанаттарын қағады. Секіріп те ойнайды, Өздерін шет ойлайды. Қарасады айнала: Қайырымды қай бала? Сөздік жұмысы: қашықтан– алыстан шоқып-шоқып – торғайдың тамақ жеуі Өлең мазмұны <i>бойынша</i>сұрақ-жауап: -Өлең қалай аталады?Балалар торғайларға</i></p>	<p>Мақсаты: Туды, Елтаңбаны және Гимнді бір-бірінен ажырата білуге үйрету.</p> <p>Міндеті: Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру. (кірікт 16.12) Сұрақ -жауап</p> <p>-Балалар біз қандай мемлекетте тұрамыз?</p> <p>-Қазақстан</p> <p>Республикасында тұрамыз</p> <p>Біздің ұлтымыз қандай?</p> <p>Қазақ.</p> <p>Біз қай бірде сөйлейміз?</p> <p>-қазақ тілінде.</p> <p>Туды көрсетіп сипаттау.</p> <p>-Балалар мынау ҚР-ның мемлекеттік туы. Туымыздың түсі аспан түстес көк. Көк түс – бірлік пен ашық аспанды көрсетеді. Туымыздың ортасында сәуле шашқан күн бейнесі орналасқан. Ол – тыныштық пен байлықтың</p>	<p>Көркем, мен сендерге ойыншық фабрикасынан келдім».</p> <p>– Балалар, қуыршақ Көркемге сыйлық жасайық.</p> <p>Балалар екі топқа бөлініп, 1-топ дайын қағаздардан қуыршаққа арналған киімдер қияды, 2-топ ермексаздан кэмпиттер жасайды</p> <p>Сауат ашу негіздері Дыбыстық талдау. Мақсаты: Дыбыстық талдау жасауға жаттықтыру</p> <p>Міндеті: Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау..</p> <p>«Түсіне қара» дидактикалық ойыны Мақсаты: көк дөңгелек көрсетілгенде дауыссыз, қызыл дөңгелек көрсетілгенде дауысты дыбыстан басталатын сөздерді айту «Сөздегі дыбыстың</p>
--	--	---	---	--	---

		<p>аламыз?</p> <p>-Су – тіршілік көзі. Суды үнемді қолдану керек. Үйдегі кранды дұрыстап жабу керек.</p> <p>Суды ластауға болмайды, қоқыс, қалдықтарды лақтыруға болмайды.</p> <p>Көркем әдебиет Жыл басына таласқан жануарлар</p> <p>Мақсаты: Ертегі сюжетін рөлге бөліп мазмұндауға үй</p> <p>Міндеті: Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау</p> <p>-Балалар,бір-бірімізге жақсы тілегімізді айтайық.</p> <p>-Достарыңнан жақсы тілек есту ұнады ма?Көңіл күйің көтерілді ме?</p>	<p>не шашты?</p> <p>-Торғайлар тамақты қалай жеді?</p> <p>-<i>Торғай</i>сөзіне сөйлем құра.</p> <p>Тіл ұстарту жаттығуы: Ос-ос-ос– құстар бізге дос. Ұс-ұс-ұс–ұшып кетті құс.</p> <p>Дидактикалықойын:«Торғайлар»(баланың зейінін дамыту). Шарты: «Күн» дегенде – қанатын қағып ұшады.«Түн»дегенде– балалар ұйықтайды. Ұйықтамаған құс айыбын өтейді.</p> <p>Педагог«Торғайлар қуанышы»өлеңін екінші қайтара оқиды.</p> <p>Суреттер арқылы тапқакты жаттатады.3-4балаға өлеңді жатқа айтуды ұсынады.</p> <p>Дене шынықтыру Допты лақтыру</p> <p>Мақсаты: 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты,асықты лақтыру дағдыларын қалыптастыру</p> <p>Міндеті: 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты,асықты</p>	<p>белгісі.</p> <p>Күн астында қалықтап ұшқан қыран құс бейнесі орналасқан.Ол еркіндіктің, қазақ халқының жан-дүниесінің кеңдігінің белгісі.</p> <p>Туымыздың сабы бекітілген тұсында қазақтың ұлттық ою-өрнегімен көмкерілген. Бұл ою-өрнек қазақ халқының қол өнер шебері болғанын білдіреді.</p> <p>Мемлекеттік туымыздың авторы қазақтың қылқалам шебері Шәкен Ниязбеков.</p> <p>-Қане ,балалар бәріміз бірге қайталайықшы.</p> <p>-Балалар осы мемлекеттік туымыз туралы кім қандай тапқак айтады.</p> <p>-Өте жақсы балалар,сендер туымыз туралы тапқакты жақсы біледі екенсіңдер.</p> <p>Елтаңбаны көрсетіп сипаттау.</p> <p>-ҚР-ның мемлекеттік рәміздерінің бірі – Елтаңба. Елтаңбада көгілдір түстің аясында шаңырақ</p>	<p>орнын дұрыс анықта»дидактикалы қ жаттығуы</p> <p>Мақсаты: айтқан дыбыс сөздің басында болса, қызыл дөңгелекті ,соңында болса,көкдөңгелекті,о ртасында болса,екі дөңгелекті көрстеу</p> <p>-<i>р-ара, арман, арық, рақмет, қарбыз,қырық,рақат,ра уғаш, ару, Ардақт.б.);</i></p> <p>-<i>ә-(әтеш ,әткеншек, әңгіме, кәрі,әтір, Күләш, бәтеңке ,бәліш,әріпт.б.);</i></p> <p>-<i>м-(мақта, мал, мамық, қамыр,монша,моншақ, Әмина, қамзол,қаймақ,тамыр т.б.).</i></p> <p>Жұмыс дәптерімен жұмыс</p> <p>1 Суреттерді ата,буынға бөл.Суретті өз сызбасымен қос.</p> <p>2.Дыбыстық талдау жаса</p> <p>3.Суретті штрихта.</p> <p>4.Бастыр.</p> <p>5.Үзік сызықтарды бастыр,жалғастыр.</p>
--	--	--	---	--	---

	<p>белгілі бір тақырып беріледі (мысалы, «Қыс пен жаз», «Табиғат», «Достық»).</p> <p>Әр топ өз ойларын айтыс түрінде баяндап, қарсыластарын сөзбен жеңуге тырысады.</p> <p>Тәрбиеші балалардың сөздеріне құлақ салып, әр топтың шешендік дағдыларын бағалайды.</p> <p>Тәрбиеші айтыс барысында қолданылған сөздердің күшін, әдептілігін және шешендік өнерді бағалайды.</p> <p>2. Ойын: "Шешен бол!"</p> <p>Мақсаты:</p> <p>Балаларға шешендік өнерді дамытуға көмектесу, сөздерді шешен қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Ойын барысы:</p> <p>Балаларға бір тақырып беріледі, мысалы, «Менің отбасым», «Менің сүйікті тақырыбым» немесе «Табиғатты қорғау».</p> <p>Әр бала осы тақырып бойынша шешендік өнерде сөйлеуге тырысады. Олар өз ойларын, сезімдерін айқын, сенімді және қызықты түрде жеткізуі</p>	<p>Өлеңдерді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту.</p> <p>Өлеңдерді мәнерлеп оқу және орындау</p> <p>Балаларға бірліктің мағынасын терең түсіну үшін, әрбір өлеңнің сөзін, мағынасын мұқият талдап, содан кейін жатқа оқуға үйрету.</p> <p>Өлеңді оқып болғаннан кейін, балаларға өлеңнің мағынасын сұрау: «Неліктен біз бірлікті сақтауымыз керек?» «Бірлік туралы осы өлеңде не айтылған?»</p> <p>6. Өлеңдерді топпен айту</p> <p>Балаларды топтап, бір өлеңді бірнеше рет қайталап оқуға ынталандыру. Топтық оқу барысында әр бала өз бөлігін мәнерлеп оқиды, бұл бірліктің маңызын көрсететін әдіс болып табылады.</p> <p>Топтық жұмыс:</p> <p>Өлеңді бөлшектеп оқып, әр бала өз бөлігін оқып, соңында бірлікпен бәрі бірге айтады.</p> <p>Оқудың интонациясын өзгертіп, әртүрлі рөлдерді орындау арқылы балалар бірліктің күшін сезінеді.</p> <p><u>МУЗЫКА</u></p>	<p>ойлауға, қиялдарын дамытуға көмектеседі</p> <p><u>ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ</u></p> <p>Жаттығулар</p> <p>Мақсаты: Мақсаты: Балалардың музыкалық ырғаққа сай қимыл жасау дағдыларын дамыту.</p> <p>МІНДЕТІ:Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау.Қимылдардыңырғағынмузыкалықсүйемелдеу менүйлестіру.Түзубағыттаа дымдапжүру.Жұбыменшенң бербойымен жүру еңгерімді жаттығулар</p> <p>Балалар бір аяқпен тұрып, әуеннің ырғағына қарай бұл қалыпта әртүрлі бағытта қозғалуды жасайды. Бұл жаттығу дене тепе-теңдігі мен бұлшықеттердің икемділігін дамытады.</p> <p>Ойындар:</p> <p>"Қолды көтер, аяқты көтер"</p> <p>Балалар музыка әуеніне сәйкес белгілі бір бұйрықтар бойынша әрекет етеді: "Қолды көтер", "Аяқты көтер", "Қолды алға соз", "Аяқты артқа қой". Мұндай ойындар балалардың көңілін көтеріп, есту қабілетін</p>	<p>ауызша шығармашылығы, онда екі ақын немесе айтысушы екі жақ болып, өлеңмен жауаптасып, өнер бәсекесіне түседі.</p> <p>Айтыс кезінде бір-біріне сұрақтар қойылады, жауаптар өлеңмен беріледі.</p> <p>Қыздар мен ұлдар айтысы — екі топтың арасында айтыс ұйымдастыру арқылы өтеді.</p> <p>Шешендік өнер туралы түсінік: «Шешендік сөз — адамның ой-санасын, сезімін, пікірін әсерлі түрде жеткізу өнері.»</p> <p>Айтыс да шешендік өнердің бір түрі болып табылады.</p> <p>2. Айтыс өнерінің ерекшеліктері</p> <p>Айтыс ерекшеліктері: айтыстың әртүрлі түрлері бар: сөз саптасы, өлеңмен жауап беру, әзілмен, сынмен айту.</p> <p>Айтыс кезінде балалардың ой-өрісі кеңейіп, шығармашылық қабілеттері дамиды.</p> <p>Сонымен қатар, тіл байлығы мен жылдамдыққа</p>	<p>олардың реңктерін беру, негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдау</p> <p><u>ЖАПСЫРУ/</u> Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару.</p> <p><u>МҮСІНДЕУ/</u> Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау). Затқа қарап мүсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын мүсіндерді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдану.</p> <p><u>ҚҰРАСТЫРУ</u></p> <p>Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану.</p> <p>Әңгіме жүргізу: Балаларды төрт түлік жануарларымен таныстыру, олардың адам өміріндегі маңызы туралы әңгіме айту.</p> <p>Мысалы:</p>
--	---	--	--	--	---

	<p>керек. Тәрбиеші балалардың сөйлеу барысында сөздердің мәнін және әсерін талдайды. Ойын барысында балалар бір-бірін тыңдайды, ойланып сөйлеуге үйренеді.</p> <p><u>ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ</u> Жаттығулар Мақсаты: Мақсаты: Балалардың музыкалық ырғаққа сай қимыл жасау дағдыларын дамыту.</p> <p>Міндеті: Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзбағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүру</p> <p>1. Ойын: <u>"Музыкалық адымдар"</u> Ойын барысы: Тәрбиеші балаларға музыка әуенін қосып, оларды ырғақты түрде адымдауға шақырады. Балалар музыкаға сәйкес аяғымен әртүрлі қадамдар жасайды (марш, баяу жүріс, жылдам жүгіру).</p>	<p>«Қыс қызығы» әні: И. Нүсіпбаев, сөзі Е. Өтетілеуов <u>Мақсаты:</u> Балалардың тыңдаушы қабілеттерін арттыру, музыкалық әуендерді дұрыс қабылдап, музыкалық аспаптармен жұмыс істей білу дағдыларын дамыту Міндеті: Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу <u>Ойын: "Қысқы әуенді тыңда"</u> Ойын барысы: Тәрбиеші балаларға қыс мезгіліне арналған әртүрлі музыкалық әуендер ойнап береді (мысалы, қардың түсіп жатқандығы, балалардың сырғанау сияқты дыбыстар). Балалар музыканың мазмұнын тыңдап, қандай маусым екенін және қандай табиғи құбылыстарды көрсететінін түсінуге тырысады.</p>	<p>дамытуға көмектеседі. <u>"Тыныштық сәті"</u> Балалар музыка әуенінің үзілуі немесе бәсеңдеуі кезінде тыныштық сақтап, «мұздай қатып» қалуы керек. Әрбір балалар музыка қайта оралғанда қозғалыс жасайды. Бұл ойын балалардың көңіл-күйін бақылауға және тыныштықты сақтауға көмектеседі.</p>	<p>үйренеді. 3. Қыздар мен ұлдар айтысын ұйымдастыру Айтыс ережелері:</p> <p>Айтыс өлеңмен өтеді. Әрбір айтысушы кезекпен сөз алады. Айтыс барысында әзіл мен сынның болуы қалыпты. Айтыс кезінде мәдениетті, әдепті болу маңызды.</p> <p><u>МУЗЫКА</u> Бөпешім» сөзі: А. Молдағалиев, әні: М. Илиясов. Мақсаты: Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру, балалардың музыкалық дағдыларын дамыту. Міндеті: Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Эмоционалды және музыкалық сезімталдық Әннің мәтініндегі нәзіктік пен мейірімділікті сезініп, оны дауыспен жеткізу маңызды. Бұл балаларды тек техникалық емес, эмоционалды</p>	<p>«Біз қазақ халқымыз, төрт түлікті бағу біз үшін өте маңызды. Олар бізгесүт, ет, тері береді, ал жылқы мен түйе көлік ретінде пайдаланылады. Біз төрт түліктің әрқайсысын ан көп нәрсе аламыз, сондықтан оларды жақсы білуіміз керек».</p> <p>Төрт түліктің суреттері: Балаларға төрт түліктің суреттерін немесе олардың ойыншық мүсіндерін көрсетіп, олардың әрқайсысына наза раударады. Бұл балалардың қызығушылығын арттырып, тапсырманы орындауға ын таландырады.</p> <p><u>ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ</u> Шанамен сырғанау Мақсаты: Балалар шанамен сырғанып ойнау арқылы қазақ таң ұлтық ойыны ойнау . Міндеті: . Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау . Қимылды ойын: "Шанамен сырғанау" Балаларды екі топқа бөліп, ойын ұйымдастыру. Ойын барысы:</p>
--	---	--	--	--	--

	<p>Әр баланың жаттығу орындау кезінде музыканың ырғағына сай қозғалуына назар аударылады.</p> <p>Тәрбиеші ойын барысында балалардың қимылдарын бақылап, оларды мақтап, әрі қарай дамыту үшін ұсыныстар береді.</p> <p>2. Ойын: "Шенбердегі серіктестер"</p> <p>Мақсаты: Жұппен жаттығулар жасап, музыкамен үйлесімді қимылдар орындау дағдыларын дамыту.</p> <p>Ойын барысы: Балалар жұптарға бөлініп, шеңбер бойымен жүреді. Әр жұп музыканың ырғағына сәйкес қол ұстасып, бір-бірінің артынан жүріп отырады.</p> <p>Шеңбер бойымен жүріп келе жатқан балалардың қимылдарын музыкамен үйлестіру керек. Тәрбиеші балаларға әртүрлі қадамдарды өзгертіп, қозғалысты қызықты әрі ырғақты орындауды ұсынады.</p> <p>Жаттығу кезінде балалар өзара көңілді</p>	<p>Әр дұрыс жауап үшін балаларды мадақтап, кейін қыс мезгіліне байланысты әндерді орындауды бастайды.</p> <p><u>Ойын: "Әуенмен қимылдау"</u></p> <p><u>Мақсаты:</u> Балаларды ырғақты сезіну мен музыкалық шығармашылыққа баулу, әуенмен қимылдай отырып, олардың музыкалық қабілеттерін дамыту.</p> <p>Ойын барысы: Тәрбиеші балаларға қыс мезгіліне арналған түрлі әуендер ойнап береді. Балалар осы әуендердің ырғағына сәйкес қимыл жасауы керек.</p> <p>Әуеннің ырғағына сай жүру, билеу, қолдарымен қимыл жасау арқылы балалар қыс мезгіліндегі табиғат құбылыстарын бейнелейді. Мысалы, қардың жаууы, ағаштың желмен тербелуі сияқты қимылдар.</p> <p>Ойын соңында балалардың орындаған қимылдары мен әуендері туралы пікірлер айтылып, олардың шығармашылық белсенділігі бағаланады.</p>		<p>орындауға да үйретеді.</p> <p>Музыкалық есту қабілетін дамыту: Әннің әрбір нотасын дәл ести отырып, оны дұрыс айту үшін вокалды жаттығулар ұйымдастыру.</p> <p>Мысалы: Мелодияны тыңдаудан кейін балалар оны қайталап айтып, ноталарды дұрыс тыңдауға және айтуға жаттығады.</p> <p>4. Топпен немесе жеке орындау</p> <p>Балаларға әнді жеке және топпен айту мүмкіндігін беру.</p> <p>Топтық орындау балаларды өзара үйлесімділік пен бірге жұмыс істеуге үйретеді.</p> <p>Жеке орындау: Әр балаға әннің бөліктерін жеке айтуға мүмкіндік беру. Бұл дауыстың икемділігін дамытуға көмектеседі.</p> <p>Хормен орындау: Әнді хор түрінде орындау дауысты кеңейтеді, сондай-ақ вокалдық топтық үйлестіруді үйретеді.</p>	<p>Бір бала "шаңғышы" рөлінде болады, екіншісі оны "шанамен сүйрейді". Белгіленген жерге дейін барып, кейін қайтады. Кім жылдам орындаса, сол жеңімпаз.</p>
--	---	--	--	---	---

	және ынтамен жұмыс істейді. Тәрбиеші әр жұптың қозғалысын тексереді және үйлестіруді жетілдіруге көмектеседі.				
Серуенге дайындық	Үнемді тұтыну Ақшаны үнемдеу туралы әңгімелесу	Үнемді тұтыну Киімді ұқыпты киіну.Киімдерге ұқыпты қарауға оларды ата-аналарының еңбекпен тапқан ақшасына келгені туралы ұғындыру	Үнемді тұтыну Ақшаны үнемдеу туралы әңгімелесу	Үнемді тұтыну Киімді ұқыпты киіну.Киімдерге ұқыпты қарауға оларды ата-аналарының еңбекпен тапқан ақшасына келгені туралы ұғындыру	Үнемді тұтыну Ақшаны үнемдеу туралы әңгімелесу
Серуен	№ 31 картотекасы. Бақылау: Ауа райындағы өзгерістерді бақылау, қарды бақылау. Еңбек: Ауласыпырушының еңбегін бақылау, оларға көмектесу. Жеке жұмыс: Жұрттың бәрі оны сүйеді, Бірақ оған қарағысы келмейді. Қимылды ойын: «Алдар көсе» Мақсаты: Ойын арқылы ұлттық сана – сезімін қалыптастыру. Өзіндік іс – әрекет: Ауласыпырушыға қолдарынан келгенше көмектесу.	№ 32 серуен картотекасы. Бақылау: Ауа райындағы өзгерістерді бақылау, қарды бақылау. Еңбек: Ауласыпырушының еңбегін бақылау, оларға көмектесу. Жеке жұмыс: Жұрттың бәрі оны сүйеді, Бірақ оған қарағысы келмейді. Қимылды ойын: «Алдар көсе» Мақсаты: Ойын арқылы ұлттық сана – сезімін қалыптастыру. Өзіндік іс – әрекет: Ауласыпырушыға қолдарынан келгенше көмектесу.	№ 33 серуен картотекасы. Бақылау: Жауған қарды алақандарына салып бақылау (түсі, пішіні, қатты, жұмсақ) Еңбек: Ауласыпырушының еңбегіне араласу, сыпыруға көмектесу. Жеке жұмыс: Санамақтар айту. Жаттау жаттату: Аппақ көше, бар дала Аппақ ой мен қыраттар Ақ шатырлы қар қала Ақ жамылып тұр бақтар Қимылды ойын: «Күн мен түн», шана тебу Өзіндік іс – әрекет: Балаларды шапшаңдыққа баулу.	№ 34 серуен картотекасы: Бақылау: Қыстап қалған құстарды бақылау (қара қарға, сауысқан, торғай, ұзақ қарға, көгершін) Еңбек: Құстарға жем шашу, қамқорлыққа алу. Жеке жұмыс: Тікен – тікен тік пісте Қысы – жазы бір түсте (Шырша) Қимылды ойын: «Аю мен құлпынай», «Өз үйінді тап»	№ 8 САБАҚ. «МЕН АДАСЫП КЕТКЕНЖАҒДАЙДАҒЫ БЕС ҚАРАПАЙЫМ КЕҢЕС» Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты: балаларды бейтаныс адам оларды алып кетуге тырысқан жағдайда дұрыс әрекет етіп, өздерін қорғап, көмекшакыруға үйрету. Міндеттері: Балаларды бейтаныс адамдармен байланыс кезіндегі қауіпсіздік ережелерімен таныстыру. Балаларға бейтаныс адамдардың ұсыныстарынан бас тартудың маңыздылығын түсіндіру (балмұздақ, кәмпит, сағыз, ойыншықжәне т.б.)... Пайдалы сілтеме: https://www.youtube.com/watch?v=h07ajl1u3E&list=PLA5eCSY2FeoQFtmGao7lWQuIA-hK_6ODD&index=4
Серуеннен оралу	Серуеннен алған әсерімен бөлісу.	Ретімен шешіну. Отбасы туралы мақалдарды жаттау	Серуен туралы эмоционалды жауап (Не көбірек есте қалды?)	Киім заттары туралы жұмбақтарды шешу.	"Төтенше жағдайдағы қоңырау скриптері" қауіпсіздік сабақтары Балаларды төтенше жағдайлар қызметіне дұрыс және тиімді қоңырау шалуға, жедел әрекет ету үшін қажетті ақпаратты беруге

					үйрету.
Балалармен жеке жұмыс	Адина құрастыруға деген қызығушылығын арттыру.	Мансұр дыбыстауды қалыптастыруға жұмыс жасау.	Димаш сөздерді дұрыс айтуды дағдыландыру	Айлин бір – бірінен ажыратауды бекіту	Самира жыл мезгілі туралы білімін жетілдіру
ЕББҚЕБ	Медина мен Ерасыл қыс суретін бояу. ертегі мазмұндау. (Арнайы түзету іс-әрекеті *****)	Медина мен Ерасыл сергіту сәтінің құимылдарын жасау. (Арнайы түзету іс-әрекеті *****)	Медина мен Ерасыл жекелеген сөздерді қайталау.. Суреттер бояу. (Арнайы түзету іс-әрекеті *****)	Медина мен Ерасыл дауысты дыбыстарды әндетіп айтуға үйрету. (Арнайы түзету іс-әрекеті *****)	Медина мен Ерасыл суреттер бояу. 10-ға дейін тура, кері санау. (Арнайы түзету іс-әрекеті *****)
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)*	..«Орамал тастамақ». Балалар шеңбер жасап тұрады. Бастаушы(тәрбиеші) балаларды айнала жүріп бір баланың артына орамал тастап кетеді. Артына орамалды тастағанын сезген бала менің артымда деп жауап береді. Артына орамалдың тасталғанын сезбесе ол өлең, тақпақ айтып немесе билеп беруі керек. Балалар шеңбер бойында көздерін жұмып тұруы керек. Ойын осылай жалғаса береді. (Дене тәрбиесі **)	Түйілген орамал. Тәрбиеші ойынды өзі бастайды. Ең алдымен балаларды айналасына жинап алады да «1, 2, 3» – деп дауыстайды. Осы кезде балалар жан – жаққа бытырай қашады. Ал тәрбиеші қолында түйілген орамалы бар баланы қуалайды. Ол орамалды басқа біреуге лақтырады қағып алған бала қаша жөнеледі. Осылайша ойын жүргізіледі, түйулі орамалды алғанша қуалай береді. Ұсталған ойыншы көпшілік ұйғарымымен ортада тұрып өнер көрсетеді.. Одан кейін ойын жүргізуші ауыстырылады. ойын ойнап болған соң балалар шеңбер жасап тұралы. .(Дене тәрбиесі **)	Сақина жасыру. Тәрбиеші сақина жасырушы баланы белгіленеді. Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінің үстіне алақандарын жаяды. Бастаушы жабулы қолын әрбір ойыншының алақанына салысымен, ол бала алақанын жаба қояды.Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен-«Сақина кімде»-деп сұрайды. Ол сақинаның кімде екенін білсе сол баламен орнын ауыстырады. Ал білмесе ол өз өнерін көрсетеді. Ойынбасқарушыойынды сылайжалғастырабереді. .(Дене тәрбиесі **)	Қуыр-қуыр қуырмаш. Оң қолдың бес саусағын бір жерге түйістіреді де, сол қолымен оны бүрмелеп қапсыра ұстайды.Содан соң екінші балаға: ортаңғы саусағымды тапшы, – дейді.Екінші балаға қарап байқап отырады да, міне, -деп бір саусақтың басынан шымшып ұстап тұрады.Егер екінші бала жасырушының ортанғы саусағын дәл тапса, ұпайды бірінші бала тартады. Ұтқан бала ұпай алу үшін мына ережелермен сөздерді жақсы білуі керек. Бас бармақтан бастап шынаққа дейін саусақтардың атын бір түгел атап береді: басбармақ, балан үйрек, ортан терек,	Соқыр теке. Балалар дөңгелене тұрады. Бір баланың көзі байланып қойылады. Балалар: Бота, бұзау, қозы, лақ. Қайда кеткен құлыншақ. Соқыртеке бақ-бақ. Мені ізден тап-тап Деп тақпақтайды. Содан кейін Соқыртеке (баланың көзі байлаулы) балаларды қуалайды немесе балалар оның жанына келіп түртіп қашады. Соқыр теке ұстап алған баланың көзі байланады да ол «Соқыр теке» ролін атқарады. Ойын осылай жалғаса береді. .(Дене тәрбиесі **)

				шылдыр шүмек, кішкентай бөбек.Бес саусағын түгел жұмады.Тағы да бас бармағыннан бастап, былай деп 5 саусақты түгел жазады. .(Дене тәрбиесі **)	
Балалардың үйге кайтуы	Өнегелі 15 минут Балалармен үйде осы тақырып бойынша әңгімелесуді ұсыну «Үйде, қоғамда өзін дұрыс ұстай білу»	Өнегелі 15 минут Балалармен үйде осы тақырып бойынша әңгімелесуді ұсыну «Үлкендерге құрмет көрсету «	Өнегелі 15 минут Балалармен үйде осы тақырып бойынша әңгімелесуді ұсыну «Үйде, қоғамда өзін дұрыс ұстай білу»	Өнегелі 15 минут Балалармен үйде осы тақырып бойынша әңгімелесуді ұсыну «Үлкендерге құрмет көрсету «	Өнегелі 15 минут Балалармен үйде осы тақырып бойынша әңгімелесуді ұсыну «Үйде, қоғамда өзін дұрыс ұстай білу»

Менмен дестемдегену әдісін немізден орындаған. *А.Т.Н. Емеева*

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Мектепалды сынып: 0 «А»

Білім беру ұйымының атауы: «Кәкімбек Салықов атындағы орта мектеп»КММ

Балалардың жасы : 5 жас

Қандай кезеңге жасалды : 20.01-24.01 .2024-2025жыл

Қаңтар айы: Заң және тәртіп

Апта дәйексөзі:«Әділ заң - аспан тірегі»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 20.01	Сейсенбі 21.01	Сәрсенбі 22.01	Бейсенбі 23.01	Жұма 24.01
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл күймен, қуыршақпен қарсы алу Күй күмбірі: «Ақ жауын» (Музыка ****)	Балаларды көтеріңкі көңіл күймен, денсаулығын тексеріп қарсы алу Күй күмбірі: «Ақ жауын» (Музыка ****)	Баланы алақан соғу арқылы қарсы алу Күй күмбірі: «Ақ жауын» (Музыка ****)	Балақай сені бүгін көңілді күн күтіп тұр деп топқа кіргізу Күй күмбірі: «Ақ жауын» (Музыка ****)	Қызыл жүрекшемен қарсы алу Күй күмбірі: «Ақ жауын» (Музыка ****)
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кенес беру	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу.	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау	Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау	Мектептен кейін баланың өзін-өзі қалай ұстайтыны жайлы әңгімелесу	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-	Табиғат бұрышындағы еңбек. Тәрбиешіге гүлдерді суаруға көмектеседі. Мақсаты: табиғат бұрышында еңбек етуге қызығушылықтарын ояту. Экологиялық тәрбие	«Шар және цилиндр». Мақсаты: Геометриялық денелерді танып, атап үйренеді. « Қандай пішін жетіспейді?» Математика негіздері	Әңгіме: « Менің тобым» Д/о: «Жаман-жақсы» Мақсаты: сөздерді салыстыру арқыллы әңгіме құра алады. Қоршаған ортамен танысу	Балалармен жыл мезгілі, туралы әңгімелесу. Дидактикалық ойын: «Жылдың қай мезгілі екенін тап». Ойын мақсаты: жыл мезгілінің ерекшеліктері мен өзгерістерін айтады. (Қоршаған ортамен танысу, экологиялық тәрбие	Ойынның ең танымал түрі. Ойыншылар белгілі бір қашықтықтан кезекпен асық атады. Асық түскен жағына қарай ұпай беріледі: асық "алшы" түссе, ең жоғары ұпай беріледі, ал "тәйке", "бүк", "шік" түскен жағдайда ұпай азаяды. Бір тұтас

әрекеті, кітаптарды қарау және басқалары)					тәрбие
Ертеңгілік жаттығу	<p>I.Сапқа тұру,саппен жүру.Қолды жоғары көтеріп аяқтың ұшымен жүру,қолды белге қойып өкшемен жүру. Үш топқа бөліну.</p> <p>II.1.Б.қ. Қолды желкемізге ұстап басты оңға, солға бұру. 2.Б.қ Н.т. қол алда, кеуде тұсында 1-2 қолды артқа қарай сермеу, 3-4 қолды созып сермеу. 4 – 5 рет</p> <p>3.Б.қ Аяқ иық деңгейінде, қол белде 1 – қолды жоғары көтеру, 2 – еңкею, аяқ ұшын ұстау. 5 – 6 рет (Дене тәрбиесі **)</p>	<p>I. Бір сапқа тұру, саппен жүріп және жүгіру. Тәрбиешінің дабылы бойынша тоқтау. Қолды жоғары көтеріп аяқтың ұшымен жүру, қолды белге қойып өкшемен жүру.</p> <p>II. 1.Б.қ. Тік тұру,қол белде. Қолды желкеге қойып басымызды артқа шалқайту, оң аяқты артқа аяқ ұшымен қою.Орнына келу.Сол аяқпен қайталау. 5-6 рет.</p> <p>2.Б.қ. Аяқ алшақ,қол белде. Оңға бұрылу,оң қолды жанға созу. Орнына келу,сол жаққа келу. 6 рет(Дене тәрбиесі **)</p>	<p>I. Бір саппен жүру. Тәрбиешінің белгісімен екі сапқа жүргізу, шашырап жүгіру,бір саппен жүру.</p> <p>II. 1. Б.қ. негізгі тұрыс, аяқ сәл алшақ иық көлемінде, Орамалды екі қолмен ұстап, 1-егенде орамалды жоғары көтеріп, 2-дегенде орамалға қарап басымызды шалқайтамыз, 3-дегенде басымызды төмен түсіріп , 4- Б.қ. келу. 4-5рет</p> <p>2. Б.қ. қолымыз алдымызда, 1-дегенде оң жаққа бұрылу, 2- Б.қ. келу,3-сол жаққа бұрылу, 4- Б.қ. келу. 4-5 рет. (Дене тәрбиесі **)</p>	<p>I. Бір саппен жүру, жүгіру. Қолды жоғары көтеріп аяқтың ұшымен жүру, қолды белге қойып өкшемен жүру. Үш топқа бөліну.</p> <p>II. 1. Б.қ. Тік тұру, қол белде. Оң жаққа аттау, қолды екі жанмен жоғары көтеру. Орнына келу, сол жаққа қайталау. 5 – 6 рет</p> <p>2. Б.қ. Аяқ алшақ, қол белде. Оңға иілу, сол қолды желкеге қою. Орнына келу, сол жаққа қайталау. 5 – 6 рет</p> <p>3. Б.қ. Тік тұру, қол белде. Бір,екі отыру,қолды алға созу. Үш, төрт орнына келу.5-6 рет (Дене тәрбиесі **)</p>	<p>I. Бір саппен жүру. Денені тік ұстау. Дабыл бойынша балалар кері айналып әрі қарай жүреді. Тізесін жоғары көтеріп жүру, жүгіру. Үш сапқа бөлініп тұру.</p> <p>II.1. Б.қ. Тіке тұру, жалауша алда, 1 – жалаушаны жоғары көтереміз, 2 – жалаушаны екі жанымызға түсіреміз, 3 – төменге түсіру, 4 – б.қ келу. 5 – 6 рет</p> <p>2. Б.қ. Аяқ алшақ,оң қолымыз жоғары,сол қолымыз төменде 1 – 2 алға, 3 – 4 артқа қозғаймыз, сол қолымызды көтеріп, оң қолды төмен түсіріп қайталаймыз 5 – 6 рет(Дене тәрбиесі **)</p>
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҮІӘ)	Ұялы телефон,смартфон, компьютер,ғаламтор,теледидардың қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтауды дамыту	Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу.	Жол қозғалысының қарапайым ережелерін,жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтауды үйрету.	Өсімдіктердің өсуі үшін ылғалдың,жарықтың,жыл у мен тыңайтқыштың қажеттігі олардың жылуды,суықты,күнді немесе бұлтты ауа-райын сезуі,олардың өсуі және көбеюін түсіндіру.	Жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата білу,құстардың пайдасы туралы білу,оларға қамқорлық жасауды үйрету.
Кестеге сәйкес ҮІӘ	<p>Сөйлеуді дамыту</p> <p>Кім ақылды?</p> <p>Мақсаты: Сөйлеу тілін дамыту.</p> <p>Міндеті: Сөздік қор:жалпылаушы сөздерді қолдана білуді</p>	<p>Сауат ашу негіздері</p> <p>Сөздің дыбыстық сызбасы</p> <p>Мақсаты: Сөздің дыбыстық сызбасын білу</p> <p>Міндеті: Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы</p>	<p>Математика негіздері</p> <p>Артық,кем,тең</p> <p>Мақсаты: Артық, кем және тең ұғымдарын дұрыс қолдану.</p>	<p>Сөйлеуді дамыту</p> <p>Мамандықтың бәрі жақсы</p> <p>Мақсаты: Мамандық түрлерімен таныстыру.</p> <p>Міндеті: Сөйлемде көп мағыналы, синоним, антоним сөздерін</p>	<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p> <p>Жыл мезгілдері: қыс,көктем. Белгілері</p> <p>Мақсаты: табиғат құбылыстары мен жыл мезгілдерінің</p>

	<p>жаттықтыру, түрлі логикалық топтарға жататын заттарды атай білуге үйрету -Мәдіхат Төрежановтың «Кім ақылды?» әңгімесімен танысамыз. Әңгімені оқып береді. Кім ақылды? Ерден мен Еркебұлан жұптарын жазбай, жап- жақсы ойнап жүр еді. Бір кезде қолдан жасалған көпірдің үстінде біріне-бірі қарсы келіп, түйісіп қалды. Ерден: Мен саған жол бермеймін! – деп, қасқайып, безеріп тұрып алды.Ал Еркебұлан: Мен саған ерегесіп, ойынды бұзғым келмейді, сен өте бер, – деді де, оған жол берді. Сөздік жұмысы: <i>ерегесіп</i> – қырсығып, тіл алмай Педагог әңгіменің мазмұнын балалардан сұрақ қою арқылы сұрайды. -Балалар, әңгіме ұнады ма? -Әңгіме кімдер туралы? -Екі бала не істеп жүр еді? -Олар неге таласты? -Екі баланың қайсысы ақылды екен? -Қай іс-әрекетіне қарап ақылды екенін білдіңдер?</p>	<p>түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу . "Дыбысты тап!" ойыны Мақсаты: Дыбыстарды тыңдай білу және ажырата білу. Құралдар: Түрлі заттардың бейнелері немесе карточкалар. Ойын барысы: Мұғалім бірнеше заттардың суреттерін көрсетіп, әрбір суретке байланысты дыбысты айтады (мысалы, "қол", "киім", "су"). Балалар осы дыбыстардың қайсысын естіп тұрғандарын табуға тиіс. Балалар осы дыбыстарды ауызша айтуға болады. "Сөздер ойлап табу" Мақсаты: Балалардың сөздік қорын және шығармашылық қабілеттерін дамыту. Ойын барысы: Мұғалім бір дыбысты немесе буынды айтады (мысалы, [т], [а], [н], [к]). Балалар осы дыбысты қолдана отырып, мүмкіндігінше көп сөз ойлап табуы керек. Мысалы, [т] дыбысы: тауда, тау, тұз, торт, т.б. Кім көп сөз тапса, сол жеңімпаз болады. Жұмыс дәптермен жұмыс Қоршаған ортамен таныстыру Қоректену тізбегі Мақсаты: Өсімдіктің өмір циклі мен өсу кезеңдерін білу.</p>	<p>Міндеті: Теңдік туралы түсінік қалыптастыру 1. "Артық, кем, тең карталары". Құралдар: Артық, кем, тең белгілері жазылған карталар. Ойын барысы: Балаларға әртүрлі сан жазылған карточкалар беріледі. Мұғалім немесе ойын жетекшісі екі санды айтады, ал балалар олардың арақатынасын табу үшін артық, кем немесе тең белгілерін қолданады. Мысалы, 3 мен 5 көрсетілсе, балалар «3 < 5» деген белгі қояды. "Теңбе-тең" Мақсаты: "Тең" ұғымын түсіну және қолдану. Құралдар: Сандар мен олардың салыстырмалы белгілері. Ойын барысы: Мұғалім балаларға екі бірдей санды көрсетеді, мысалы, «7 және 7». Балалар бұл сандарды тең деп белгілеуі керек. Жұмыс дәптермен жұмыс . Сауат ашу негіздері Біз нені үйрендік,нені білдік? Мақсаты:Өткен білімді есте сақтау Міндеті: Әңгімелесушіні</p>	<p>қолдануға, белгілі бір затқа белгілерін таңдауға, затпен әрекет етуді және берілген әрекетке заттарды таңдай білуге жаттықтыру; Ауырған адамның қасында Емделудің жөнін айтар. Жазылған адамдар расында Риза болып, рақмет айтар. <i>(Дәрігер)</i> Тәп-тәтті тамағы, Астың маманы. Қолдағы жұмыс жарағы: Қайшы мен тарағы Ертеден ерте тұрады Қолына рульді алады. Олай-былай айналдырар, Жолға қарап отырар. 1. Мамандықты тап" Мақсаты: Балалардың әртүрлі мамандықтарды танып, олардың міндеттерін түсінуі. Құралдар: Әр мамандыққа байланысты суреттер немесе карточкалар. Ойын барысы: Мұғалім әртүрлі мамандықтардың суреттерін көрсетеді немесе мамандықтар туралы сипаттама береді.</p>	<p>ерекшеліктерін ажырату Міндеті: Табиғатпен таныстыру барысында заттармен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыс тыру, ажырату. "Жыл мезгілін тап" Мақсаты: Жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін тану. Құралдар: Жыл мезгілдерінің суреттері (қыс, көктем, жаз, күз). Ойын барысы: Мұғалім балаларға жыл мезгілдерінің суреттерін көрсетеді. Балалар суретке қарап, оның қай мезгіл екенін айтады. Мұғалім әр мезгілдің ерекшеліктері туралы сұрақтар қояды: Қыс: «Қыста қандай ауа райы болады?» Көктем: «Көктемде қандай өзгерістер болады?» Жаз: «Жазда адамдар не істейді?» Күз: «Күзде ағаштар қалай өзгереді?» 2. Жыл мезгілдері бойынша сәйкестендір" Мақсаты: Әр мезгілге</p>
--	--	--	---	---	---

	<p>-Әңгімедегі «ойнап», «көпір», «балалар» деген сөздерді буынға бөліңдер.</p> <p>1. «Кім жылдам?» Мақсаты: Балалардың жылдам ойлау және дұрыс шешім қабылдау қабілетін дамыту. Ойын барысы: Жүргізуші балаларға кезекпен сұрақтар қояды (сұрақтар әңгімеге қатысты болуы мүмкін). Мысалы: «Ақылды болу үшін не істеу керек?» «Жануарлардың қайсысы ақылды деп ойлайсың?» «Досыңа қалай көмектесе аласың?» Жылдам әрі дұрыс жауап берген балаға ұпай беріледі.</p> <p>Математика негіздері Артық, кем, тең Мақсаты: "Артық", "Кем", "Тең" ұғымдарын түсіндіру және қолдануға жаттықтыру. Міндеті: Теңдік туралы түсінік қалыптастыру «Артық, кем, тең» ойыны Ойынның мақсаты: Балаларды сандарды, заттарды және көлемдерді салыстыруға үйрету. "Артық", "Кем", "Тең" ұғымдарын түсіндіру және</p>	<p>Міндеті: Өсімдіктердің өсуі үшін ылғалдың, жарықтың, жылу мен тыңайтқыштың қажеттігі олардың жылуды, суықты, күнді немесе бұлтты ауа-райын сезуі, олардың өсуі және көбеюі.</p> <p>Қоректену тізбегін түсіндіру: Мысал ретінде бір қоректену тізбегін көрсету: Өсімдік → Шөпқоректі жануар → Жыртқыш жануар Мысалы: Өсімдік: шөп Шөпқоректі жануар: қоян</p> <p>Жыртқыш жануар: қасқыр Ойын : "Қоректену тізбегін құрастыру" Балаларға түрлі ағзалардың карточкаларын тарату. Әр бала бір ағзаны алады (өсімдік, шөпқоректі, жыртқыш, ыдырағыш). Ойынның мақсаты — оларды дұрыс тізбекке орналастыру. Мысалы, шөп → қоян → қасқыр. Бұл ойын балаларға табиғаттағы тіршілік тізбегін дұрыс түсінуге көмектеседі. 5. "Тұқымнан өсімдікке дейін"</p> <p>Мақсаты: Өсімдіктің өмір циклі мен өсу кезеңдерін білу. Құралдар: Өсімдік өмірінің кезеңдері жазылған суреттер мен карточкалар.</p>	<p>тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету; "Буындар жарысы" Мақсаты: Буындарды дұрыс және тез айту дағдыларын дамыту. Құралдар: Буындары бар карточкалар. Ойын барысы: Балалар әртүрлі буындарды айта отырып, жарысқа қатысады. Әр бала бір буын немесе бірнеше буынды айтады. Олар буындарды дұрыс айтуы керек және жарыс соңында кімнің дұрыс айтқанын анықтайды. "Сөздің дыбыстық бөліктерін табу"</p> <p>Мақсаты: Сөздердегі дыбыстық бөліктерді (буындарды) табу дағдыларын дамыту. Құралдар: Әртүрлі сөздер жазылған карточкалар. Ойын барысы: Мұғалім балаларға сөздерді айтады (мысалы, «қала», «үй», «алақай»). Балалардың міндеті — осы сөздердегі буындарды дұрыс бөлу. Жұмыс дәптермен жұмыс Көркем әдебиет Алтын балта Мақсаты: Кейіпкердің іс-әрекетіне өз пікірін айта білуге үйрету</p>	<p>Балалардың міндеті — бұл мамандықты тауып, оның қандай жұмыс жасайтынын, күнделікті міндеттерін түсіндіріп берулері керек. Қай мамандықты таңдайсың?" Мақсаты: Балалардың болашақ мамандық туралы түсініктерін кеңейту. Құралдар: Қағаз, түстер мен түрлі қаламдар. Ойын барысы: Әр бала өз болашақ мамандығын тандап, оны қағаз бетіне салады немесе жазып көрсетеді.</p> <p>Математика негіздері Заттар тобын санау және салыстыру Мақсаты: Заттар тобын салыстыру. Міндеті: "Қанша?", "Нешінші?" сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру. "Қайсысы көп?" Мақсаты: Заттарды салыстыру арқылы көп пен аз ұғымдарын түсіну. Құралдар: Түрлі түсті сандар немесе заттар (жемістер, ойыншықтар, кубиктер). Ойын барысы: Мұғалім балаларға екі</p>	<p>сәйкес заттарды, құбылыстарды ажырату. Құралдар: Мезгілдерді сипаттайтын карточкалар (қар, гүл, күн, жапырақтар). Ойын барысы: Мұғалім балаларға төрт мезгілді бейнелейтін суреттер таратады. Оларға сол мезгілге сәйкес келетін заттар мен құбылыстарды карточкадан таңдау керек. Мысалы: қар — қысқа, гүлдер — көктемге, күн — жазға, сары жапырақтар — күзге тән. Сауат ашу негіздері Дыбыстық талдау Мақсаты: Балалардың сөздегі дыбыстар санын анықтау қабілетін дамыту</p> <p>Міндеті: Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. "Сөздің дыбыстарын санайық" Ойын барысы: Мұғалім бір сөз айтады (мысалы, "күн").</p>
--	---	---	---	---	---

	<p>қолдануға жаттықтыру. Қажетті құрал-жабдықтар: Сандар жазылған карточкалар немесе заттар (мысалы, асық, шарик, суреттер). Балаларға түсінікті суреттер (алма, доп, кітап т.б.). Жазуға арналған тақта немесе қағаз.</p> <p>2. «Артық-кем билері» (қимылмен жауап): Егер артық болса, балалар қолдарын жоғары көтереді. Кем болса, отырады. Тең болса, қолдарын шенбер жасап көрсетеді. Дәптермен жұмыс</p> <p>Қазақ тілі Әке мен бала Мақсаты: Әке мен бала арасындағы сыйластықты нығайту.</p> <p>Міндеті: Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізу</p> <p>Мәтінмен жұмыс</p> <p>Мұғалім «Әке мен бала» әңгімесін оқиды немесе тыңдату ұйымдастырады (мысалы, Абай</p>	<p>Ойын барысы:</p> <p>Мұғалім балаларға өсімдіктің өмір циклі туралы айтып береді.</p> <p>Балаларға әр кезеңге сәйкес карточкалар беріледі, және олар өз карталарын дұрыс орналастыруы керек. Мысалы: тұқым → өскін → жапырақтар → гүлдер → тұқымдар.</p> <p>Көркем әдебиет Бексұлтанның Айға саяхаты Мақсаты: Сурет бойынша әңгіме құрауға жетелеу Міндеті: Өндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту. -Бүгін біз Бағдат Мәжитовтың«Бексұлтанның Айға саяхаты»деген қызықты әңгімесімен танысамыз. Сөздік жұмысы: <i>ғарыш</i> – аспан әлемі <i>ғарышкеме</i> – ғарыш көлігі <i>скафандр</i>–ғарышкердің киімі Тілұстарту жаттығуы: Ға-ға-ға– біз ұштық Айға. Дидактикалық ойын:«Жұлдызды аспан»(баланың сыни ойлауын дамыту) Шарты: аспан әлемінің денелерін атау. (<i>Ай, Күн, жұлдыздар</i>) 2. "Күн мен ай" <i>Мақсаты:</i> Күн мен айдың айырмашылықтарын түсіну.</p>	<p>Міндеті: Өндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту. «Алтын балта»орыс халық ертегісімен таныстыру Сөздік жұмысы: <i>диірмен</i>–дәнді дақылдарды ұнға айналдыратын орын <i>балта</i>–ағаш кесетін құрал Ертегінің мазмұны бойынша сұрақ-жауап: -Ертегі қалай аталады? Балта не үшін қажет? -Кедей қайда барды?Балта қайда түсіп кетті? -Судан балтаны алуға кім көмектесті?Диірменші қандай балталар ұсынды? -Диірменші неліктен кедейге алтын балтаны берді?Бай не істеді? -Ертегі қалай аяқталды?<i>Балта</i> сөзіне сөйлем құра. Жұмбақты шеш. Әдегеннен тап береді, Тап бергеннен қақ бөледі. (<i>Балта</i>) <i>Ескегі бар– жүзбейді, Ұшудан үміт үзбейді.</i> (<i>Желдиірмен</i>) Дене шынықтыру Сырғанау. Мақсаты: Балалардың икемділігін және дене сымбаттылығын дамыту</p>	<p>түрлі заттың тобын көрсетеді, мысалы, 4 алма және 6 апельсин. Балаларға қай топта көп зат бар екенін айтуы керек.</p> <p>"Кімде көп?" Мақсаты: Заттар тобын салыстыру. Құралдар: Ойыншықтар немесе әртүрлі заттар. Ойын барысы: Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта әртүрлі ойыншықтар немесе заттар болуы керек. Әр топтың құрамындағы заттардың санын санап, балалар қай топта көп зат бар екенін анықтайды. Ойын соңында қай топтың көп зат жинағанын анықтап, сол топ жеңімпаз болып жарияланады. Дәптермен жұмыс Қазақ тілі Әке мен бала Мақсаты: Әке туралы мәліметтер мен өлеңдер, жұмбақтар арқылы балалардың қызығушылығын арттыру. Міндеті: Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар</p>	<p>Балалар сол сөздегі дыбыстарды санайды: "к-ү-н" – 3 дыбыс. Мұғалім сұрайды: "Бұл сөзде қандай дыбыстар бар? Дауысты дыбыс қайсы?"</p> <p>"Дыбыстық сызбаны сәйкестендір" Мақсаты: Сөздердің дыбыстық құрамын түсіну. Құралдар: Дыбыстық сызбалар (мысалы: ○ – дауысты, ■ – дауыссыз). Ойын барысы:</p> <p>Мұғалім бір сөз айтады (мысалы, "құс").</p> <p>Балалар сызба құрастырады: ■○■ (дауыссыз, дауысты, дауыссыз).</p> <p>Мұғалім әр дыбыстың рөлін түсіндіреді: дауыссыз дыбыс қандай, дауысты дыбыс қандай. Жұмыс дәптермен жұмыс</p> <p>Шығармашылық іс-әрекет Әжемнің асханасында (ыдыстар) Мақсаты: Ыдыстарды</p>
--	---	--	--	---	--

	<p>Құнанбаевтың «Әке мен бала» әңгімесі). Мәтін бойынша талқылау: Әңгімеде не туралы айтылған? Бала қандай қателік жіберді? Әке қандай ақыл айтты? 2) Тақырыпқа байланысты сұрақтар: Әке деген кім? Оның отбасы үшін рөлі қандай? Баланың әкеге қандай құрмет көрсетуі керек? Әкеңізден қандай ақыл-кеңес алдыңыз? Әке туралы мақал-мәтелдер табу:</p> <p>«Әке – асқар тау, ана – ағып жатқан бұлақ, бала – жағасындағы құрақ».</p> <p>«Әкенің сөзі – ақылдың көзі».</p> <p>Шығармашылық тапсырма: «Менің әкем» тақырыбында сурет салу.</p> <p>Дене шынықтыру Шанамен сырғанау Мақсаты Қысқы ойындардың қауіпсіздік ережелерін үйрету.</p> <p>Міндеті: Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау.</p>	<p><i>Құралдар: Күн мен айдың бейнелері бар карточкалар. Ойын барысы:</i></p> <p><i>Мұғалім балаларға күн мен айдың суреттерін көрсетеді. Балалар күн мен айдың ерекшеліктерін айта отырып, олардың арасындағы айырмашылықтарды табуға тырысады.</i></p> <p>Музыка «Бөпешім» сөзі: А.Молдағалиев, әні: М.Ілиясов Мақсаты: Музыка тыңдай отырып сол музыканың мағынасын ұғынуға үйрету. Міндеті: Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру</p> <p>Музыка тыңдау: «Бесік жыры»(Ш. Мұхамеджанов) Ән айту: «Бесік жыры»(И. Нүсіпбаев) сөзі: А.Молдағалиев, әні: М.Ілиясов Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Қоян», «Аю»(Е. Тиличеева) Билер: «Полька» хорват х.ә. (өңдеген В. Герчик) Ойындар, хороводтар: «Көлеңке»(К. Қуатбаев) Музыкалық аспапта ойнау: «Құлыншақ»(С. Урбах)</p>	<p>Міндеті: Сырғанау. Өз бетінше мұзды жолмен сырғанау, жүгіріп келіп сырғанау "Жерден табу"</p> <p>Мақсаты: Тұрақтылық пен шапшаңдықты дамыту. Құралдар: Түрлі-түсті доптар, шарлар немесе жұмсақ заттар. Ойын барысы: Балалар екі топқа бөлінеді. Әрбір топ өз кезегінде жерге шашылған заттарды жинайды. Балалар өз қолымен заттарды алып, белгіленген орынға апарып қояды. "Қар көшкіні" Мақсаты: Балалардың жылдамдығын арттыру, қозғалыс үйлесімділігін дамыту. Құралдар: Қарның орнына жұмсақ шарлар немесе резеңке доптар. Ойын барысы: Балалар алаңның бір шетінде тұр, ал шарлар немесе резеңке доптар алаңның ортасында немесе басқа жағында жиналады. Мұғалім "Қар көшкіні!" деп айтады, балалар доптарды жинап, белгіленген жерге жылдам жеткізуі керек.</p>	<p>бойынша қайталап айтуға, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, «Әкеге арналған» өлең Әке – біздің қорғанымыз, Әке – күшіміз, сеніміміз! Әкеге әрқашан тәлім, Әкенің берген жолы жарқын! "Әке мен бала сөздері" Мақсаты: Әке мен бала арасындағы сөздермен қарым-қатынас жасау. Ойын барысы: Мұғалім сөздерді қолдана отырып, әке мен бала арасындағы диалогты құруды сұрайды.</p> <p>Балалар өз бетімен әке мен бала арасында сөздерді толықтырып, дұрыс сөйлемдер құрастырады. Бұл ойын балалардың тіл байлығын және сөйлеу дағдыларын дамытуға көмектеседі. Музыка «Домбыра сазы» әні: И.Нүсіпбаев сөзі: Х.Талғаров Мақсаты: Қазақтың қасиетті аспабы домбыраны қастерлей білуге, күй құдіретін түсіне білуге ұмтылдыру Міндеті: Музыкаға сәйкес орындалатын би</p>	<p>ажырату дағдыларын қалыптастыру Сурет салу Міндеті: Қазақ халқының өмірін, еңбегін, тұрмысын көрсете отырып, қазақ ертегілерінің желісі бойынша сурет салу. Ұжымдық жұмыстарға, өзбетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. Жапсыру Міндеті Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен (кілем, алаша, сырмақ, ши, көрпе, жастық және т.б.), таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру. Мүсіндеу Міндеті: Қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын (қазан, астау, табақ, тостаған, керсен, ожау, күбі торсық және т.б.), тұрмыстық заттарын (керует, үстел, ер-тұрман, ошақ, кебеже, диірмен және т.б.), Құрастыру Міндеті: Қағаздан құрастыру. Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас</p>
--	---	---	---	---	---

	<p>Қимылды ойын: "Шанамен сырғанау" Балаларды екі топқа бөліп, ойын ұйымдастыру. Ойын барысы: Бір бала "шаңғышы" рөлінде болады, екіншісі оны "шанамен сүйрейді". Белгіленген жерге дейін барып, кейін қайтады. Кім жылдам орындаса, сол жеңімпаз.</p> <p>"Қар лақтырушылар" Мақсаты: Қардың қалай лақтырылатынын көрсету және қимылдарды дамыту. Құралдар: Жалған қар (ақ қағаздар немесе жұмсақ заттар). Ойын барысы: Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топ қар лақтырып, белгіленген жерге жеткізу керек. Ойын барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау маңызды: қарды бір-біріне лақтырмау керек.</p>			<p>қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.</p> <p>Музыка тындау: «Келіншек»қ.х.к.(өнд.Б. Дәлденбай) Ән айту: «Домбыра сазы»(И. Нүсіпбаев) «Анашым»(Е. Хасанғалиев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Айна»орыс х.ә. (өндМ.Раухвергер) Билер: «Апатайым-ай» биі («Билепүйренейік»»жинағынан) Ойындар, хороvodтар: «Қос дабыл»(А. Райымқұлова) Музыкалық аспапта ойнау: «Ұйықташы, бөпешім» (В.Агафонников)</p>	<p>киімдерін (тақия, сәукеле, кимешек және т.б.) және ыдыстарын құрастыру, оларды жіппен, ою-өрнектермен және т.б. безендіру</p> <p>"Ыдысты тап" Мақсаты: Ыдыстарды тану және олардың атауын дұрыс айту. Құралдар: Түрлі ыдыстардың суреттері немесе нақты ыдыстар (қасық, табақ, кесе, шәйнек). Ойын барысы: Мұғалім балаларға ыдыстың атауын айтады. Балалар көрсетілген ыдыс арасынан дұрыс ыдысты табуы керек. Мысалы: «Кесе қайсысы?», «Табақты көрсет!» Шығармашылық жұмыс Дене шынықтыру Сырғанау. Мақсаты: Жылдамдық пен реакцияны дамыту Міндеті: Сырғанау. Өз бетінше мұзды жолмен сырғанау, жүгіріп келіп сырғанау "Қар кесектерін тасу" Мақсаты: Күш пен теңгерімді дамыту.</p>
--	---	--	--	--	--

					<p>Құралдар: Жеңіл доптар (қар кесектері ретінде). Ойын барысы: Балалар «қар кесектерін» арнайы шанамен тасиды. Белгіленген жерге жеткізген соң, доптарды жинап, қайта орнына оралады. "Мұз үстіндегі акулалар" Мақсаты: Жылдамдық пен реакцияны дамыту. Ойын барысы: Бір бала «аққала», қалғандары «балықтар».</p> <p>«Аққала» балықтарды ұстайды, ал олар мұз үстінде сырғанап қашады.</p>
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары)	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары)	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары)	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары)	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары)
Серуен	<p>Күн мен түн неге ауысады?</p> <p>Мақсаты: Күн мен түннің ауысуы қалай жүретіні туралы түсінік беру.</p>	<p>Ағаштарды бақылау</p> <p>Мақсаты: ағаштар туралы білімдері кеңейту, оларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.</p>	<p>Қарғаларды бақылау</p> <p>Мақсаты: қыстап қалатын құстар өмірімен танысуды жалғастыру.</p>	<p>Қар ұшқындарын бақылау</p> <p>Мақсаты: Қар ұшқындарының әртүрлі формада</p>	<p>Қар үстіндегі іздерді бақылау.</p> <p>Мақсаты: балаларды қар үстіндегі адамдардың,</p>

	<p>Бақылау барысы Сендер қалай ойлайсындар, күн мен түн неге ауысады? Күн жерге күндіз жарық береді. Жер кеңістікте үлкен жылдамдықпен айналады. Жердің бір айналысы 24 сағатта өтеді. Жердің айналған уақытында жердің күнге қарамайтын бетінде түн болады да, жердің күнге қараған бетінде түн болады.</p> <p>Балаларға сұрақтар. Жұлдыздар түнде қайда кетеді?<i>(жұлдыздар күндіз де аспанда болады. Тек күннің жарығы жұлдыздың жарығынан да күшті болғандықтан, жұлдыздар көрінбейді)</i> Күн неге батады? <i>(жер күнді айналады, сонықтан да шығыстан күн шығып, батыста батқандай әсер қалдырады.)</i></p> <p>Зерттеу жұмысы Жарық сәулелері жерге тура түседі, егер оған жолда бірнәрсе кедергі жасаса, онда одан көлеңке пайда болады. Таңертен, түсте, кешке зерттеу жұмысын жүргізу. Таңертен және кешке көлеңке ұзын болады, ал, түсте көлеңке қысқа болады (түсте күн дәл төбеден түседі, сондықтан көлеңке қысқа).</p>	<p>Бақылау барысы Аулаға шығып, жауған қардан майысып тұрған ағаштарды сілкіп, қарын түсіру. Ағаштарға қамқорлықпен қарауға көңіл бөлу. Әңгімелесу: Ағаш түбінде неге ойнауға болмайды? (ағаш бұтағы сынуы немесе төбеңе қар құлауы мүмкін) Ағаштар неге қыста өспейді? Ағаш тамырлары қалай қыстайды? Ағаштарға қыс мезгілі керек пе? Ағаштар қыста неге тоңбайды? (қабығы қалың, шырын алмасуы болмайды, тыныш, қар жамылады) Аязды күні аяқ астындағы қардың сықыры мен ағаштардың басынан қар түсуін бақылап, тыңдау.</p> <p>Көркем сөз «Аядым» М. Әлімбаев Жауған күні қар алғаш, Ағаштарды аядым. «Тоңбасын»- деп бұл ағаш, Орап қойдым аяғын.</p> <p>Балаларға сұрақтар. Ағаштардың қандай пайдасы бар? Ағаштарды жапырағын шашқан кезде қалай атайды? (күзгі ағаштар)</p> <p>Зерттеу жұмысы Жазда бұта өскен жердегі қарды тереңдетіп қазу. Қар астынан жерге жабысқан, жасыл жапырақтары бар</p>	<p>қарғалардың тіршілігін бақылау құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу</p> <p>Бақылау барысы Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады. Қара түсті қарқылдақ, Ұшып, қонып жалпылдап. Қоқыстарды шоқиды, Жем іздейді там-тұмдап. (қарға)</p> <p><i>Қарға қыстап қалатын құс. Ол өзінің азығын қоқыстардан теріп жейді. Халық қарғаның іс-әрекетіне қарап ауа-райын болжаған. Егер қарға айналып ұхиса аяз болады, қарға қарқылдаса қар жауады, егер қарға таңертең ағаштың басында отырса бұрқасын болады деп санаған және ол рас болған.</i></p> <p>Көркем сөз «Қарға» С.Сейфуллин Қарға, қарға, қарғалар, Көзден жасы сорғалар. Қар үстінде жорғалар. Қар үстінде жем көрсе, Боран сокса қор болар, Қапелімде қолға алар. Бұтаға келіп қорғалар. Екі шоқып, бір қарар, Қысып кетсе сары аяз, Деп «жолымды» оңғарар.</p> <p>Зерттеу жұмысы Балабақша ауласынан құстар ізін іздеу, салыстыру</p>	<p>болатынына назар аудару; Салыстыра білуге үйрету, танымдық белсенділіктерін дамыту..</p> <p>Бақылау барысы Көркем сөз «Суретші қыс» К. Нүсіпов Қонақтайды бақтарға, Ақ көбелек, ақ мамық. Аунап таза ақ қарға, Балалар жүр мақтанып. Тазарып бар кір, шаңнан, Қыс өнерін бастады. Терезеге қыраудан, Сурет сала бастады. Балаларға сұрақтар: Жауған қар қандай? Ұшқан қарды алақандарыңа қондырындар, қар ұшқындары қандай? Жаксылап қараңдаршы, қардың әр ұшқыны әртүрлі өрнекте екенін көреміз. Байқадыңдар ма?.</p> <p>Д/О: «Ұқсас өрнекті тап».</p> <p>Алақанға қар ұшқындарын қондырып, олардың бір-біріне ұқсастарын табу</p> <p>Зерттеу жұмысы Алақандағы қар неге ериді? Қардың қай жерде, алақанда ма, әлде қолқап сыртында ма тез еритінін бақылау. Неге? Қар ерігенде не пайда болады? Еңбек: Қардан қамал</p>	<p>жануарлардың, құстардың ізін айырып, білуге үйрету. Балаларды байқағыш, ойлау қасиеттерін қалыптастырып, толықтыра түсу. Қар үстіндегі іздерге назар аударып, оны анықтай білуге көңіл қою. Ауа райының қай кезінде іздер жақсы көрінеді?</p> <p>Көркем сөз: Ақ киімді денелі, ақ сақалды, Соқыр, мылқау танымас тірі жанды, Үсті – басы ақ қырау түсі суық, Басқан жері сықырлап келіп қалды.</p> <p>(Абай)</p> <p>Еңбек: құс тар үшін жемсалғыш жасап, оны ағашқа іліп қою, жем салу.</p> <p>Мақсаты: қыстаған құстарға, хайуанаттарға қамқоршы болуға тәрбиелеу.</p> <p>Қимылды ойын: «Ақ қоян»</p> <p>Мақсаты: балаларды ептілікке баулу.</p> <p>Жеке жұмыс: бір құстың лабиринттен шығу жолы туралы ертегіні ойластыру.</p>
--	---	---	--	--	--

	<p>Еңбек Ойын алаңындағы қарды сыртқа шығару. <i>Мақсаты:</i> еңбексүйгіштікке, бірлесе еңбек етуге тәрбиелеу.</p> <p>Қимылды ойын «Жердің күнді айналуы». <i>Мақсаты:</i> күн туралы білімдерін бекіту.</p> <p>Жаттығу ойындары Қимылдарын дамыту «Шығырыққа лақтыру». <i>Мақсаты:</i> мергендіктерін дамыту.</p> <p>Мақал-мәтел: Туған жердің күні де ыстық, түні де ыстық.</p>	<p>өсімдік шығуы мүмкін. Балаларға мынадай қортындыны айтуға болады: қалың жауған қар өсімдік тамырларын аяздан қорғайды, олардың үсіп кетуіне жол бермейді. .</p> <p>Еңбек Жауған қарды ағаш түбіне үю. <i>Мақсаты:</i> ағаштарға деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу.</p> <p>Қимылды ойын «Кім ағашқа бұрын жетеді?». <i>Мақсаты:</i> ағаш аттарын есте сақтауларын бекіту.</p> <p>Жеке жұмыс: «Затты тап». <i>Мақсаты:</i> Балабақша ауласын бағдарлай білулерін бекіту; Затты сипаттау бойынша табу.</p>	<p>Еңбек Ауладан құстар үшін алаң аршып, оған дән себу. <i>Мақсаты:</i> бірлесе еңбек етуге баулу.</p> <p>Қимылды ойын «Пингвиндер доп ойнап жүр». <i>Мақсаты:</i> екі аяқпен секіруді күрделілендіру, екі аяқ арасына допты қыстырып алға жылжу.</p> <p>Жаттығу ойындары Қозғалыстарын дамыту. <i>Мақсаты:</i> нысанаға доп лақтыра білу дағдыларын дамыту.</p>	<p>тұрғызу Мақсаты: Бірлесе жұмыс істеуге тәрбиелеу; Бастаған істі аяқтауға үйрету.</p> <p>Қимылды ойын «Екі аяз» <i>Мақсаты:</i> тәрбиеші белгісі бойынша әрекет ете білу және назар аудара білу дағдыларын дамыту.</p> <p>Жаттығу ойындары «Байқап өт». <i>Мақсаты:</i> заттар арасынан, оларды құлатпай ирелеңдеп жүруге үйрету.</p>	<p>Мақал: Жемберсең құсқа қыста, сауабы тиер оның жазда.</p>
Серуеннен оралу	Сыныпқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. (дербес қимыл әрекеті).	Сыныпқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. (дербес қимыл әрекеті).	Сыныпқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. (дербес қимыл әрекеті).	Сыныпқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. (дербес қимыл әрекеті).	Сыныпқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. (дербес қимыл әрекеті).
Балалармен жеке жұмыс	Айсана әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен тоқтамай жүгіруге дағдыландыру	Самира 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауды үйрету	Адина заттардың пішіндерін өз еркімен анықтай алуға көмектесу	Азиз түстерді өз қалауы бойынша таңдай алуға көмектесу	Мансұр еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде жақсы нәтижеге жетуге ұмтылдыру
ЕББҚЕБ	Ерасыл, Медина қыс суретін бояу. ертегі мазмұндау. (Арнайы түзету іс әрекеті****)	Ерасыл, Медина сергіту сәтінің құимылдарын жасау. (Арнайы түзету іс әрекеті****)	Ерасыл, Медина жекелеген сөздерді қайталау.. Суреттер бояу. (Арнайы түзету іс әрекеті****)	Ерасыл, Медина дауысты дыбыстарды әндетіп айтуға үйрету. (Арнайы түзету іс әрекеті****)	Ерасыл, Медина суреттер бояу. 10-ға дейін тура, кері санау. (Арнайы түзету іс әрекеті****)

	<p>"Бұл қай мезгіл?" "Қыста не жауады?", "Жазда не істейміз?" Балалар сөйлеммен жауап береді: – "Бұл – қыс. Қыста қар жауады." – "Көктемде гүлдер өседі." "Мезгілді тап!" (Сипаттама арқылы табу) Мақсаты:Баланың ойлау және сөйлеу қабілетін дамыту, логикалық байланыс орнату. Барысы:Тәрбиеші бір жыл мезгілі туралы сипаттама оқиды, ал бала қай мезгіл екенін табуы керек. Мысалы: – "Айнала аппақ, балалар шанамен сырғанады." – Қыс – "Жапырақтар сарғайып, жерге түседі." – Күз – "Күн ыстық, балалар суға шомылады." – Жаз – "Қар еріп, құстар келеді." – Көктем Балалар жауабын толық сөйлеммен айтады: – "Бұл – көктем. Себебі қар еріп, құстар ұшады. Математика негіздері Заттар тобы.Заттарды санау Мақсаты: Заттарды</p>	<p>топқа бөледі: Табиғаттың бір бөлігі (ағаш, адам, гүл, аң, бұлт) Адам жасаған заттар (көлік, үй, орындық т.б.) Әр дұрыс жауаптан кейін тәрбиеші "Неліктен?" деген сұрақ қойып, ойлануға жетелейді. Ойын арқылы балалар адамның да табиғаттың бір бөлігі екенін түсінеді. «Табиғатты қорғаймыз!» (рөлдік ойын) Мақсаты:Балаларға табиғатты қорғау қажеттілігін ұғындыру, табиғатқа жанашырлықпен қарауға тәрбиелеу. Ойын барысы:Балалар рөлдерге бөлінеді: орманшы, ағаш, аң, гүл, адам, қоқыс тастаушы т.б. "Табиғатта серуен" көрінісі жасалады: бір бала орманда серуендеп жүріп қоқыс тастайды. Орманшы немесе басқа балалар сол әрекетті байқап, дұрыс емес екенін айтып, қоқысты қоқыс жәшігіне салады. Тәрбиеші балалармен бірге: – Табиғатқа қалай</p>	<p>мадақталады. <div data-bbox="1093 119 1131 151" style="border: 1px solid black; padding: 2px; display: inline-block;">abc</div> Ойын әріп-дыбыс ұғымын нақтылауға көмектеседі. «Буынмен жүр!» (қимылды ойын) Мақсаты:Буынға бөлу және сөздегі буын санына сәйкес әрекет ету арқылы буынды ажырату дағдысын жетілдіру. Ойын барысы: <ol style="list-style-type: none"> 1. Балалар қатарға тұрады. 2. Тәрбиеші сөз айтады (мысалы: «ал-ма», «қа-ра-то-ғай», «доп», «кі-тап-ша»). 3. Балалар сөзді буынға бөліп, әр буынға бір қадам жасайды немесе секіреді. 4. Мысалы: «ал-ма» – 2 қадам, «қа-ра-то-ғай» – 4 қадам. 5. Соңында кім дұрыс буын санын көрсетті, сол мадақталады. Көркем әдебиет Маша мен аю Мақсаты: Балаларды «Маша мен аю» ертегісінің мазмұнын түсініп, кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалауға үйрету; сөйлеу, тыңдау, есте сақтау қабілетін дамыту; достық, тапқырлық, батылдық</p>	<p>күнделікті өмірмен байланыстырамыз. Негізгі бөлім (15–20 минут) Көрнекілік арқылы түсіндіру: Дөңгелек қағазды екіге, төртке бөліп көрсету. «Бұл екі тең бөлік пе?» — сұрақ қою. Бір жағын үлкенірек етіп бөліп, «Бұл тең емес бөліктер ме?» — салыстыру. Практикалық жұмыс: Балаларға әр түрлі пішінді қағаздар таратылады (дөңгелек, шаршы). «Оны тең екі бөлікке бөл» (қайшысыз, бүктеу арқылы). Тең емес бөліктермен де тәжірибе жасалады. Ойын: "Бүтінді тап!" Балаларға бірнеше суреттер (пицца, қарбыз, торт) көрсетіледі. Олардың ішінде бүтіндері мен бөліктері бар. Тапсырма: «Бүтін затты көрсет», «Қанша бөлікке бөлінген?», «Тең бе, тең емес пе?» Міндеті: Тең және тең емес бөліктерге</p>	<p>заттарымен түрлі ойындар ойнау Кұрастыру Досыма сыйлық Міндеті Табиғи (ағаш, мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері және т.б.) және қалдық заттардан құрастыруға баулу Дене тәрбиесі Музыкалық-ырғақтық қимылдар Мақсаты: Балалардың қозғалыс белсенділігін арттыра отырып, музыканың ырғағына сай дене қимылдарын әдемі, үйлесімді және ырғақты орындауға үйрету. Міндеті Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау 1. Музыкамен жалпы дамыту жаттығулары: Музыканың әртүрлі ырғағына сай: Бастың қозғалысы: оңға, солға, алға, артқа Қол жаттығулары: жоғары–төмен, алға–артқа Дене иілулері: оңға, солға иілу Аяқ қимылдары: тұрып секіру, аяқ ұшымен жүру Әр жаттығу музыка ырғағымен орындалады (марш – ширақ, вальс – жұмсақ, би ырғағы – жеңіл). 2. Музыкалық-ырғақтық</p>
--	---	---	--	--	--

	<p>пішініне, түсіне және көлеміне қарай топтастыра білу; - 1-ден 10-ға дейінгі сандарды санау және сәйкес зат санын атау; -Сұраққа жауап бере отырып, «Қанша?», «Неше?» деген сұрақтарды түсініп, жауап бере алу; --- -Көрсетілген заттарды санау және қажетті мөлшерін салыстыру (көп-аз, тең). Міндеті: 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру "Кім жылдам санайды?" Мақсаты:Балалардың санау дағдысын дамыту, заттарды көзбен шолып санай білу қабілетін жетілдіру. Ойын барысы: Тәрбиеші балаларға бірнеше заттың (ойыншық, сурет, геометриялық пішіндер) тобы көрсетілген суреттерді ұсынады. Әр суретте заттар ретсіз қойылған (мысалы: 4 қуыршақ, 3 машина, 6 шар). Балалар кім жылдам әрі дұрыс санап, жауап</p>	<p>көмектесуге болады? – Адам табиғатқа не үшін жауапты? – Егер табиғатты қорғамасақ, не болады? – деген сұрақтар төңірегінде әңгіме жүргізеді.Бұл ойын балалардың экологиялық мәдениетін тәрбиелеуге ықпал етеді. Көркем әдебиет Қараторғайдың ұясы Мақсаты: -Балаларды "Қараторғайдың ұясы" ертегісі арқылы табиғатты сүюге, жанашырлыққа, қамқор болуға тәрбиелеу; ертегі мазмұнын түсініп, кейіпкерлерге сипаттама беру арқылы байланыстырып сөйлеу дағдысын дамыту Міндеті: тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау «Кейіпкерді тап» Мақсаты:Балалардың ертегідегі кейіпкерлерді есте сақтауын, сөйлеу тілін және логикалық ойлауын дамыту. Ойын</p>	<p>сияқты жақсы қасиеттерге тәрбиелеу. Міндеті: Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру,қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау. «Кейіпкерді таны» Мақсаты: Балалардың ертегі мазмұнын есте сақтауын, кейіпкерлерді сипаттау арқылы тануын және сөзбен жеткізе білу дағдыларын дамыту. Ойын барысы: Тәрбиеші ертегі кейіпкерлерін (Маша, аю, орман, себет) сипаттап береді: «Бұл кейіпкер кішкентай, тапқыр, орманда адасып қалды...» «Бұл кейіпкер орманда тұрады, бал жегенді жақсы көреді...» Балалар кім туралы айтылғанын табады және өздері сипаттама беруге тырысады. Баланың жауабы толық әрі дұрыс болса, мадақталады. «Себетке салып жібер!» (қимылды-дидактикалық ойын) Мақсаты:Балалардың ертегі мазмұнын рөл</p>	<p>бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыру Қазақ тілі Тазалық пен ұқыптылық. Мақсаты: Тазалық пен ұқыптылық туралы түсінік беру арқылы балалардың сөздік қорын байыту, сөйлеу дағдыларын жетілдіру. Міндеті Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға, берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу. 1. Тіл дамыту жаттығулары: Тапсырма 1: Суретке қарап сөйлем құра. Мысал: – Қыз таза ойыншықтарды орнына қойып жатыр. – Бала екі қолын сабынмен жуып</p>	<p>қимылдар: Тапсырма: Музыка тыңдай отырып, таныс жаттығуларды орындау. – Музыка басталғанда – қимыл жасау – Музыка бәсеңдегенде – баяулау – Музыка тоқтағанда – қатып қалу («мүсін» ойыны) 3. Қимылды ойын: Ойын: «Әуенге сай қимылда» – Әуенге байланысты балалар белгілі бір дене қимылын көрсетеді: Жеңіл вальс – қолдарын бұлғау Марш – саппен жүру Би ырғағы – секіру, айналу</p>
--	---	--	---	--	---

	<p>береді – сол жеңімпаз атанады. Жауаптарын толық сөйлеммен айтады: – "Мұнда төрт қуыршақ бар." – "Мен алты шар көріп тұрмын." "Артық затты тап" Мақсаты:Балалардың заттарды салыстырып, топтастыру және артық затты таба білу дағдысын дамыту. Ойын барысы: Балаларға бірнеше заттың тобы көрсетіледі: Мысалы: Сұрақ: "Қайсысы артық? Неге?" Бала жауап береді: – "Банан артық, себебі қалғаны – алма." Ойын әртүрлі заттармен жалғасады:</p> <p>3 машина мен 1 қуыршақ</p> <p>5 шар мен 1 доп Кейінірек заттар саны бойынша артықты табу да сұралады: – "Мына топта 5 шар, ана топта 3 шар. Қай топта артық?" Дене тәрбиесі Өз денемізді өзіміз басқарамыз Мақсаты: Балалардың</p>	<p>барысы:Тәрбиеші ертегіде кездесетін кейіпкерлерді (қараторғай, адам, ағаш, бала, т.б.) сипаттап айтады.Мысалы: «Бұл кейіпкер ұя салды, балапанын қорғады...» Балалар сипаттама бойынша кейіпкерді атап береді. Балалар кезекпен өздері де сипаттама беріп, басқалардан кейіпкерді тапқызады. Бұл ойын арқылы балалар ертегі мазмұнын терең түсініп, тыңдай білу мен сөзбен сипаттау қабілетін дамытады. «Ұя салайық!» (шығармашылық-дидактикалық ойын) Мақсаты:Балалардың ұжымдық жұмыс істеу, ұқыптылық пен қол моторикасын дамыту, қараторғайға ұя жасау арқылы қамқорлық сезімін қалыптастыру. Ойын барысы:Балаларға түрлі материалдар беріледі (қағаз, картон, желім, бояу, табиғи заттар – жапырақ, бұтақ т.б.). «Біз қараторғайға ұя салып көмектесейік» деген тапсырма беріледі.</p>	<p>арқылы есте сақтауын, ұжыммен жұмыс істеуін және қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру. Ойын барысы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Ойынға қажетті атрибуттар дайындалады: себет, ойыншық Маша, орамал, жасанды пирогтар, т.б. 2. Бір бала Маша, екіншісі Аю рөлінде болады. Қалған балалар – көмекшілер. 3. Маша аюдан жасырыну үшін себетке кіріп, ормандағы балалардан көмек сұрайды. 4. Қалған балалар Машаны орманнан шығарып, себетті қозғалтқандай қимылмен алып кетеді. 5. Ойыннан кейін: «Маша не істеді?», «Аю қандай?» деген сұрақтар қойылады. <p>Бұл ойын арқылы балалар рөлге еніп, ертегідегі тапқырлықты, ынтымақтастықты жақсы түсінеді. Дене тәрбиесі Музыкалық-ырғақтық</p>	<p>жатыр. – Ойыншық үлкен, қызыл және жұмсақ. Балаларға карточкалар таратылады (зат есім – "сабын", "орамал", сын есім – "таза", "жұмсақ", сан есім – "екі", "бір"). Тапсырма: осы сөздермен сөйлем құрастыр. 2. Шығармашылық тапсырма: Берілген сөйлемнің басын және соңын ойдан құрастыр. Мысал: – «Бала бөлмесін жинап жатты...» – осы сөйлемді аяқта. – «Мен таңертең...» – қалай бастайсың?</p> <p>Музыка «Елімнің ертеңгі иесі-біз» әні: А.Еспенбетов, сөзі: З.Еспенбетов. Мақсаты: Балаларға патриоттық рухты сезіндіру, әннің мазмұны мен</p>	
--	--	--	--	---	--

	<p>өз дене мүшелерін саналы түрде басқара алуын, қимыл-қозғалыстарын үйлестіріп орындай білуін, зейінділік пен ептілікті дамыту</p> <p>Міндеті: Сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру</p> <p>"Айна" ойыны</p> <p>Мақсаты: Балалардың дене бөліктерін басқару, үйлесімді қозғалуын, зейінін және еліктеу қабілетін дамыту.</p> <p>Орындау барысы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Балалар жұпқа бөлінеді: біреуі – "айна", екіншісі – "адам". 2. "Адам" әртүрлі қозғалыстар жасайды (қолын көтеру, иілу, секіру, аяқпен шеңбер сызу т.б.). 3. "Айна" дәл сол қозғалысты қайталауы керек. 4. Бірнеше минуттан кейін рөлдер ауыстырылады. <p>Нұсқаушы ескертуі: Қимылдар баяу, анық жасалуы тиіс. Баланың</p>	<p>Балалар бірігіп, қараторғайға ұя жасап, оны топта қорғайтын орынға орналастырады.</p> <p>Соңында әр топ ұяларын таныстырады:</p> <ul style="list-style-type: none"> – «Біз ұяны неден жасадық?», – «Қалай көмектестік?» <p>деген сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Ойын балалардың табиғатқа деген жанашырлығын арттырып, шығармашылық қабілетін ашады.</p> <p>Музыка</p> <p>«Елімнің ертеңгі иесі-біз» әні: А.Еспенбетов, сөзі: З.Еспенбетов.</p> <p>Мақсаты: Балаларға Отан туралы әнді үйрету арқылы патриоттық сезім қалыптастыру, әнді дұрыс әуенмен, анық айтуға, топпен орындауға және музыканы тыңдап түсінуге баулу</p> <p>Міндеті: Марш сипатын анық ырғақты жүрумен, музыканың қимыл сипатын – жеңіл және орташа (жоғары-төмен) ырғақпен береді; Әнді тыңдау, қайырмасын бірге айту, кейін жаттап айту.</p>	<p>қимылдар</p> <p>Мақсаты: Музыка ырғағына сәйкес қимылдар орындау арқылы балалардың есту, ырғақ сезімін, қимыл үйлесімділігін және қозғалыс белсенділігін дамыту; музыкалық әуенге бейімділік пен шығармашылық қабілеттерін жетілдіру</p> <p>Міндеті: Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау</p> <p>«Әуенге сай қимыл»</p> <p>Мақсаты: Музыканы тыңдай отырып, ырғаққа сәйкес қозғалу қабілетін дамыту, қимыл үйлесімділігін және есту сезімін жетілдіру.</p> <p>Орындау барысы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жай ырғақты музыка қойылады (вальс, жеңіл марш). 2. Тәрбиеші бастапқыда өзі көрсетіп, балалармен бірге қозғалады: – Қол көтеру, төмен түсіру, айналу, иілу, екі аяқпен секіру т.б. 3. Музыка ырғағы өзгерген сайын қозғалыс түрі де 	<p>құрылымын меңгерту арқылы марштық және жеңіл ырғақты қозғалысты музыкамен үйлестіруге үйрету.</p> <p>Міндеті: Марш сипатын анық ырғақты жүрумен, музыканың қимыл сипатын – жеңіл және орташа (жоғары-төмен) ырғақпен береді;</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Әнмен таныстыру: – Әнді тәрбиеші өзі немесе фонограмма арқылы тыңдатады. – Балаларға мәтінді түсіндіру: «Еліміздің болашағы – біз» деген ойды ашу. Туған елге деген махаббат, болашаққа сенім. 2. Музыка сипатын сезіндіру: – Марш сипаты: Қатты, анық қадаммен жүру Музыка ырғағына сәйкес жүру (оң – сол – оң – сол...) – Жеңіл қимыл: Қолмен жоғары-төмен жеңіл қозғалыс жасау Қимылды музыкаға үйлестіру 3. Әнді үйрету: 	
--	---	--	--	---	--

	<p>назары серіктесінде болуы керек</p> <p>"Қимылмен айт" Мақсаты: Қимыл арқылы түсінік білдіру, қимыл-қозғалысты саналы түрде басқару және эмоциямен көрсету қабілетін дамыту.</p> <p>Орындау барысы: 1.Тәрбиеші әртүрлі сөздерді айтады: «қуаныш», «ұйықтау», «жүгіру», «жаңбырдан тығылу», «ұшақ» т.б. 2.Балалар сол сөзге сәйкес қимыл жасап көрсетеді. 3.Қимылды шығармашылықпен, өз еріктерімен орындауға мүмкіндік беріледі. 4.Жаттығу ойынша жалғасады — бір бала қимыл көрсетеді, қалғандары сөзін табады. Нұсқаушы ескертуі: Балаларды шабыттандыру үшін өзі де белсенді қатысады. Қимылдарға эмоция қосуды сұрайды.</p>	<p>Тәрбиеші әнді алдымен өзі орындайды не аудио жазбамен тыңдатады. Әр шумақ пен қайырманы талқылай отырып, сөздерін жаттатады. Балалармен бірге қайырманы бірнеше рет айтады. Әннің ырғағына қол шапалақтап немесе жеңіл қимыл қосу ұсынылады (патриоттық жігерлі ритмге сай). Соңында балалар 2 топқа бөлініп, біреуі шумақты, екіншісі қайырманы орындайды.</p> <p>«Мен – Отанымның ұланымын!» Мақсаты: Балалардың музыкалық есту қабілетін, ырғақ сезімін, топпен жұмыс істеу және патриоттық сезімдерін дамыту.</p> <p>Ойын барысы: Балалар шеңбер жасап тұрады. Ән ойнап тұрады немесе тәрбиеші белгілі бір ырғақты (мысалы: марш ырғағын) дауыстап береді. Музыка тоқтағанда тәрбиеші "Кім Отанын сүйеді?" деп сұрайды — бала бір қадам алға шығып: "Мен – Отанымның</p>	<p>өзгертіледі.</p> <ol style="list-style-type: none"> Балалар музыка темпіне қарай жылдам не баяу қозғалады. Жаттығу 2–3 минутқа созылады. <p>Тәрбиеші ескертуі: Балалар қимылды дәл, ырғақпен орындауы тиіс. Қимылдар музыка көңіл күйіне сәйкес болуы керек.</p> <p>«Дыбысқа жауап бер» (ырғақ қайталау ойыны) Мақсаты: Балалардың зейінін, есту арқылы ырғақты ажырату, есте сақтау және соған сәйкес қимыл жасау қабілетін дамыту.</p> <p>Орындау барысы:</p> <ol style="list-style-type: none"> Тәрбиеші қол шапалақпен, таяқшамен немесе асатаяқпен белгілі бір ырғақты соғады. Мысалы: <i>тың-тың, тың-тың-тың.</i> Балалар сол ырғақты қайталайды — қолмен, аяқпен немесе шапалақпен. Кейін тәрбиеші ырғақпен бірге қимыл қосады (мысалы: ырғақпен секіру немесе отыру). Балалар тыңдап, 	<p>– Әуенімен танысу (1 шумақ) – Қайталау арқылы жаттау – Топпен айту – Ер балалар – қыз балалар болып екі топпен айту</p>	
--	--	---	---	---	--

		ұланымын!" деп айтады және қолмен жүрек тұсын ұстайды. Ойын осылай барлық бала қатысқанша қайталанады.	дәл қайталауы керек. 5. Қателеспеген балаға "Құлағы қырағы бала" деген мадақ айтылады. Бұл жаттығу балалардың есту, есте сақтау, ырғақты сезіну және кимылмен бейімделу дағдыларын дамытады.		
Серуенге дайындық	Үнемді тұтыну Ақшаны үнемдеу туралы әңгімелесу	Үнемді тұтыну Киімді ұқыпты киіну.Киімдерге ұқыпты қарауға оларды ата-аналарының еңбекпен тапқан ақшасына келгені туралы ұғындыру	Үнемді тұтыну Ақшаны үнемдеу туралы әңгімелесу	Үнемді тұтыну Киімді ұқыпты киіну.Киімдерге ұқыпты қарауға оларды ата-аналарының еңбекпен тапқан ақшасына келгені туралы ұғындыру	Үнемді тұтыну Ақшаны үнемдеу туралы әңгімелесу
Серуен	№ 41 серуен картотекасы. Бақылау: Құмды бақылау. Құмның қасиетін әңгімелеу: сусымалы, түсі қоңыр т.с.с. Құмнан не жасауға болады? Сулы құммен құрғақ құмның қандай айырмашылығы бар? Мақсаты: Заттың	№ 42 серуен картотекасы. Бақылау: құмырсқаның илеуін бақылау. Мақсаты: Балаларға жәндіктер туралы түсінік беріп, құмырсқаның еңбегі туралы айтып, бақылау. Еңбек: Құмырсқаға нан қиқымын беру. Жеке жұмыс: 2 балаға «Кім	№ 43 серуен картотекасы. Бақылау: Жазғы жаңбырлы күнді бақылау. Тақпақ оқу. «Жау жаңбыр» (Ж. Смақов) Жау – жау жаңбыр, жау жаңбыр Жауған жаңбыр, жауған нұр, Жердің шаңы басылсын Гүлдің қауызы ашылсын, Еккен егін көктесін, Бізге нанды көп	№ 44 серуен картотекасы. Бақылау: Желдің бағытын анықтау. Бүгінгі жел қандай, ыстықпа, салқынба? Желдің бағытын немен анықтауға болады? Ыстық желдің қандай пайдасы мен зияны	№45 серуен картотекасы. Бақылау:Гүлдерді бақылау. Тақпақ оқу. «Жаз» (Б.Жақып) Түрлі – түсті әйбат Гүлдер шықты жайнап Қызыл – жасыл аймақ, Қырға шықты ойнап. Гүлдердің құрылысы неден тұрады? Біздің гүлзарда қандай гүлдердің түрі өсіп тұр? Гүлдер жақсы өсу үшін не қажет? Мақсат. Жаз

	<p>қасиетін анықтап, сипаттай білулерін жетілдіру. Қимылды ойын: «Ескерткіш», «Бал ара мен гүлдер»</p> <p>Мақсаты: Жылдамдыққа, бірлесіп ойнауға үйрету, ептілікке баулу. Еңбек: Сулы құмнан бейнелер жасау. Мақсаты: Бірлесе еңбек етуге баулу, өз еңбектерін бағалай білу. Жеке жұмыс: Такпақ жаттату. Кел балалар келіндер Тамашаны көріндер Бізде қызық ойын бар Бәрің кәне тыңдап қал. Мақсаты: Сөз мағынасын түсініп, жаттап алу қабілеттерін дамыту. Дербес ойындар: Ойын құралдарымен. Мақсаты: Бір – бірімен, тату ойнауға баулу.</p>	<p>күшті» ертегісін айтқызу. Мақал – мәтел: «Еңбек түбі – зейнет»</p> <p>Қимылды ойын: «Тез өтіп жет», Мақсаты: Ептілікке баулу, арақашықтықты сақтау. «Балапандар» Мақсаты: Шашыраған балапандарды жинау</p>	<p>берсін! Жаңбыр неден құралған? Жабырдың қандай пайдасы бар екен? Жаңбырдан кейін ауа қалай өзгерді? Мақсаты: Жазғы жаңбырдың жаууын бақылау. Қимылды ойын: «Үшінші артық», «Мені қуып жет» Мақсаты: Тапқырлыққа, жылдамдыққа, ептілікке баулу. Еңбек: Аула тазалаушы апайға көмектесу. Мақсаты: Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Үлкендерге көмектесуге үйрету. Жеке жұмыс: Мақал – мәтелдерді жаттату. Мақсаты: Ата – бабамыздан қалған тыйым сөздерді білуге, жақсы сөйлеуге орнымен сөйлеуге тәрбиелеу. Дербес ойын: Құммен ойын. Мақсаты: Бір – бірімен келісіп ойнауға баулу</p>	<p>бар? Мақсаты: Жаз мезгілінің ерекшелігін әңгімелей білу, үш айының ішінде болатын, желдің бағытын, қаситін анықтау. Қимылды ойын: «Лақтыр да қағып ал», «Құстар қанат қағады». Мақсаты: Жылдамдыққа, бірлесіп ойнауға үйрету. Еңбек: Кіші топ балаларының алаңын жинастыру. Мақсаты: Кішілерге қамқор болуға, көмектесіп жүруге баулу. Жеке-жұмыс: «Кесте тігу», «Түйе мен боталар» Мақсаты: Дене қимылдарын жетілдіру, ойын шартын сақтай білуге дағдыландыру. Дербес ойындар: Доппен ойын Мақсаты: Бір-бірімен келісіп, тату ойнауға баулу..</p>	<p>мезгілінің ерекшелігін сипаттау, гүлдерге қамқор болуға үйрету. Қимылды ойын: «Қайда болғанымызды көрсетеміз» , «Мергендер» Мақсаты: Жылдамдыққа, бірлесіп ойнауға үйрету, ептілікке үйрету. Жеке жұмыс: гүлдерге су құю. Мақсаты: Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, бір – біріне көмектесуге үйрету. Жеке жұмыс: Санамақ жаттау. Ал, санайық, санайық Саусақтарға қарайық Кәне, кәне, санайық Санын біліп алайық Біреу, 2,3,4, бесеу Қолымда сонда саусағым нешеу? Дербес ойын: Доппен ойнау Мақсаты: Ұйымшылдыққа баулу.</p>
Серуеннен оралу	<p>Серуеннен алған әсерімен бөлісу.</p>	<p>Ретімен шешіну. Отбасы туралы мақалдарды жаттау</p>	<p>Серуен туралы эмоционалды жауап (Не көбірек есте қалды?)</p>	<p>Киім заттары туралы жұмбақтарды шешу.</p>	<p><i>"Төтенше жағдайдағы қоңырау скриптері" қауіпсіздік сабақтары Балаларды төтенше жағдайлар қызметіне дұрыс және тиімді қоңырау шалуға, жедел әрекет ету үшін қажетті ақпаратты беруге үйрету.</i></p>

Балалармен жеке жұмыс	Айсана құрастыруға деген қызығушылығын арттыру.	Адина дыбыстауды қалыптастыруға жұмыс жасау.	Самира сөздерді дұрыс айтуды дағдыландыру	Айлин түстерді бір – бірінен ажыратауды бекіту	Мансұр жыл мезгілі туралы білімін жетілдіру
ЕББҚ	Ерасыл мен Мединамен көктем суретін бояу. (Арнайы түзету іс әрекеті****)	Ерасыл мен Мединамен сергіту сәтінің құимылдарын жасау. (Арнайы түзету іс әрекеті****)	Ерасыл мен Мединамен жекелеген сөздерді қайталау.. Суреттер бояу. (Арнайы түзету іс әрекеті****)	Ерасыл мен Мединамен дауысты дыбыстарды әндетіп айтуға үйрету. (Арнайы түзету іс әрекеті****)	Ерасыл мен Мединамен суреттер бояу. (Арнайы түзету іс әрекеті****)
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)*	..«Орамал тастамақ». Балалар шеңбер жасап тұрады. Бастаушы(тәрбиеші) балаларды айнала жүріп бір баланың артына орамал тастап кетеді. Артына орамалды тастағанын сезген бала менің артымда деп жауап береді. Артына орамалдың тасталғанын сезбесе ол өлең, тақпақ айтып немесе билеп беруі керек. Балалар шеңбер бойында көздерін жұмып тұруы керек. Ойын осылай жалғаса береді(дене тәрбиесі**)	Түйілген орамал. Тәрбиеші ойынды өзі бастайды. Ең алдымен балаларды айналасына жинап алады да «1, 2, 3» – деп дауыстайды. Осы кезде балалар жан – жаққа бытырай қашады. Ал тәрбиеші қолында түйілген орамалы бар баланы қуалайды. Ол орамалды басқа біреуге лақтырады қағып алған бала қаша жөнеледі. Осылайша ойын жүргізіледі, түйулі орамалды алғанша қуалай береді. Ұсталған ойыншы көпшілік ұйғарымымен ортада тұрып өнер көрсетеді.. Одан кейін ойын жүргізуші ауыстырылады. ойын ойнап болған соң балалар шеңбер жасап	Сақина жасыру. Тәрбиеші сақина жасырушы баланы белгіленеді. Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінің үстіне алақандарын жаяды. Бастаушы жабулы қолын әрбір ойыншының алақанына салысымен, ол бала алақанын жаба қояды.Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен-«Сақина кімде»- деп сұрайды. Ол сақинаның кімде екенін білсе сол баламен орнын ауыстырады. Ал білмесе ол өз өнерін көрсетеді. Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді. (дене тәрбиесі**)	Қуыр-куыр қуырмаш. Оң қолдың бес саусағын бір жерге түйістіреді де, сол қолымен оны бүрмелеп қапсыра ұстайды.Содан соң екінші балаға: ортаңғы саусағымды тапшы, – дейді.Екінші балаға қарап байқап отырады да, міне, - деп бір саусақтың басынан шымшып ұстап тұрады.Егер екінші бала жасырушының ортаңғы саусағын дәл тапса, ұпайды бірінші бала тартады. Ұтқан бала ұпай алу үшін мына ережелермен сөздерді жақсы білуі керек.	Соқыр теке. Балалар дөңгелене тұрады. Бір баланың көзі байланып қойылады. Балалар: Бота, бұзау, қозы, лақ. Қайда кеткен құлыншақ. Соқыртеке бақ-бақ. Мені ізден тап-тап Деп тақпақтайды. Содан кейін Соқыртеке (баланың көзі байлаулы) балаларды қуалайды немесе балалар оның жанына келіп түртіп қашады. Соқыр теке ұстап алған баланың көзі байланады да ол «Соқыр теке» ролін атқарады. Ойын осылай жалғаса береді. (дене тәрбиесі**)

		тұралы. (дене тәрбиесі**)		Бас бармақтан бастап шынаққа дейін саусақтардың атын бір түгел атап береді: басбармақ, балан үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкентай бөбек.Бес саусағын түгел жұмады.Тағы да бас бармағыннан бастап, былай деп 5 саусақты түгел жазады. (дене тәрбиесі**)	
Балалардың үйге қайтуы	Өнегелі 15 минут «Білімім отаныма»ертеңгілігін е өлеңдерін ,әндерін жаттап,мәнерлеп оқу бойынша жұмыстарды түсіндіру	Өнегелі 15 минут «Білімім отаныма»ертеңгілігіне өлеңдерін ,әндерін жаттап,мәнерлеп оқу бойынша жұмыстарды түсіндіру	Өнегелі 15 минут «Білімім отаныма»ертеңгілігіне өлеңдерін ,әндерін жаттап,мәнерлеп оқу бойынша жұмыстарды түсіндіру	Өнегелі 15 минут «Білімім отаныма»ертеңгілігіне өлеңдерін ,әндерін жаттап,мәнерлеп оқу бойынша жұмыстарды түсіндіру	Өнегелі 15 минут «Білімім отаныма»ертеңгілігіне өлеңдерін ,әндерін жаттап,мәнерлеп оқу бойынша жұмыстарды түсіндіру

Менің досымдарым оқу ісі жөніндегі орныбасары: А.Т. Н. Емисова

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Мектепалды сынып: 0 «А»

Білім беру ұйымының атауы: «Кәкімбек Салықов атындағы орта мектеп»КММ

Балалардың жасы : 5 жас

Қандай кезеңге жасалды :19.05-23.05 2024-2025жыл

Құндылық - Жасампаздық және жаңашылдық Жасампаз халық болуымыз қажет.» (Қ.К.Тоқаев)

Күн тәртібі	Дүйсенбі 19.05.2025	Сейсенбі 20.05.2025	Сәрсенбі 21.05.2025	Бейсенбі 22.05 2025	Жұма 23.05.2025
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу Күй күмбірі: «Әлқиса» (музыка****)	Балаларды көтеріңкі көңіл күймен,денсаулығын тексеріп қарсы алу Күй күмбірі: ««Әлқиса» (музыка****)	Баланы алақан соғу арқылы қарсы алу Күй күмбірі: ««Әлқиса» (музыка****)	Балақай сені бүгін көңілді күн күтіп тұр деп топқа кіргізу Күй күмбірі: «Әлқиса» (музыка****)	Қызыл жүрекшемен қарсы алу Күй күмбірі: «Әлқиса» (музыка****)
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу.	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау	Баланың ойыншықтарға қызығушылығы жайлы сұрау	Мектептен кейін баланың өзін-өзі қалай ұстайтыны жайлы әңгімелесу	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және	Табиғат бұрышындағы еңбек. Тәрбиешіге гүлдерді суаруға көмектеседі. Мақсаты: табиғат бұрышында еңбек етуге қызығушылықтарын ояту. Экологиялық тәрбие	«Шар және цилиндр». Мақсаты: Геометриялық денелерді танып, атап үйренеді. « Қандай пішін жетіспейді?» Математика негіздері	Әңгіме: « Менің тобым» Д/о: «Жаман-жақсы» Мақсаты: сөздерді салыстыру арқыллы әңгіме құра алады. Қоршаған әлеммен танысу	Балалармен жыл мезгілі, туралы әңгімелесу. Дидактикалық ойын: «Жылдың қай мезгілі екенін тап». Ойын мақсаты: жыл мезгілінің ерекшеліктері мен өзгерістерін айтады. (Қоршаған әлеммен танысу,экологиялық тәрбие	Ойынның ең танымал түрі. Ойыншылар белгілі бір қашықтықтан кезекпен асық атады. Асық түскен жағына қарай ұпай беріледі: асық "алшы" түссе, ең жоғары ұпай беріледі, ал "тәйке", "бүк", "шік" түскен жағдайда ұпай азаяды. Бір тұтас тәрбие

					жалаушылар алдына.2.Б.қ.3. Жартлай отыру, жалаушылар алдына.4.Б.қ (5-6 рет(дене тәрбиесі**))
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӨ)	Гимн орындау (музыка****)	Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік! (қазақ тілі***)	Қуан, шаттан, алақай! Қуанатын күн келді. Күліп шықты күн бүгін Қайырлы таң! Қайырлы күн! (қазақ тілі***)	«Мен шыншыл баламын» Арым таза, ақ көңіл, Адалдыққа сенемін. Абыройлы ақ ниет, Адамдыққа сенемін! (қазақ тілі***)	Біздің топта ұл-қыздар, Тату-тәтті ойнаймыз. Айналаға, бар адамға Тек мейірім сыйлаймыз(қазақ тілі***)
Кестеге сәйкес ҰІӨ*	<u>Сөйлеуді дамыту</u> Әдептілік- әдемілік Мақсаты: Балаларға әдептілік туралы түсінік беру, сыпайы сөздерді күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету, байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту. Міндеті: Өзге балалардың әңгімесінің маңыздылығына әсер етіп, бір-бірінен жаңалықтыбілугеықыла сынарттыру Ойын: «Сыпайы сөзді тап!» Мақсаты: Сыпайы сөздерді қолдана білуге үйрету. Өту барысы: Балаларға сөз карточкалары беріледі. Тәрбиеші бір жағдайды айтады, балалар соған лайық сыпайы сөзді көтереді.	<u>Сауат ашу негіздері</u> Біз нені үйрендік, нені білдік? Мақсаты: Балалардың графикалық дағдыларын бекіту, әртүрлі сызықтар мен пішіндерді үлгі бойынша және өз бетінше дұрыс салып үйрену, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Міндеті: - - Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өзбетінше жазуға мүмкіндік беру. 1. Үлгі бойынша жұмыс: Балалар жұмыс парағында берілген сызықтарды сызады: • Тігінен	<u>Математика негіздері</u> Өлшеймін және салыстырамын Мақсаты: Балаларға заттарды шартты өлшем бірліктері арқылы өлшеу дағдысын қалыптастыру және өлшемдер бойынша салыстыруды үйрету (ұзын-қысқа, кең-тар, биік-аласа). Міндеті: Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру 1. Шартты өлшеммен таныстыру: – Тәрбиеші балаларға қарындашты көрсетіп: – «Мына қарындаш – біздің өлшеу құралымыз болады» дейді. 2. Заттарды өлшеу (тәжірибелік жұмыс): Балалар топтарға бөлініп, түрлі заттардың ұзындығын	<u>Сөйлеуді дамыту</u> Әсем қала Астана Мақсаты: Балалардың Астана қаласы туралы түсініктерін кеңейту, байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту, өз ойын толық әрі жүйелі жеткізуге үйрету. Міндеті Өзге балалардың әңгімесінің маңыздылығына әсер етіп, бір-бірінен жаңалықты білуге ықыласын арттыру □ 1-ойын: "Суретті тап – орнын айт!" Мақсаты: Балалардың Астана туралы білімдерін нақтылау, сөздік қорын	<u>Қоршаған әлеммен таныстыру</u> Үйдегі жәнебалабақшадағық ауіпсіздік Мақсаты: Балаларға үйдегі және балабақшадағы қауіпсіздік ережелерін түсіндіру, ережелерді сақтамаудың салдарын балалармен талқылау. Міндеті: Егер белгілі бір ережелер сақталмаған жағдайда неболатынынбалалар менталқылау Ойын 1: "Қауіпсіздікті сақтаймыз" Қажетті құралдар: Қағаз және түрлі-түсті қаламдар Қауіпсіздік

	<p>Мысал: Тәрбиеші: «Сен біреуден көмек сұрайсың». Бала: «Өтінемін» сөзін көтеріп, айтады. 3. Ойын: «Жақсы – жаман қылық» Мақсаты: Әдептілік пен әдепсіздікті ажыратуға үйрету. Өту барысы: Тәрбиеші әртүрлі қылықтар айтып отырады. Егер қылық әдепті болса – балалар қол шапалақтайды, әдепсіз болса – қолдарын айқастырып «жок» деп айтады. Қазақ тілі Мен ұқыпты баламын Мақсаты: Міндеті: Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға, берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу. Тақпақ жаттау Математика негіздері Бүтін және бөлік Мақсаты: Балалардың сөздік қорын байыту, ұқыптылық туралы түсініктерін қалыптастыру, сөздерді</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Көлденең • Қысқа • Ұзын • Толқынды • Ирек сызықтар • Нүктелер • Тамшы тәрізді пішіндер <p>Нұсқау: Сызықтар арасындағы арақашықтықты сақтау, асықпай, ұқыпты орындау. 2. Өзіндік жұмыс: Бірнеше сызықты тәрбиеші үлгісіз өз бетімен салуға тапсырма береді. Мысалы: «Өз бетіңше екі толқынды және екі ирек сызық салып көр».</p> <p>Қоршаған әлеммен таныстыру Ержүрек мамандық иелері Мақсаты: Балаларға ержүрек мамандық иелері (дәрігер, өрт сөндіруші, полиция қызметкері, әскери қызметкер және т.б.) туралы түсінік беру, олардың қоғамдағы маңызын ұғындыру, үлкендер еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Міндеті: Ата-ана еңбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау. Еңбекардагерлерін, қарттарды құрметтеу, үлкендісіне йлау, олардың еңбегін бағалау</p>	<p>өлшейді. Мысалы:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Үстелдің ұзындығы = 5 қарындаш • Кітаптың ені = 2 қарындаш • Қораптың биіктігі = 3 қарындаш <p>Әр топ өз нәтижесін айтып береді. 3. Салыстыру: – Қай зат ұзын? – Қайсысы қысқа? – Қайсысы биік, аласа? – Қай кітап кең, қайсысы тар? Балалар сөйлемдер құрайды: – «Кітап дәптерден ұзын.» – «Қорап шыныаяқтан аласа.» – «Үстел орындықтан биік.»</p> <p>Сауат ашу негіздері Біз нені үйрендік? Мақсаты: Балалардың графикалық дағдыларын бекіту, әртүрлі сызықтар мен пішіндерді (тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек, нүкте, тамшы) жазу арқылы жазуға дайындық қабілетін қалыптастыру.. Міндеті: - Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өзбетінше жазуға</p>	<p>байыту, сөйлеу мәдениетін дамыту. Қажетті құралдар: Астана қаласындағы белгілі ғимараттар мен орындардың суреттері (Бәйтерек, Хан Шатыр, Ақорда, т.б.). Ойын барысы: Балалар екі топқа бөлінеді. Тәрбиеші бір ғимараттың суретін көрсетіп, атауын жасырады. Бір бала алға шығып, суретте не бейнеленгенін сипаттайды (мысалы: "Бұл биік, әдемі мұнара. Оның төбесі дөңгелек. Ол Астанада орналасқан."). Қалған балалар қай ғимарат екенін табуы керек. Тапқан бала сол ғимарат туралы өзі білетін мәліметті айтып береді. □ 2-ойын: "Мен Астанадамын!" (Рөлдік ойын) Мақсаты: Сөйлеу арқылы елестету, шығармашылық қабілетін және диалог құру дағдысын дамыту. Ойын барысы: Балалар шеңберде отырып, кезекпен ойынды жалғастырады. Бір бала: "Мен</p>	<p>тақырыбындағы суреттер (мысалы, сіріңке, өткір заттар, сөндірілмеген жарық және т.б.) Ойынның барысы: Тәрбиеші балаларға үйдегі және балабақшадағы қауіпсіздік ережелерін түсіндіріп береді. Балалармен бірге әртүрлі қауіпсіздік мәселелерін талқылайды: «Өрт шыққан кезде не істеу керек?», «Үйде сіріңкелерді қалай сақтау керек?» және т.б. Балалар суреттерді қарап, егер қауіпсіздік ережелері сақталмаса, не болатынын айтып береді. Әр баладан қауіпсіздікті сақтаудың бір жолын жазып, оны суретпен көрсетуді сұрайды. Ойын 2: "Қауіпті жағдайларды болдырмау" Қажетті құралдар: Қағаз, маркер және магнитті тақта Карталар (бір жағында қауіпті жағдайлар, екінші</p>
--	---	--	---	--	--

	<p>(зат есім, сын есім, сан есім) дұрыс қолдануға үйрету.</p> <p>Міндеті: Тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыру южетті суретпен жұмыс: Тәрбиеші бірнеше сюжетті сурет көрсетеді (мысалы: бөлмесін жинап жатқан бала, пашылған ойыншықтар, таза үстел үсті).</p> <p>Тапсырма:</p> <p>– Суретке қарап сөйлем құра:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Бұл не? (Зат есім) • Қандай? (Сын есім) • Нешеу? (Сан есім) <p>Мысал:</p> <p>– Бұл – ойыншық.</p> <p>– Бұл – таза үстел.</p> <p>– Сөреде үш қуыршақ тұр.</p> <hr/> <p>3. Мәтін құрастыру тапсырмасы:</p> <p>Тәрбиеші мәтіннің басын айтып, балаларға жалғастыруды ұсынады. Басы: «Бүгін Айдос ерте оянды. Ол...»</p> <p>Соңы: Балалар өз ойларымен аяқтайды. (Мысалы: «...Ол төсегін</p>	<p>1. Көрнекілікпен таныстыру: Суреттер немесе слайдтар арқылы таныстыру: Өрт сөндіруші</p> <p>Дәрігер Полиция қызметкері Әскери адам Құтқарушы Әр маман туралы қысқаша түсінік беріледі.</p> <p>Мысал:</p> <p>– Өрт сөндіруші – өрт кезінде адамдарды құтқаратын батыр.</p> <p>– Дәрігер – ауырып қалған адамдарға көмек көрсетеді.</p> <p>– Полиция – қоғамда тәртіпті сақтайды.</p> <p>2. Әңгімелесу:</p> <p>– Қарт адамдардың еңбегі қандай болды деп ойлайсындар?</p> <p>– Сен ата-әжеңе қандай көмек көрсетесің?</p> <p>– Еңбек ардагерлері туралы не білесің?</p> <p>3. Сергіту сәті (қимылды):</p> <p>Мен – дәрігер, емдеймін, Қолға инемді мен алдым. Мен – өрт сөндіргіш, батырмын, Су шашамын, қорғаймын!</p> <p>4. Тапсырма / Жұмыс: Тапсырма: Балаларға сурет салдыру немесе</p>	<p>мүмкіндік беру</p> <p>1. Үлгі бойынша сызықтарды жазу (жұмыс парағы):</p> <p>Балалар дәптер немесе жұмыс парағында мына сызықтарды сызады:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Тігінен және көлденең • Қысқа және ұзын • Толқынды және ирек • Нүктелер • Тамшы тәрізді пішіндер <p>Нұсқау:</p> <p>– «Сызықтар арасында бірдей арақашықтық болсын»</p> <p>– «Сызық шетке шықпасын»</p> <p>– «Әр сызықты асықпай, ұқыпты жүргіз»</p> <p>2. Өзіндік жұмыс:</p> <p>Балалар өз бетімен бұрын үйренген сызықтарды салып көреді.</p> <p>Мысалы:</p> <p>– «Бетіңнің төменгі жағына 2 толқынды, 2 ирек сызық сыз»</p> <p>– «Ортасына нүктелерден тізбек жаса»</p> <p>– «Тамшы пішінін сал»</p> <p>Көркем әдебиет</p> <p>Ақ көжектің достары</p> <p>Мақсаты: Балалардың тілдің көркемдігін сезінуін қалыптастыру, эпитеттер, сипаттамалар және образды сөздерді түсіндіріп, шығарманың кейіпкерлерінің іс-әрекетін</p>	<p>Астанадамын. Мен Бәйтеректі көрдім." – дейді.</p> <p>Келесі бала жалғастырады: "Мен де Астанадамын. Мен Хан Шатырға бардым."</p> <p>Әр бала өз барған орнын айтып, сол жердің неге ұнайтынын сипаттайды:</p> <p>– "Ол жерде әткеншек бар.",</p> <p>– "Онда жарық, әдемі, биік ғимарат бар.",</p> <p>– "Мен суретке түстім."</p> <p>Математика негіздері</p> <p>Өлшеймін және салыстырамын</p> <p>Мақсаты: Балаларды шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеуге, салыстыруға үйрету.</p> <p>Міндеті: Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру</p> <p>◆ 1. Топпен жұмыс: "Қанша өлшемге тең?"</p> <p>Құралдар: Таяқшалар (шартты өлшем), әртүрлі ұзындықтағы жолақтар, кубиктер, ойыншықтар.</p> <p>Тапсырма:</p> <p>– Балаларға әртүрлі ұзындықтағы заттар</p>	<p>жағында қауіпсіздік ережелері жазылған) Ойынның барысы: Тәрбиеші балаларға қауіпті жағдайлар мен қауіпсіздік ережелері жазылған карталарды береді. Балалар карталарды сәйкестендіріп, қауіпті жағдайларды және оларды болдырмаудың жолдарын талқылайды. Әр дұрыс жауап үшін балаға ұпай беріп, соңында жеңімпаздарды анықтайды.</p> <p>Сауат ашу негіздері</p> <p>Сөйлемдегі сөздердің санын, ретін анықта</p> <p>Мақсаты. Сөйлемді ауызша талдай отырып, жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін және санын анықтау.</p> <p>Міндеті -</p> <p>Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру</p> <p>1. Ойын:</p>
--	---	---	--	--	---

	<p>жинады, ойыншықтарын сөреге қойды. Ол – ұқыпты бала!»)</p> <p>Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар</p> <p>Мақсаты: Балалардың дене қимылын үйлестіру, қимыл белсенділігін арттыру, қол және иық белдеуі бұлшық еттерін дамыту.</p> <p>Міндеті: Жалпы дамытушы жаттығулар. Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; Бастапқы қалып: Тік тұру, аяқ иық көлемінде, қол белде. Жаттығу: Баспен айналма қозғалыстар (оңға, солға). Мақсаты: Мойын бұлшықеттерін дамыту. Қол және иық белдеуі жаттығулары: Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу – 6 рет Қолды жоғары көтеріп, төмен түсіру Қолмен айналма қозғалыс жасау (алдымен алға, кейін артқа) Торс жаттығулары: Оңға-солға иілу</p>	<p>қиылған сурет бөлшектерінен ержүрек маман бейнесін құрастырту. Мысалы: «Сен өрт сөндірушіні қалай елестетесің?» – деп сұрап, сол маманның суретін салғызу.</p> <p>Көркем әдебиет Киіз үй Мақсаты: Балаларды қазақ халқының ұлттық мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру, «киіз үй» ұғымы туралы түсінік беру арқылы байланыстырып сөйлеу дағдыларын, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін дамыту.</p> <p>1. Көркем шығармамен таныстыру: Мысалы, поэзиялық мәтін немесе шағын өлең (авторлық немесе халық шығармасы): <i>Киіз үй – кең, киелі, Бабалардан мирас үй. Шаңырақ пен уықты, Берік ұстап, құрас үй.</i> Тәрбиеші мәнерлеп оқиды, кейін балалармен бірге қайталайды. 2. Киіз үйдің құрылымымен таныстыру: Көрнекілік: Киіз үйдің суреті немесе макеті арқылы</p>	<p>бағалауға үйрету. Міндеті: тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау</p> <p>1. Әңгіме оқылуы: Тәрбиеші "Ақ көжектің достары" шығармасын мәнерлеп оқып береді. Әр бөлімді оқыған соң, балаларға сұрақтар қойып, олардың түсінгенін тексереді.</p> <p>Мысалы: – Ақ көжек не істеп жатыр? – Ақ көжектің достары қандай? – Ақ көжектің қандай мінездері бар? – Әңгімеде қандай көркем сөздер мен эпитеттер кездеседі?</p> <p>Эпитеттер мен сипаттамалар: – Ақ көжек – қандай? (Мысалы, "жұмсақ, ақ", "жақсы", "қайырымды") – Достары қандай? (Мысалы, "құстар" – "бұлдырық", "жылқы" – "жарық денелі", т.б.) Балалар шығарманың мазмұны мен кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалап, жауап береді.</p> <p>2. Көркем сөздермен жұмыс: Тәрбиеші түсіндіреді: – Эпитеттер – бұл затты</p>	<p>беріледі. – Әр бала берілген таяқшамен заттың ұзындығын (немесе енін, биіктігін) өлшеп, "Бұл 4 таяқшаға тең" деп айтады. Тәрбиеші көмектеседі: – «Ұзын, қысқа дегеніміз не? Қайсысы биік? Қайсысы кеңірек?»</p> <p>◆ 2. Дидактикалық ойын: "Өлше де орналастыр" Мақсаты: Заттарды ұзындығына/биіктігіне қарай ретімен орналастыру. Барысы: – Балалар бірнеше жолақты (немесе түрлі түсті таяқшаларды) ұзындығына қарай қысқадан ұзынға дейін немесе биіктен аласаға дейін орналастырады. – Әр бала: «Бұл – ең қысқа», «Мынау одан ұзын», «Ал мынау – бәрінен биік» деп сипаттайды.</p> <p>Қазақ тілі Жаз келді! Мақсаты: Балалардың жаз туралы білімдерін кеңейту, сурет бойынша оқиғаларды ойлап тауып, оларды дұрыс сипаттау дағдыларын дамыту.</p> <p>Міндеті - Берілген сурет бойынша оғандейінгі және о данкейінгі оқиғаны ойлапта бұғабаулу 1. Ойын: "Жазғы</p>	<p>"Сөйлемді бөлшектейік!" Қажетті құралдар: Тақтаға жазылған сөйлемдер Қағаз және маркерлер Ойынның барысы: Тәрбиеші тақтаға бірнеше қарапайым сөйлемдер жазады: Мысалы: «Мен кітап оқыдым.» «Күн жарқырап тұр.» «Бала ойнап жүр.» Балалар әр сөйлемді оқып, сөздерге бөледі: «Мен / кітап / оқыдым» «Күн / жарқырап / тұр» «Бала / ойнап / жүр» Балалар сөйлемдердің сөздер санын анықтап, олардың дұрыс ретін табады. 2. Ойын: "Сөйлем құра" Қажетті құралдар: Сөздер жазылған карточкалар Ойынның</p>
--	--	--	--	--	---

	<p>Алға еңкею, бастапқы қалыпқа оралу Аяқ бұлшықеттеріне жаттығу: Отыр-қайт жаттығуы (аяқты алшақ қойып, тізені бүгіп отыру, тұру) Бір орында секіру ІІІ. Қимылды ойын (5–7 минут): Ойын: «Кім жылдам?» Мақсаты: Шапшаңдық, зейінділік және қимыл үйлесімділігін дамыту. Өтуі: Балалар екі қатарға бөлінеді. Белгі бойынша әр бала межелі жерге жүгіріп барып, допты алып орнына әкеледі.</p>	<p>оның бөліктерін таныстыру:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Шаңырақ • Уық • Кереге • Туырлық • Киіз • Басқұр <p>Сөздік жұмыс: Жаңа сөздер мен олардың мағынасын түсіндіріледі. Балалардан осы сөздерді қолданып сөйлем құрату. 3. Сөйлеу дағдыларын дамыту тапсырмасы: Тапсырма: Киіз үй туралы өз ойын айтып беру. – Киіз үй қандай үй? – Оның ішіне не қойылады? – Қайда тігіледі? Жауап үлгісі: – Киіз үй – қазақтың ұлттық үйі. Ол киізден жасалады. Іші өте кең. Киіз үйдің төбесінде шаңырақ болады. Оны далада, жайлауда тігеді. 4. Шығармашылық жұмыс (қосымша): Тапсырма: Киіз үйдің суретін бояу немесе қарапайым элементтерін жапсыру (коллаж). Балалар өз жұмыстарын таныстырып, не салғанын айтып береді. Музыка Бақытты балалық әні: Ә.Бейсеуов Сөзі:Ә.Дүйсеков Мақсаты: Балалардың музыкалық есту, ырғақ, дауыс және вокалдық</p>	<p>немесе құбылысты сипаттайтын сөздер. Мысалы, "жұмсақ ақ көжек". – Сипаттама – кейіпкердің не нәрсенің сыртқы түрі мен ішкі сезімін сипаттайтын сөздер. Тапсырма: Балалар эпитеттер мен сипаттамалар қолдана отырып, әр кейіпкердің сипаттамасын жасап көреді. – Ақ көжектің мінезін сипаттаңдар. – Оның достарының бірін сипаттап беріңдер. Дене тәрбие Жалпы дамытушы жаттығулар Мақсаты: Балалардың дене жаттығуларын дұрыс орындау дағдысын қалыптастыру арқылы олардың дене бітімін жақсарту, қол мен иық белдеуін нығайту. Міндеті: Қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою. Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру. 1. Қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу (қадамдық жаттығу): Тәрбиеші балаларға қолдарын екі жаққа созып, оңға және солға кезек-кезек созуды көрсетеді.</p>	<p>өзгерістер" Мақсаты: Балалардың жаз туралы білімдерін кеңейту, сурет арқылы оқиғаны ойлап тауып, дұрыс сипаттау дағдыларын дамыту. Ойынның барысы: Тәрбиеші балаларға жаз туралы бірнеше сурет көрсетеді. Балалар әр сурет бойынша көргенін сипаттайды. Әр баладан бір оқиға сұралады: «Мына суретте не болып жатыр?» «Сен жазда осы көріністі көруге қалай барар едің?» «Жазда осы жағдайға ұқсас оқиға бола ма?» Тәрбиеші балаларға өздерінің жазда көрген немесе жасаған оқиғаларын сұрап, сол оқиғаны сурет бойынша сипаттауды ұсынады. Мысалы: Егер суретте бала гүл жинап жүрсе: – «Жазда мен ағаммен гүл жинауға бардым. Біз керемет гүлдер тауып, оны анама сыйладық!» Балалар өз ойларын айтып, бір-біріне жаз туралы әңгімелерін айтады. Әр бала өз оқиғасын бөлісіп, тілді дұрыс қолдануға үйренеді. 2. Ойын: "Жазғы әңгіме</p>	<p>барысы: Тәрбиеші балаларға карточкалар таратады, әр карточкада бір сөз жазылған. Әр бала өзіне тиесілі сөздерді алып, дұрыс сөйлем құрастырады. Мысалы: Сөздер: "бала", "қар", "ойнады". Сөйлем: «Бала қармен ойнады». Балалар құрастырған сөйлемдерін дауыстап айтады. Тәрбиеші дұрыс ретін тексереді. 3. Қорытынды сұрақтар: «Сөйлемде қанша сөз бар?» «Қандай сөз бірінші тұру керек?» «Сөйлемдерді қалай талдаймыз?» Шығармашылық іс-әрекет Сурет салу/Жәндіктер Міндеті: Жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру</p>
--	---	---	--	---	---

		<p>қабілеттерін дамыту арқылы «Бақытты балалық» әнін үйрету.</p> <p>Міндеті: Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру</p> <p>1. Әнмен таныстыру: Тәрбиеші әнді өзі немесе фортепианомен/аудио жазбамен орындайды.</p> <p>– Балалар әнді тыңдай отырып, мазмұнын талдайды:</p> <p>– Бұл ән не туралы?</p> <p>– Ән көңілді ме, мұңды ма?</p> <p>– Саған қай жолы ұнады?</p> <p>2. Ән мазмұнын түсіндіру: – «Бақытты балалық» – біздің шаттықты, достықты, бақытты сәттеріміз туралы ән.</p> <p>– Әнде балалық шақтың қуанышы, достық пен мейірімділік туралы айтылады.</p> <p>3. Әнді бөліп үйрету: – Әннің бірінші шумағын жеке-жеке жолдармен қайталау</p> <p>– Дұрыс дыбыстау мен тыныс алу жолдарын көрсету</p> <p>– Балалармен бірге қайталап айту</p> <p>– Қайырмасына көңіл бөлу – әсерлі айтуға үйрету</p>	<p>Балалар бұл жаттығуды орындатып, қолдарын жоғары көтеріп, төмен түсіруге болады.</p> <p>Нұсқаулық: – «Қолыңызды жоғары көтеріңіз! Жақсы, енді екі жаққа созыңыз, артқа қарай созып, алға қайтадан келіңіз.»</p> <p>2. Қолды желкеге қою: Балалар қолдарын желкелеріне қойып, жеңіл жаттығулар жасауға бастайды.</p> <p>Тәрбиеші қолды көтерілуін және қимылдарды дұрыс орындауын қадағалайды.</p> <p>Нұсқаулық: – «Қолдарыңды желкеге қойып, шеңбер жасап алға қарай бұрыңыз. Енді керісінше артқа қарай бұрыңыз.»</p> <p>3. Саусақтарды айқастырып, алға және жоғары көтеру: Балалар саусақтарын айқастырып, қолдарын жоғары және алға қарай көтеру жаттығуын орындайды.</p> <p>Бұл жаттығу қолдардың қозғалыс ауқымын арттырады.</p>	<p>құра"</p> <p>Мақсаты: Балалардың сөйлеу дағдыларын дамыту, жаз туралы өз ойларын толық сипаттауға дағдыландыру. Ойынның барысы: Балаларға жазға қатысты әртүрлі суреттерді немесе карталарды таратыңыз. Әр бала өзінің суретін немесе картасын алып, сол сурет бойынша қысқаша әңгіме құрайды. Мысалы: Егер суретте балалардың доп ойнап жүргені болса: «Мен жазда өз достарыммен доп ойнадым. Біз саябақта ойнадық, ағаштар көлеңке жасап тұрды.»</p> <p>Егер суретте гүлдер болса: «Жазда мен гүлдерді суарып, әсем бау-бақшада ойнадым. Әдемі гүлдер көп өсті.</p> <p>Музыка</p> <p>Бақытты балалық әні: Ә.Бейсеуов</p> <p>Сөзі:Ә.Дүйсеков</p> <p>Мақсаты: Балалардың вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру, ән айту барысында дауыстың таза шығуына көңіл бөлу, музыкалық шығармашылықты дамыту.</p> <p>Міндеті: Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру</p>	<p>арқылы шығару (гуашпен сурет салу кезінде).</p> <p>Жапсыру/ Жәндіктер Ойын: "Жәндіктер әлемі"</p> <p>Міндеті: Жәндіктерді суреттеу, олардың бөлшектерін дұрыс орналастыру, түстер мен пішіндер арқылы шығармашылық дағдыларын дамыту. Жәндіктердің бейнесі мен шаблондары</p> <p>Ойынның барысы: Кіріспе: Тәрбиеші балаларға жәндіктердің суреттері мен пішіндері туралы қысқаша түсіндіріп өтеді. Олар әртүрлі жәндіктердің дене құрылымын (қанаттары, аяқтары, денесі) танып біледі.</p> <p>Тапсырма: Балаларға жәндіктерді жапсыру тапсырмасы беріледі. Тәрбиеші әр балаға қажетті материалдарды береді: қағаз, қайшы, желім және жәндіктердің пішіндері бар шаблондарды.</p>
--	--	---	---	--	--

				<p>1. Әннің сөздері мен әуеніне шолу: Тәрбиеші балаларға әннің сөздері мен әуенін таныстырады. Әрбір жолды бірге айтады, дауыстарын бірге қосып, әннің әуеніне түсінік береді.</p> <p>2. Әнді бөліп үйрету: Әнді бөліп, әр бөлімді балаларға айта отырып, әуенмен бірге жаттау.</p> <p>1 бөлім: "Күлімдеген балалық, Өмірдің ең жақсы шағы!" Әр сөзді дұрыс айтуға көңіл бөлу. Әннің темпін және дауыс ырғағын бақылау.</p> <p>2 бөлім: "Қуанышқа толы күніміз, Көріп тұрған нәрселеріміз!" Балаларға әр сөздің мәнін түсіндіру, әуенмен үйлестіру.</p> <p>3. Әннің толық орындауы: Балалар әнді толық орындап, дауыспен жұмыс жасау, дауыстың сапасын арттыру үшін бірнеше рет қайталау.</p>	<p>Жұмыс барысы: Балалар өз қалаулары бойынша жәндіктерді құрастырады. Олар алдымен жәндіктердің негізгі бөліктерін (денесі, канаттары, аяғы) қиып алып, оларды дұрыс орналастыру арқылы жәндікті жасайды</p> <p>Міндеті: Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу</p> <p>Мүсіндеу/ Жәндіктер</p> <p>Міндеті. Ойдан өзбетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу. Мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнау.</p> <p>Құрастыру</p>
--	--	--	--	---	--

					<p>Жәндіктер</p> <p>Міндеті Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға, дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру</p> <p>Дене тәрбиесі</p> <p>Кеудеге арналған жаттығулар</p> <p>Мақсаты: Кеудеге арналған жаттығуларды орындау арқылы балалардың дене қабілеттерін, икемділігін және қозғалыс координациясын жақсарту.</p> <p>Міндеті: Кеудеге арналған жаттығулар. Допты жоғарыдан (алға және артқа) бір-біріне беру. Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылу</p> <p>1. Допты жоғарыдан беру (алға және артқа):</p> <p>Балалар екі топқа бөлінеді.</p> <p>Әр топта бір доп болады. Тәрбиеші балаларға допты жоғарыдан бір-біріне</p>
--	--	--	--	--	---

